

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы
Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»
Series of «Young scientists. Search. Problems. Investigations»
№2(6) 2015

Алматы, 2015

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер.
Зерттеулер» сериясы
№2(6), 2015

Шығару жиілігі – жылына 2 рет.
2001 жылдан бастап шығады.

Бас редактор:

ЖИРЕНОВ С.А. филол.ғ.к., аға оқытушы

Бас редактордың орынбасары:

Сманова А. п.ғ.к., аға оқыт.

Редакциялық алқа мүшелері:

Қорғанбаева Ж.Қ. х.ғ.к., аға оқытушы,

Ибрагимов А.И. п.ғ.к., аға оқытушы,

Ағабекова Б.Н. филол.ғ.к., аға оқыт.,

Тулбасиева С.Қ. т.ғ.к., аға оқыт.,

Байтурбаева А.Т. с.ғ.к., аға оқыт.,

Махмұтов Б. PhD доктор,

Ашимова Р.М. PhD доктор,

Темірбекова Л.Н. PhD доктор,

Шоқанова А.Ш. PhD доктор,

Исаков Б. PhD доктор (Қырғызстан),

Нұрланбекова А.Д. п.ғ.магистрі, аға оқыт.

Жауапты хатшы:

Бекболатова Қ.М. п.ғ.магистрі

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2015

Қазақстан Республикасының мәдениет және
ақпарат министрлігінде 2009
жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10108 – Ж

Басуға 26.11.2015. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 9 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 203.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК PROBLEMS OF SOCIAL SCIENCES

Амирбекова А.Б., Сахова Қ. Коннотация және оның түрлері....	4
Мағаз Ретбек Жастар поэзиясындағы жаңашылдық пен стилдік ерекшелік.....	8
Қызыр Әсет Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш» романындағы образдар жүйесі.....	12
Муканова Н.Е. Еңбек нарығындағы жастар жұмыссыздығының негізгі себептерін талдау.....	15
Исанова А.С. Стратегическое управление деятельностью предприятия пищевой промышленности в Республике Казахстан	20
Торе Г. Рассмотрение текстов СМИ в качестве учебных материалов.....	25
Масакова Э. Языковые выражения похвалы.....	27
Абитова Ж.С. Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» шығармасындағы «Бұғы-Ана» концептісінің көрінісі.....	29
Құлабаева Р.Т. Түрік әдеби тілінің қалыптасуы.....	32
Мамадиярова Н. Бак тіліндегі уәжісіз қолданыстар.....	35
Дәуітәлі Г. ХХІ ғасырдағы қазақ романдары.....	38
Усербаева М. Кескіндеме өнерінің қазіргі ұлттық мәдениетімізге ықпалы.....	42
Кадырова А. ҚР-ның мұнай-газ секторының даму қарқыны.....	45

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Баймұратова Ә.Ж. Жер-су атауларын тілдесім әрекеті арқылы оқыту.....	48
Дәрібаева Т.С. Жоғары оқу орындарында фразеологизмдерді оқыту.....	51
Елшібаева Қ.З. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру жолдары.....	54
.....	57
Мошколова П.Н. Peculiarities of teaching english at primary school.....	60
Мошколова А.Н. The importance of using project work in teaching English at school.....	63
Құрманжолқы. Teaching English through using games.....	

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ӨСКІН МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ YOUTH IN SCIENCE

Кайров Б. Тілдік тұлғаның қалыптасуындағы билингвизмнің рөлі.....	66
Біздің авторлар. Наши авторы. Our authors.....	69
Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясының ғылыми мақалаларды қабылдау ережесі.....	70
Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые».....	71

педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы
**Казахский национальный
педагогический университет имени Абая**

ВЕСТНИК
**Серия «Молодой ученый. Поиски.
Проблемы. Исследования»**
№2(6), 2015

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 2 номера в год

Главный редактор:
ЖИРЕНОВ С.А. *д.филол.н., ст. преп.*

Зам. главного редактора:
Сманова А. *д.п.н., ст. преп.*

Члены редколлегии:
Корганбаева Ж.К. *к.х.н., ст. преп.,*
Ибрагимов А.И. *к.п.н., ст. преп.,*
Агабекова Б.Н. *к.филол.н., ст. преп.,*
Тулбасиева С.К. *к.и.н., ст. преп.,*
Байтурбаева А.Т. *к.п.н., ст. преп.,*
Махмұтов Б. *PhD доктор,*
Ашимова Р.М. *PhD доктор,*
Темирбекова Л.Н. *PhD доктор,*
Шоканова А.Ш. *PhD доктор,*
Исаков Б. *доктор PhD (Қырғызстан),*
Нурланбекова А.Д. *магистр п.н., ст. преп.*

Ответственный секретарь:
Бекболатова К.М. *магистр п.н.*

© **Казахский национальный
педагогический университет
им.Абая, 2015**

Зарегистрированов Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан 8 мая 2009 г.
N 10108– Ж

Подписано в печать 26.11.2015.
Формат 60х84 1/8.
Объем 9 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 203.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.
КазНПУ им.Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского
национального

педагогического университета имени Абая

**Kazakh National Pedagogical University
named after Abai**

**Scientific journal «Bulletin»
Series of «Young scientists. Search.
Problems. Investigations»
№2(6), 2015**

Periodicity – 2 issues per year.
Published since 2001

The chief editor:
Zhirenov S.A. *candidate of philological
sciences, senior teacher*

Deputy Chief Editor:
Smanova A. *candidate of pedagogical sciences,
senior teacher*

Editorial board:
Korganbaeva Zh.K. *cand. of ch.sc.,
senior teacher,*
Ibragimov A.I. *cand. of ped.sc.,
senior teacher,*
Agabekova B.N. *cand. of phil.sc.,
senior teacher,*
Tulbasieva S.K. *cand. of hist.sc.,
senior teacher,*
Baiturbaeva A.T. *cand. of philol.sc.,
senior teacher,*
Mahmutov B. *PhD,*
Ashimova R.M. *PhD,*
Temirbekova L.N. *PhD,*
Shokanova A.Sh. *PhD,*
Iskakov B. *PhD (Kyrgyzstan),*
Nurlanbekova A.D. *magister of ped.sc., senior
teacher*

Responsible secretary:
Bekbolatova K.M. *magister of ped.sc.*

© Kazakh National Pedagogical University
named after Abai, 2015
Registered in the Ministry of Culture and
Information of the RK, 8 May, 2009 №10108-Ж

Signed to print 26.11.2015
Format 60x84 ¹/₈. Volume 9 – publ.literature.
Edition 300 num. Order 203.

050010, 13 Dostyk ave.,
Almaty. KazNPU after Abai
Publisher "Ulagat" Kazakh National
Pedagogical University named after Abai

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК PROBLEMS OF SOCIAL SCIENCES

ӘОЖ: 81'23

КОННОТАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

А.Б. Амирбекова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, ф.ғ.к.,
Қ.Сахова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2-курс магистранты

Мақалада мәтін бойында бейнелі коннотациялардың қалыптасу мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ концептілік өрістен тарайтын концепт коннотациясының В.Телия мен Н.Стернин ұсынатын метафоралық талдау әдістері арқылы талқылануы анықталады. Мақалада мәдени коннотациялар семантико-сөзжасамдық деривация негізі ретінде немесе тұрақты теңеулердің бір компоненті ретінде айқындалады. Коннотация мәселелерінің ішінде ең кең тараған түрі - бұл прагматика мәселесі және коннотат құрамы мен құрылымы мәселелері. Бұл жағдайда лексикалық мағынаның бейнелі компоненттері мен экспрессивті-бағалауыш белгілері зерттеледі. Коннотацияға талдау жасау барысында біз коннотаттық мағынаны ашуға баса назар аударамыз. Ал қазіргі коннотацияны екі жақты түсіндіреді: кең мағынасында бұл - заттық-ұғымдық мәнін толықтыратын кез келген компонент болса, тар мағынасында лингвистикалық бірліктің мағыналық компоненті ретінде қарастырылады.

Тірек сөз: коннотация, этноконнотация, окказионал, прагматика, бейнелі сөздер, метафора

Коннотация ұғымы алғаш рет логика ғылымында пайда болған болатын. Кез келген заттың атауыштық мағынасын білдіретін денотаттан, оның сапалық мағынасын, сол тілді тұтынушылар танымындағы қосымша көмекші мағыналарды ажыратып көрсету үшін коннотацияның қызметі мен рөлі айрықша болды. Кейін келе-келе коннотация филологиялық білімдер аясында әмбебап терминге айналды. Бастапқыда лексикалық семантика ретінде қарастырылса, кейін стилистикалық бояу түрінде зерттелді, одан кейін интертекстуалдылық үдерістердегі бейнелілік пен мәнерлілік реңк үстеуші мағына күйінде талдана бастады, қазіргі таңда белгілі бір ұғымның концептуалдық құрылымын жасаушы компонент ретінде жіті қарастырылып келеді. Дегенмен, коннотацияға осылайша жан-жақты лингвистикалық зерттеулер жүргізілуінің нәтижесінде оның лексикалық мағынадан ажыратып көрсететін басты айырмашылығы анықталды. Ол – коннотациялардың бойынша прагматикалық қызмет атқару жүгі басымырақ болады. Яғни коннотаттық мағыналар атауыш мағына сияқты көпшіліктің санасына сіңген негізгі заттық белгіні емес, керісінше сол заттық белгінің қасиеті мен ерекшеліктерін, қызметі мен түр-түсін өздігінше таныған, қабылдаған халықтың түсінігінен туындайтын ақпараттық қабылдаулардан жасалған мағыналардан пайда болады екен.

Коннотация терминін логика ғылымының семиотика саласына тұңғыш рет дат лингвисті Л.Ельмслев енгізген болатын. Ғалымның танымында тек жеке сөздің бойында ғана коннотаттық мағыналар болады, сондықтан коннотация сөзтаңба бірлігі ретінде лексикологияның зерттеу нысаны болып табылады. Ал К.Бюлердің пайымдауынша кейбір тілдерде қосымшалардың (аффикс) өзі екінші мағына үстемелейтін қызметі болғандықтан, коннотаттық компоненттер лексикалық мағыналарда ғана емес, сондай-ақ грамматикалық мағыналардың бойында да болады деп дәлелдеуге тырысты. Дегенмен, бұл тұжырым әрі қарай зерттеу объектісінен көріне алмады. Коннотаттық мағыналардың жасалуына қарапайым мысал келтірейік. Мысалы, дауыл ұғымының денотаттық мағынасы - шаңдатып, борандатып, алай-түлей қып, қатты соғатын жел. Бірақ күнделікті қолданыста, поэзия тілінде «дауыл мінез», «ашуы дауылға ұласты», «өмірдің дауылы», «ойы - дауыл, сезімі - аспан», «дауылдай екпіндетті», «дауылдасып сөйлесті», «дауыл көңіл» деген қолданыстар табиғат құбылысы ретінде емес, адамның екпінді әрекеттері мен мінезіндегі ашушандық, қызуқандылықтан туындайтын ерекше күшті жеткізуде жұмсалуда бағытталғанын байқаймыз. Осылайша негізгі денотаттық мағынасындағы басты қасиетін таңба ретінде санада сақтай отырып, екінші мағынаны жеткізуде сәйкестендіре қолдану коннотаттық мағынаның пайда болуына негіз болады. Қолданыс жиілігі мен жұмсалу аясына қарай коннотаттық мағыналар халық танымында тұрақтала бастайды. Мысалы, есек еуропа халықтары үшін «ақымақтық» стереотипі ретінде қабылданса, кейбір халықтар арасында «қырсықтық» мінезді сипаттайтын бейнелі мағына ретінде қолданылады, түркі халықтары үшін көк есек «жұмсағанға көнетін, қолжаулық, көнбіс» мағынасында көрініс табады. Ал барлық халық үшін, яғни жалпыадамзаттық таным бойынша есектің денотаттық мағынасы біреу. Ол - жануар. Демек, бір ғана денотаттың бірнеше коннотаттық компоненттері болуы тіл заңдылығы болып табылады.

Олай болса, коннотациялық құбылыс бірінші мағынаның импликациясы болып саналады.

Кез келген ұғымды жеке сөз таңбасы ретінде тұрғанда тек денотаттық мағынасымен ғана қабылдай аламыз. Ал коннотаттық мағынасын мәтін немесе сөйленіс барысында ғана анықтаймыз. Бірақ оның қай мазмұнда, қай стилистикалық реңкте берілгенін айқындау бірден бола бермейді. Сондықтан ұсынылған микрокомпоненттердің бірінен орын алғанын байқау үшін қабылдаушы адамның аялық білімінің жеткілікті болуы үлкен рөл атқарады. Мысалы, көрнекті ақын Есенғали Раушановтың поэзиялық тіліндегі «кәрі аспан» қолданысының қай мағынада беріліп отырғанын жеке тіркес ретінде алғанымызбен ақынның түпкі ойын, осы арқылы беріп отырған коннотаттық мағынасын түсінбеуіміз мүмкін. Сондықтан тұтас мәтін көлемінде алуға тура келеді: *Кәрі аспан...*

Кәдімгі дөң...

Қараша айы...

Ақынның танымында кәрі аспан күзгі күңгірт, бұлтты, түнерген кейіпте танылғандықтан, оның ойынша бұлыңғыр бейне кәрілік болмысымен ассоциацияланған. Бұл жағдайдағы коннотаттық мағына жеке авторлық қолданысқа ғана тән, яғни тұлғалық микрокомпонент ретінде қабылданады.

Ал В.Телияның зерттеулерінде коннотаттық макрокомпонент арнайы аталмайды. Бірақ оның қызметін атқаратын бірнеше макрокомпоненттер аталады. Сонымен, В.Телия тілдегі мағыналарды мынадай макрокомпоненттерге жіктейді:

1. Грамматикалық макрокомпонент (үстірт және астырт сема)
2. Денотаттық макрокомпонент
3. Бағалауыштық макрокомпонент
4. Уәждемелік макрокомпонент
5. Эмотивті макрокомпонент
6. Стилистикалық-маркерленген макрокомпонент [1].

Осы аталған мағына жасаушы компоненттердің ішіндегі бағалауыштық, уәждемелік, эмотивті, стилистикалық-маркерленген компоненттер тұтаса келгенде коннотаттық мағынаны жасауға негіз болады.

Р.Барттың зерттеуінде коннотация дүниені тану және идеологияны қабылдау барысында санаға жиналатын көмекші, қосымша, үстемелі мағынаның құрылымдық элементтерінің жиынтығы болып табылады [2]. Сондықтан Р.Барт коннотацияны социолингвистикалық аспектіде қарастыруды ұсынады. Себебі коннотацияны жасаушы адам болғанымен оны таратушы халық екенін және коннотаттық мағынаның пайда болуына тілдік жүйедегі мағынасы емес тілден тыс факторлардың ықпалы күштірек болатынын, сонымен қатар коннотаттық мағынаны сәтті, сәтсіз қабылдануы сөйлеушілер арасындағы прагматикалық қатынастың ықпалы елеулі әсер ететінін ескере келіп, коннотация категориясын құрылымдық лингвистика аясында емес, экстралингвистикалық зерттеулер бағытында қарастыруды жөн көреді.

Ал белгілі лингвист В.Арнольд коннотацияны лексикалық мағынаның негізгі құрылымдық элементі деп түсіндіреді. Тіпті коннотацияны лексикалық мағынаның субъективті табиғаты деп танытады.

Коннотация - бұл тіл біліміндегі арнайы зерттеуді қажет ететін арнайы семантикалық категория. Коннотацияның екіжақты табиғаты сөйлеуші тұтыңған тілдік бірліктің жұмсалымындағы экстарлингвистикалық және лингвистикалық факторларды анықтау нәтижесінде ғана нақты анықтала алады. Сөз мағынасы теориясы мәселелерінің қатарында коннотативті мағына компоненттерінің нақты мәнін айырып көрсету әдістері мен амалдары әлі күнге дейін бір жолға, бір бағытқа қойылған емес. Себебі коннотаттық мағыналардың сөздің семантикалық құрылымы жүйесіндегі арнайы орны мен қабаты анықталған жоқ. Олай дейтін себебіміз коннотация барлық стилистикалық реңкте, яғни теңеу, метафора, экспрессивті, эмоционалды мағыналарда, кез келген бейнелі сөздер мағыналарында көріне алады. Бірақ бейнелі мағынадан коннотаттық мағынаны ажыратып, екі бөлек қабаттағы дүниелер екенін ашып көрсету үшін арнайы белгіленген критерийлері болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда коннотаттық мағынаны ұсынған сөйлеуші коммуниканттың номинативті мағынаға ауыспалы әсерлі реңк беру мақсатында қолданған бейнелі мағынасы белгілі бір ойды айрықша жеткізуді көздегенін сол сәттегі дискурстық жағдаяттан ғана анықтауға мүмкіндік туады. Д.Лихачевтің пікірінше, коннотациялар тілдік тұлғаның әлеуметтенуіне, оның этноментальді болмысына қызмет ететін «этногомосферада» пайда болады. Кейін келе-келе мәтін арқылы, дискурс арқылы тараған сол этногомосферадағы коннотациялар көпшілікке, халыққа жетіп, константалық, яғни тұрақты бейнелі мағынаға айналуы мүмкін. Ал кейбір коннотациялар сол дискурстық жағдаятта аясында қолданылатын статусында қалып қоюы мүмкін. Коннотациялардың тарылуы мен кеңеюін анықтау үшін ғң алдымен оның лингвистикалық әлеуетін, гетерогенді құрылымын, типологиясын, тілдік семантикалық кеңістіктегі қабатын нақтылау қажет. Ең бастысы, коннотациялар екінші номинативті тілдік бірлік қана бола алатынын ұмытпауымыз керек.

Коннотация типтері:

- этноконнотация;
- мәдени коннотация;
- мазмұндық коннотация;
- эмоционалды коннотация;
- идеологиялық коннотация;
- бағалауыштық коннотация.

Этноконнотациялар - халықтық концептілік өрістегі тілдің идиоэтникалық қасиетін көрсетеді. Себебі этноконнотация тілдік сананың (халықтық концептосфераның) ең төменгі терең қабаты. Оның гетерохронды және гетерофункционалды компоненттері болады. Этноконнотаттардың бұлайша іріктелуі сол мағынаның маркерлену әлеуетіне байланысты. Кейбір этноконнотаттар тарихи сипатта, кейбірі мәдени сипатта, кейбірі белгілі бір аймақтық шектеу қолданысында (локус), ал кейбіреулері белгілі бір уақыт шеңберінде ғана қолданылған (темпус) мағына ретінде сақталуы мүмкін. Қалай болған жағдайда да этноконнотаттар, яғни этноконнотацияның бір микроэлементтері болып саналатын мағыналар тілдік жүйеде халықтық мәдениеттің уникаты болып белгіленеді. Кейбір жағдайда этноконнотаттанған эндемиялық мағыналар кең қолданыс аясына қарай, қолданылу әлеуетіне қарай атауыштық сипатқа ұласып, бейнелілік, эмотивтілік сияқты стилистикалық реңктен атау сөз мағынасына айналатын лингвистикалық құбылыс болып тұрады. Бірақ бұл құбылысқа қарап, коннотацияларды сөзжасамның бір тәсілі ретінде қарауға болмайды. Себебі коннотациялардың номинативті сөз ретінде қабылдануы өте сирек кездесетін жағдай. Коннотациялар тұрақты сөз тіркесін жасауға, тұрақты метафоралар мен тұрақты теңеулерді жасауға, эмоционалды-экспрессивті мағыналарды тұрақтандыруға негіз бола алады. Этноконнотациялар қатарына ұлттық бұйымдар мен салт-дәстүр атауларының екінші мағына ретінде өзге ұғымды сипаттауда еркін әрі кеңінен қолданылуы арқылы халық жадында тұрақты сақталуы нәтижесінде қалыптасады. Мысалы, қазақ халқы *отбасы* деген денотатты ұғымды *«шаңырақ»*, *«ошақ қасы»*, *«тігілген отау»*, *«керілген кереге»* сияқты коннотаттық ұғымдармен жеткізеді. Бұндай астарлы мағына тек қазақ халқына ғана тән болғандықтан олар этноконнотациялар деп аталады. Сол сияқты қазақ халқы өмірді көкпарға, жастық шақты зырылдаған ұршық бейнесіне, кекілді шокпарға, құлақты қамысқа, кірпікті қара сабауға (жүн сабайтын құрал), түзу балтыр аяқты оқтауға, жауырыны кең, иықты жігітті нар қасқаға теңеуі этноконнотациялық мағыналардың қалыптасуына негіз болады.

Мәдени коннотациялар - белгілі бір заттық атауыштың бойындағы қасиет пен ерекше белгісін әлемдік немесе ұлттық мәдени болмыспен теңестіре, сәйкестендіре сипаттау арқылы пайда болатын үстемелі мағыналар көрінісі. Мәдени коннотациялар тұрақты символ жасауға, тұрақты теңеу, тұрақты метафора жасауға негіз болады. Мысалы, жалпы әлемдік таным бойынша сұлулық символы - аққу. *Сұлулықтың символы аққу құсым, Бейнесі мәңгі есінде қалар мүсін. Аққу мойын ару қыздар. Аққу – құстың төресі, жалғыз жатып оттамас», «Сүйіктің аққу мойын», «Аққудай ару»* деген тіліміздегі тұрақты сөз қолданыстары аққу ұғымының денотаттық мағынасынан тыс, яғни құс атауы мәнінен бөлек, әсемдік, сұлулық түсінігін жеткізуде жұмсалатын коннотаттық қызметке ие болғанын байқаймыз.

Мазмұндық коннотацияның ерекшелігі денотаттың қасиеттері мен сапалық белгілерінің ішіндегі бір детальді элементін негіз етіп алып сол атауыш сөздің орнына қолдануға лайықты болатын мазмұндық мән үстемелеуге бағытталатын мағыналар. Көп жағдайда мазмұндық коннотациялардың стилистикалық қызметі метанимия құбылысында жиі байқалады. Мысалы, қазақ халқы, тіпті өзге ұлт өкілдері де *орыс халқын «көк көз» деп, өзбектерді «ала шапандылар» деп, ал қырғыздарды «айыр қалпақтылар»* деп баға беруі олардың табиғи болмысындағы өзгермейтін ерекшеліктен туындап отыр. Сондықтан ұғымның мазмұндық сипатын бейнелеуге бағытталған осындай бейнелі-мағыналы қолданыстар мазмұндық коннотациялар деп аталады.

Эмоционалды коннотациялар - ақиқат дүниені әсерлі, эмоционалды қабылау, интерпретациялау нәтижесінде туындайтын бейнелі мағыналар. Мысалы, белгілі ақын М.Мақатаев шығармаларында эмоционалды коннотациялардың көрінісі реніш, ыза, кек эмоциялары буырқанған, қайнаған ашумен берілетіні байқалады. Мәселен, *«Өмір - тағдырдың қақпаны»* деген метафоралық қолданысын

Теуіп-теуіп тас-талқан етер едім,

Тағдырдың маған құрған қақпандарын

Алдымнан атар болса ақ таңдарым, - деген өлең жолындағы интертекстуалдылық мәнінде ғана эмоционалды коннотаттық мағынада сипатталғанын айқындай аламыз. Сол сияқты *«Жүрек - кеуденің тас камалы»* метафорасы да эмоционалды коннотация мағынасында туындаған. Оны мына интертекстуалдан байқаймыз:

Ал жүрегің, жүрегің тулап жатыр

Қирата алмай кеуденің тас қамалын...

Бағалауыштық коннотациялар атау мәнді сөздің денотаттық мағынасына, оның қасиеті, сапасын, сынын, түр-түсін, айрықша белгілерін негізге ала отырып, баға беру мақсатында жұмсалатын астарлы-бейнелі сөзқолданыстар қатарынан құралады. Мысалы, М.Мақатаев «Соғыстың балы мен шекері» деген метафоралық сөз қолданады. *Таттық біздер сол соғыстың Балы менен шекерін...* Шын мәнінде, соғыс жалпыадамзаттық таным бойынша негативті мәндегі, яғни жауыздық, өштік, өлім, қанау, зорлау сияқты өмірге қауіп төндіретін әрекет ретінде қабылданады. Осы орайда соғыс қара түнек, қара өлім, қан-төгіс, жетімдік, жесірлік ұғымдарымен ассоциациялануы тиіс. Ал ақынның беріп отырған бағасына зер салатын болсақ, керісінше, соғыс ең тәтті дүниелермен сипатталған. Демек, ақын соғыстың ең қиын ауыртпалығы мен ең қиын сәттерін әсірелеп әсерлі жеткізу үшін, «ең-ең-ең» қиналған кезінің шарықтау шегін түсіндіріп беру үшін соған қарама-қарсы антипод тұра алатын ең тәтті дүниені сезінгендегі әсерге қайшы сезіммен теңестіруді жөн деп санаған. Осылайша баға беру мақсатында туындайтын астарлы мағыналар бағалауыштық коннотациялар деп аталады.

Идеологиялық коннотациялар саяси метафора жасау нәтижесінде туындады. Қазіргі таңда саясатты әсерлі жеткізу мақсатында астарлы мәнде айтылатын сөзқолданыстар оқырманның назарын аударып, айтылмақ жаңалыққа көңілін бөлу үшін жиі қолданылады. Идеологиялық коннотациялар адамзаттың эстетикалық ойлау танымынан туындаған. «*Биліктің құлы*», «*экономиканың шарықтау шегі*», «*заманның ағымы*», «*саясаттың тірегі*» деген мысалдар осының айғағы. Мысалы, *тас радикализм, өкіл қоғам, кепіл мәміле, қан келісім* сияқты идеологиялық коннотациялар теңеудің қызметін атқарып тұрғандай. Бірақ онда теңеудегідей екі нәрсені салыстырудан гөрі сезім, әсер жақындығын көрсету басым. Көбіне ондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісі емеурінмен білдіріледі. Мысалы, “Жел - шешеунік, есер, гулер жүйрік желдей, Шенеунік – от, лаулап жанар аспанға өрлей” (Жас Алаш 2014 ж). Мұнда шенеунікті желмен, отпен жай ғана салыстырып қоймай, соған балап айту бар.

Қазіргі таңда идеологиялық коннотациялар бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тіл байлығына айналды. Идеологиялық коннотацияларды қандай троптық қызметте қолданылып тұрса, сол болмысында қабылдай беруге болмайды. Мысалы, *Мына көзілдірікке мен үкіметті сеніп бере қоймаймын. Осы сөйлеміндегі көзілдірік*, бір қарағанда, метонимия (бүтіннің бөлшегі) ретінде қабылдануы мүмкін. Соған қарамастан, оның метафоралық қызметін де жоққа шығаруға болмайды. Дәлірек айтқанда, бұл сөзді қолданушы адам бүтіннің бөлшегін емес, көзілдірік киіп алып білгішсінген, ақыл айтқыш, барлығынан хабары бар мақтаншақ кісіні еске салуы мүмкін. Идеологиялық коннотациялар БАҚ публицистикасында қолданылатын болғандықтан саяси метафоралар мен саяси теңеулерден құралады. Идеологиялық коннотация жасау процесінде үш түрлі жағдайды байқауға болады. Бірінші жағдайда сөздің сыртқы белгісі алынады. Мысалы, *Мемлекет – шекараның кілті, Еуроодақ - саясаттың кілті; Экономика – бұлақтың бастауы, Лаңкестік - соғыстың бастау* т.б.

Екінші жағдайда саяси коннотация жасайтын сөздердің семантикасына, ішкі мазмұнына үңілуге тура келеді (түлкі – аң, айлакерлік белгісі; балшық – зат атауы, адам мінезіндегі ынжықтық т.б.). Мысалы, *Түлкі - Ертісбаев - қостілділікті жақтаушы жағымпаз. Ез балишық - Мамытбеков әлі күнге дейін су сапырып отыр.*

Үшінші түрінде белгілі бір белгілер мен қасиеттердің басқа топтағы заттар мен құбылыстарға тән екендігі белгілі бола тұра, басқа топтағы ұғымдарға сіңісті болып кетеді. Мысалы, ұлиды деп қасқырды айтады, бірақ БАҚ тілінде *оралмандар ұлиды, парламент ұлиды, қара халық ұлиды*. Сол сияқты өткір сөзі қатты заттарға қатысты болатын (өткір ұстара), ал БАҚ тілінде кейінгі кезде *өткір мәселе, өткір пікір, өткір саясат, өткір билік, өткір қаулы, өткір үкім* сияқты саяси тіркестер жиі қолданылып жүр.

1 Телия В.Н. Коннотативный анализ семантики номинативных единиц. - М., 1985.

2 Барт, Р. Основы семиотики Р.Барт Структурализм «за» и «против» - М., 1975.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования образных коннотаций на текстовом уровне. А также рассматривается коннотация концепта исходной концептуальной сферы с применением методики метафорического анализа, используемой В.Телией и Н.Стернином. В статье определяются культурные коннотации как основа для семантико-словообразовательной деривации или в качестве компонента устойчивых сочетаний. Наиболее распространенными являются обсуждения проблем коннотации с точки зрения прагматики, а также с точки зрения состава и структуры коннотата. В данном случае исследуются экспрессивно-оценочные, образные компоненты значения лексических единиц. При анализе коннотата и коннотации мы подчеркиваем субъективность коннотативного значения (элемента значения). Но современная лингвистика понимает коннотацию двояко: в широком смысле - как любой компонент, который дополняет предметно-понятийное, а также грамматическое значение языковой единицы и придает ей экспрессивную функцию. В узком же смысле - это компонент значения лингвистической единицы, который сопутствует употреблению в речи ее объективного значения.

Ключевые слова: коннотация, этноконнотация, окказионал, прагматика, образные слова, метафора

Summary

This article discusses the fomirovaniya figurative connotations on the text level. And also considered the connotation of the concept of the original conceptual sphere with a metaphorical analysis techniques used and V.Teliey N.Sterninom. The article defines cultural connotation as the basis for derivation of semantic-formative or as a component of stable combinations. The most common are discussing the problems of connotations in terms of pragmatics, as well as in terms of composition and structure of connotation. In this case, we investigated expressive-evaluative, shaped components of the meaning of lexical units. When analyzing the connotation and connotations, we emphasize the subjectivity of connotative values (element values). But modern linguistics understands the connotation of two ways: in the broadest sense - as any component that complements premetno-conceptual and grammatical meaning of a linguistic unit and gives it expressive funktsiyu. V the narrow sense - is a component of the value of linguistic units, which accompanies its use in speech objective values.

Keywords: connotation etnoconnotation, okkazional, pragmatics, metaphor

ӨОЖ: 82-145

ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН СТИЛДІК ЕРЕКШЕЛІК

Мағаз Ретбек – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2-курс магистранты*

Қазіргі қазақ поэзиясының көтерер жүгі ауыр. Қамтыған тақырыбы да сан-салалы. 90-ші жылдардың аяғындағы қоғамдағы бетбұрыс әдебиет әлеміне, соның ішінде, қазақ поэзиясына үлкен жол ашты. Кеңестік кезеңде ауыздықтылып келген поэзия тынысы кеңейді. Тәуелсіздік жылдардан бері қарай қазақ поэзиясында өзгеше ағымдар қалыптаса бастады.

Кілт сөздер: поэзия, бағыт, образ, бейне, кейіпкер

Қазіргі қазақ поэзиясының көтерер жүгі ауыр. Қамтыған тақырыбы да сан-салалы. 90-ші жылдардың аяғындағы қоғамдағы бетбұрыс әдебиет әлеміне, соның ішінде, қазақ поэзиясына үлкен жол ашты. Кеңестік кезеңде ауыздықтылып келген поэзия тынысы кеңейді. Жабулы жатқан тақырыптардың аузы шешілді. Бүгінгі әдебиетші қауым сөзіне, Н.Оразалин пікіріне құлақ тоссақ: «Айдынды өткені мен айбынды дәстүрлері мол қазақ жырының бойынан нарық тудырған кесекті кезеңнің күнгей-көлеңкесі шымыр-қантқан мінез көбірек байқалады» [1, 4 б.] - деуі жоғарыдағы пікірлеріміздің айғағы.

Тәуелсіздік жылдардан бері қарай қазақ поэзиясында өзгеше ағымдар қалыптаса бастады. Мұның бірі орыс және шетел поэзиясының әсері болса, кейінгі жас буынға әсер еткен алдыңғы буын акындардың пессимистік (күйреуік) сарындағы өлеңдері. Осы жылдардағы өлеңге зерделей караған адамды ойландыратыны да сол. Не үшін жастар осы тақырыптағы өлеңдерге құштар. Акындар ғана емес, оқырман қауым да соны қалайтындай. Бұл қазіргі қазақ санасына, өз тізгініміз өз қолымызда тұрған кезеңде біздің көңіл-күйімізге жараса ма? Мұны тудыруға не себеп?..

Қандай да болмасын әдеби мұраның бағасын тарих береді деп, бүгінгі қазақ поэзиясының тынысы турасында нақты ғылыми-зерттеудің сыбағасын ертеңгі күнге қалдыру әдебиетке жараспайды. Бүгін жазылып, сиясы кеппеген өлеңді талдап, жақсысын танып, жаманының кемшілігін уақыт оздырмай айтып жатқан тұста ғана қазақ өлеңінің бүгінгі тынысы айқындалмақ.

«Біздің жас ақын-жазушыларымыз әдебиетке біз жастар тақырыбымен келеміз деп еді. Асыл тастан, ақыл жастан деген халық қағидасы бойынша үлкендеріміз үлкен үміт еткенбіз. Ол үміт әлі ақталған жоқ» [2, 3 б.]. Бұл сөз Ғабит Мүсіреповтың 1984 жылы Жазушылар одағында 82 жасында айтқаны. Қазірде құнын жойған жоқ. Алдыңғы буынның соңғыларға көңілі толмаушылық өткен ғасырдың соңына келгенде талай данамыздың өкпесін қара қазандай қылған түрі бар. Десе де барға қанағат жасайтын, алғы күнімізге үмітпен қарайтын халықпыз ғой. Әуезов 1960 жылы «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында: «...Сол жайды біз өзіміздің жастар туғызып жатқан қазақ поэзиясы, қазақ лирикасы жайында айтқым келеді. Осы үш саланың табыстарын жаңа жыл келгендей өнердің жаңа, жас қайраткерлері келіп, қазақтың музыка, живопись, поэзия өнеріне жаңа бір жыл келгендей жақсылық әкеле жатқан сияқты» [3, 16 б.] – деген болатын. Ескерте кетерлігі мұнда Мұхаң прозамыз жайында емес тек «қазақ поэзиясы, қазақ лирикасы жайында» сөз қозғап отыр.

Онан кейінгі толқында да Жастар жағына мойын бұрып, олардың шығармашылығы туралы сөз қозғағандар аз болған жоқ.

Жастар және олардың поэзиясы төңірегінде Әбіш Кекілбаев: «...Жасырақ кездеріңізде, бойларыңда қуат бар кезде көбірек оқып, көру жадыларыңызбен қоса миларыңыздың жұмыс жасауын құлпыртыңыздар... Қазіргі жігіттер әдемі сөйлейді, ал, жазған кезде қате-қате жазады ... қазақтың поэзиясындай мықты

поэзия жоқ. Мен өзге ұлттардың әдебиетін біршама білемін, осының ішінде қазақтың өлеңіндей өте мәнді, өте әдемі, барлық жағынан жетілген өлең өте аз. Әсіресе, жастар поэзиясы. Осы поэзияның деңгейіне әдебиеттің қалған жанрлары да жетер болса - қазақ әдебиеті ең бір дамыған, оқсаулы әдебиет боп шығар еді... Қазақтың таланттыларының бәріне ортақ бір кемшілік - өзінің жеткен деңгейінде тұра алмайды. Бұл жағынан олар алдындағы Жүмекен сияқты ағаларынан үйрену керек альпинист сияқты... алған шыңында қадалып тұра алған», [4, 6 б.] – деп үміті мен талабын қатарынан білдірсе, Асқар Сүлейменов: «Ұрпақ – ұрпақпен ұрпақ. Аға буын ағалық қамқорлығын көрсетсе, рухани мұраның тарих қоржынында қабаттасып қала бермейтініне есеп беріп отыр. Қазіргі жас - тарихтың мұрагері, сондықтанда сол мұраны жетпек жеріне жетелеп кетеді деп, соның азабына да, ауыртпалығына да таймай барады деп үміт артады. Бұл - сенім, бұған қоса жауапкершілік. Аға үміті ақ үміт, оны ақтамағаның өзінді ойға, етекке тастағаның. Кім өзін тау табанынан көргісі келеді дейсіз? Әдебиеттің жаңа буынына, ең жас буынына бұл туралы әбден ойлану керек. Әншейін көкірек қағып, құрғақ мақтанудың жетегіне еріп емес, өздерінің табысына да, табыс көріне бермейтін тайыздығына да шын суреткерше асықпай, аптықпай, байыпты қарап ап ойланғаны шарт... Жаңа буын жаңаның жасаушысы болуға шамасы жетпесе, үлескері болуы керек» - деді [5, 13 б.]

Ақын Темірхан Медетбек жас ақындарды «Алтын көпірліктер» деп атады [6, 9 б.]

Сөйтіп алдыңғы аға буынның өзінен кейінгілерге сынмен, үмітпен, күдікпен қарайтыны мәлім болды.

Жәди Шәкенұлының 2007 жылы 2-ақпанда «Қазақ әдебиетінде» «Жастар шығармашылығында поэзия биік, ал проза ...» деген мақаласы жарияланған болатын. Онда «Жастардың поэзиясынан жалындылық, өсу көрем. Ақын жанды халықтың ұл-қыздары буынсыз тілді бүгінгі кәдесіне жүгіндіріп, ұлт әдебиетіне кәусар бұлақтай құйылып жатқаны мерейімізді өсіреді. Қазақтың қара шаңырағында қайнап жатқан жыр қазанына қарап тоқтықпен марқаясын» дегені бар [7, 5 б.].

Бұл сөздің жаны бар. Қазақ поэзиясының едәуір биікке көтерілгені де шын. Демек осы арада бір көмескі сұрақ жатыр. Яғни неге - поэзия биік, ал проза...? Ендеше қара өлеңге қанығып өскен қазақ баласы болғанымыз үшін шамамыз келгенше зерттеп, қолымызға іліккен өлеңдерден олардың болмысын іздеп көрейік.

Осы арада жас ақын анықтамасы туралы ой білдіре кетсек, өнердің жаспен өлшенбейтігін айтар едік. Әрине, талант жаспен емес, еңбекпен көрінеді. Өз халқына ғана танымал болып қалмай, аты әлемге машһұр болған Байрон, Петефилер жиырма бес-жиырма алты жыл ғана ғұмыр кешіпті. Пушкин, Шоқан, Сұлтанмахмұт, Төлегендер отызға жетер жетпесте-ақ талантын танытып үлгерген екен.

Осыған қарап бүгінгі жастарды «жастар», «жас ақындар» деп бөлгеннен көрі әдебиетіміздің «жаңа легі» деп атаған да теріс болмас еді. Шын мәнінде мәселе олардың атында емес, затында - өлеңінде екенін ескерсек, жайқалған жас майсаның көркінен көрі, күзде беретін дәніне үңілетінімізде де рас. Олай болса бүгінгі «қазақтың қара шаңырағында қайнап жатқан жыр қазанына қарап тоқтықпен марқаюымыздың» себебі неде?

Бүгінгі жастар жырына үңілсек, оның өсу барысын көп жақтардан байқауға болады екен.

Тәуелсіздік алғалы бері қазақ поэзиясында басты тақырыпқа айналған Тәуелсіздік, Желтоқсан, жаңа қоғам, жас ғасыр т.б. Жайындағы өлеңдердің өзі жас ақындардың азаматтық ұсатынмын көрсетіп беретіндей. Дегенмен де бұл тақырыптарға әр ақын әр түрлі қиялмен, сезіммен барады.

Сонымен тәуелсіздік туралы тұғырлы жырларын ақындар былайша өрбітеді. Қалқаман Саринның қарымды қаламы мен шалқар шабытынан:

Еркіндігім.

Қасиеттім.

Қастерлім.

Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!

Кеше сенің келбетіңді арман ғып,

Боданына бұғауландық басқа елдің.

Бабалардың басын тігіп бәйгеге,

Аналардың жсанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік,

қош келдің! –

деген жыр жолдары туып, ақын бойындағы шексіз қуанышты көрсетеді, ал Әлібек Шегебайдың «Қабірден хат» өлеңінде тәуелсіздік рухына тағзым:

Тәуелсіздік – Қазақ үшін ғажап құт,

Ғажап құтқа жүрмейді енді мазақ түк.

Бөрі мінез Бабалардың арманы –

Айналайын, алтын қанат – Азаттық! –

деп Тәуелсіздікке жету жолындағы күресте қаза болған Қайрат Рысқұлбековтың монологы түрінде берілген.

Аппақ сезімінің сырын ақырын, үнсіз, Тәңірімен тілдесу арқылы шертетін Ақберен Елгезек те тәуелсіздіктің құнын «Қанды түнек» өлеңінде құрбандарға деген асыл құрметін білдіру арқылы ұғынған, ұғындырған:

Қан төгілді, қызыл жалау құлады,

Қатып қалды жас өркеннің бұлағы.

Құрбандығың қабыл болды, қазағым,

Жалп-жалп еткен сөнбесіңші шырағың!

Алмас Темірбай желтоқсанның құрбаны, біздің дәуірдің батыры Қайрат Рысқұлбековтың атынан сөйлеген моногында «Желтоқсанда ай туады солынан» дейді. Қазақта айдың солынан тууы жақсы ырым емес. Ақын батырды осылай сөйлету арқылы қазақ тарихта болған «құбыжық құбылыс» салқынын тағы бір ойға салады. Осы желтоқсанда солынан туған айдан сақтасын деген тілегімен өлеңін аяқтайды:

Айға қарап

Ар жылайды, жыласын,

Жұмыр басты жұдырықтап ұрасың!

Жер қозғалса, қозғалмайтын мінезім,

Ел қозғалса, енді қалай шыдасын?!

Темір тордың алдында,

Теңдік сұрап тұрмас мәңгі жан мына!

«Отыз жеті» ойран қылған қазақты,

«Сексен алты» сергелдеңге салды ма?!

... Жылап тұрып,

Жақсылыққа жорығам:

«Алты Алашым адаспағай жолынан!».

...Жылдың соңы...

Кімнің соры?

Сақтай гөр!

Желтоқсанда Ай туады солынан...

Жалпы Желтоқсан оқиғасының шындығын білу, ол оқиғаның тарихтағы орнын беру мәселесі әлі күнге дейін ұлт тарихындағы ауыр трагедиялы мәселенің қатарына жатады. Алайда дәл соның бағасын біліп, Желтоқсан құрбандарын, батырларының ерліктерін дәріптеу – бүгінгі ұрпақты саналылыққа, ұлтжандылыққа, мықты рухқа ие болуға тәрбиелейтіні сөзсіз. Әдебиеттің бірден-бір тәрбиелік қуатын осындайда пайдаланамыз. Бұл ескіні қозғап, іріткі шығару емес, тарихи шындықты жоққа шығармау, сақтау.

Жастар поэзиясының келесі бір арналы саласы Күлтегіннің көк тасына қашалған рухты жырлардың ұрпақ өлеңінде өзгеше мәнермен өрілуі. Қазақ өлеңінде түріктік сарынды қайта тірілткен қазақтың ірі ақыны Темірхан Медетбек десек қателеспейміз. «Көк түріктер сарыны» сөзіміздің жанды дәлелі. Алдыңғы толық ағалар салған сара жолды өзінше сүрдекке айналдырған кейінгі толқын жас ақындардың бір Ұларбек Дәлейұлы. Әсіресе оның соңғы кезде жазған жырларында сондай түркілік екпін, жалынды өсу байқалады. «Мұңлық» өлеңін оқиық:

Алты айлық алыс даламнан асығып жеткен боздағым,

Сағынышымның мың түрлі аруағын несін қозғадың?

...Асуда асу бел еді,

Аңқып бір соққан жел еді.

Қуанышым да бар еді, қасіретім де көп еді.

Кешігіп жетер көктемнің сәлемін ала келдің бе,

Құладың құстай құмдағы жанымның шөлін көрдің бе.

Ғасыр да емдеп жаза алмас жүрекке біткен мұңым бар,

Хантәңірідей қайғымды қабағымнан ұғыңдар.

Жылай да жылай жабығып жайлауда қалды қарындас,

Қарай да қарай қамығып қыстауда қалды тамырлас.

Жазыққа біткен бүлдірген - жалаң бұттарға жем болған,

Жарлауға біткен жапырақ - шашылып қара көң болған.

Алтайдың белі ақселеу,

Ақселеу басын ие ме,

Аңырап қалған қарындас әлі де бізді сүйе ме?
Көктоғай бойы көп асу,
Асуға қостар қонды ма,
Жұртымда қалған ақмойнақ, алыпсоқ арлан болды ма.
Ботасын қорғап жаңбырда, желжілдеп боран өтінде,
Шаңырақ салар құба інген боздай ма ауыл шетінде.
Ақсеңгір басы ақ мұнар,
...Ағалар кеңес құрды ма,
Жортуыл жолын күзетіп жеңгелер жылап тұрды ма.
Қара шыбындай құжынап байырғы қытай баласы,
Қайнаған базар болды ма атамның қайран моласы... Осылай жалғаса береді. [8, 12 б.]

Жол жорғадай төгілген әсем жолдар есіңізге еріксіз Күлтегін тастарын оқуға, жыраулардың жаңа үнін естуге жетелейді. Түркінің ұрпағы тірі екен ғой деп Аллаңызға тәубе қыласыз. Тамсана отырып амалсыздан келесі жырға үңілесіз. «Хат» өлеңі де тура осы өлеңнің үндес жалғасы. Бірақ басқа:

Селенгіге сел жауса да,
Орхон бойын оқ жауса да,
Мен сендерді ұмытқам жоқ бауырлар!
Әр кеш сайын сағынышым ауырлар.
Күн астында келем жалғыз тепеңдеп,
Жүрегімді қалды бұлттар мекендеп.
Дауыл жұлған қайыңдарға жүгірем,
Құлап жатқан Ғұн сардары екен деп...
Сендер көрген түсті мен де көремін,
Сендер көрген құсты мен де көремін...

Жылау, езілу, егілу, ерлік рухты шақыру деген осылай болатын шығар. Бұл өлеңдерді бұдан ары талдағаннан көрі оқырман өзі-ақ тереңіне бойлайды. Өзінің де түркі қазақ екеніне, осындай ақын ұлы барлығына, жаңа поэзияны да осылай сөйлете алатынымызға мақтанатын болады. Амалсыздан «Селенгіге сел жауса да,

Орхон бойын оқ жауса да...» - деп ақынмен бірге күбірлемеу қолымыздан келмейді. Ары қарай оқимыз.

Сенерімді жоғалтсаң да, дерегімді жоғалтпа!
Өлеңімді жоғалтсаң да көгенімді жоғалтпа!
Жегі мұңдар жанды жесе жел өтінде тұрып мен,
Желден сәлем жіберемін,
Жерден ауыр үмітпен...

Міне, біз анау-мынау емес нағыз ақынның - түркіден қалған «көк бөлтіріктің» үнін естігендейміз. Тек сыртқы сұлулық қана емес, ұлттық рух, терең пәлсәпа, ішкі ұран қамшының өріміндей жымдасып жатыр. Қайталау, балаңдық, жалаң еліктеушілік емес, қалыптасқан ақынның ауыздықсыз жырына құлақ түріп, талантына тамсанып отырғандаймыз. Енді өлеңнің аяқтауына назар аударайық:

«Селенгіні сел алған жоқ!
Жау алды,
Орхонсуды оқ алған жоқ!
Дау алды.
Дәм бұйырса құшағыңа бір қысарсың оларды...».
Қайтқан құстың газалынан у ішіп,
Мен жұбатып тұрмын шерлі анамды..

Ақын жүрегі осылайша өзінің жоғын – түркілік тегін, түрік қағанаты заманындағы байтақ даласын, баһадүрлерін аңсап сары даланың төсінде зар желіске салады. «Күлтегін» жырының жаңа ғасыр тілімен, жаңа ғасыр жырауымен тіл қатуы ғой бұл! Бабалар қолының табы қалған балбал тастар қайта сөйлеп жатқан жоқ па? Әрине, мойындау керек! «Дәм бұйырса құшағыңа бір қысарсың оларды...» - міне, бұл тірі рухтың шақыруы. Бабалар аманатына деген оғланның үміт-сенімі мен жан айкайы! Ақтамберді мен Махамбеттің «аузынан түскен» ақын інісі ұмытып бара жатқан жайларды есімізге салып бөрілі байрақты тік көтеріп тұр.

Ұларбектің барлық өлеңі төрт аяғынан тік тұр деуден аулақпыз. Десе де оның ақын болғанына, жас поэзияға ҰЛАР ақынның бейнесімен келгеніне қуанып отырмыз. Оның өзге өлеңдерінің де түнгі оттай

жылт етіп көзге түсетін сәулелі жолдары бар:

*Тауын аңсап тағаты ұшқан бір ақын,
Ай бетінен өз қабірін қазады...*

Дегенмен де мұндай табысты тармақтар аса көп емес. Оқта-текте басқаларды қайталайтын сөздерде ұшырайды. Кейде ылғи да түңілу, жылау, қарғану секілді бір сарындылыққа да жолығып қаласыз. Мұның бәрін бергенінен берері көп ақынның алдағы жерде түзетіп алатыннына кәміл сенеміз. Жалпы Ұларбектің:

Айбарынан қалған сонау-у-у Оғыздың,

Сабы сынық мен бір ескі қобызбын, - деп өзі айтқандай жыраулар рухын жаңғыртып жаңаша леппен жазған өлеңдері өміршең бола берсе екен деген тілегіміз бар.

Жастар поэзиясы- ыстық сезіммен тулаған қанның өлеңге көшірілген болмысы. Өлең деп аталатын ұлы көшке енді қосылған жас буынның алар асуы ала екенін ескерсек, толысу мен толығудың сәттері енді туатыны даусыз. Біз шағын ғылыми мақаламызда өзінше стилі бар бірқанша жас ақындардың жаңа өлеңдеріне сана көзімен баға беруге тырыстық. Тұтастай қамту мақаламыздың міндетіде емес. «теңіздің дәмі – тамшыдан» демекші, біз сөз еткен ақындардың сөзбен салған өрнегінен олардың аяқ алысын байқауға болады. Тамыры терең, тағдыры бөлек қазақ өлеңінің керегесін кеңітетін жас ақындар көбейе беруіне сенім білдіре отырып ойымызды түйіндейміз. «Әдебиет ардың ісі» деген аталы сөз ақындарымыздың қалам ұстағандағы құбыласы болсын. «сын шын болсын» деген кәделі ұғым сыншыларымыздың санасында жатталсын. Құстың қос қанатындай өлең мен сын қатар дами берсын дегіміз келеді.

1 Оразалин Н. Бүгінгі қазақ поэзиясы // Қазақ әдебиеті. 1999. 9-шілде. №48.

2 Мүсірепов Ф. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1996. – 460 б.

3 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. - 375 б.

4 Кекілбаев Ә. Қоңыраулы көш // Егемен Қазақстан. 2000. №19.

5 Сүлейменов А. Шығармалары. – Астана: Елорда. 2009. – 230 б.

6 Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім? – Алматы: Өлке, 2001. – 248 б.

7 Шәкенұлы Ж. Жастар шығармашылығында поэзия биік, ал проза... // Қазақ әдебиеті. 2007. 2-ақпан. №6.

8 Дәлей Ұ. Қанымдағы қасқыр иісі. – Алматы: Жалын. 2006. – 145 б.

Резюме

Современная казахская поэзия с её разносторонней тематикой многогранен. Переосмысление общественного строения в конце 90-х дала литературе, казахскому поэзии, в частности, новые пути развития. Вязанная поэзия стала развязанной. В годы независимости в поэзии начался формироваться новые направления.

Ключевые слова: Поэзия, направление, образ, персонаж, герой

Summary

Modern Kazakh poetry with its versatile multi-faceted theme. Rethinking public buildings in the late '90s gave the literature, the Kazakh poetry, in particular, new ways of development. Bridled stalaraznuzdannym poetry. In the years of independence in poetry began to form new directions.

Keywords: Pozeziya direction, image, character, character

ӘОЖ: 82-91

Қ.ЖҰМАДІЛОВТІҢ «СОҢҒЫ КӨШ» РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Қызыр Әсет – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің II курс магистранты

Әдебиет туралы жалпы түсініктердің бәрінің келіп құйылар арнасы, әдебиеттің ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Бұны түсіну үшін, әдебиеттің объектісі - өмір, ал заты – адам екенін ескеруіміз қажет.

Кілт сөздер: Поэзия, бағыт, образ, бейне, кейіпкер

Көркем туындыдағы адам бейнесі, яғни кейіпкерлер тұлғасы жасалу тәсілдеріне, ерекшеліктеріне байланысты, түрліше жіктеледі. Әдетте көркем бейнені текке, әдіске, тәсілге байланысты жіктеу үрдісі қалыптасқан. Текке байланысты алғанда көркем бейне эпикалық, лирикалық және драмалық болып үшке бөлінеді. Ал көркемдік әдіс екеу (реализм, романтизм) болғандықтан, кейіпкер әдіске қатысты екі түрге (реалистік бейне, романтикалық бейне) бөлінеді /1,62/. Образ туралы Қабдолов Зейнолла: «Ал жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, образ тағы да бірнеше түрге: юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ т.б. түрге бөлінеді» деп образды бірнеше түрлерге бөлген.

Ал көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персона-

жы дейік, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым образ. Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін дарлау, сайып келгенде, осылардың бәрінің сарқырап құяр сағасы біреу, ол – образ. Ал, «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті /2. 106/.

Адам тағдыры жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірдегі адамдар туралы ойы қалыптасады, нәтижесінде шығарма жазылады. Әдеби шығармадағы адамның көркем образын алсақ, бай-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат – белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушы типтік қасиеттерді, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктерді айқын танытады. Реалистік көркем образ типтендіру тәсілімен жасалады. Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет сипаттарды жинастырып, екшеп іріктеп алып, бір адамның бойына алғызып бейнелейді. Сондай кейіптердің кескін тұлғасы, характеріндегі жекешелік, көпке ортақ жалқылық қасиеттері де, жалқылық ерекшеліктермен қатар бедерленеді.

«Соңғы көш» романына келетін болсақ, романның стилі байсалды, өмір шындығын кең қамтып, асықпай суреттеумен ерекшеленеді. Оқиға жанр талабына лайық бас кейіпкердің іс-әрекеті маңында өрбісе де, Естайға қатысты біраз адамдар дараланып берілген. Әсіресе, Қанағат пен Балжан, Нұрбек пен Жолбарыс, олардың мінез-құлқы мен адамгершілік белгілері оқушысын риза етеді. Дәуір мен адамның диалектикалық байланысын ел өмірінің көп салалы шындығы арқылы жазушы эпикалық суреткерлікпен көркем бейнелейді. Тағы бір айтатын мәселе романның тілі, суреттеу, бейнелеу құралы әбден толысқанның куәсі боларлықтай. Суреткерлік те, авторлық түсіндірме де орын – орнында. Қазақтың сөз өнеріне жетік халық екенін, екі жақты қақтығыс, әзілдесудің өзімен-ақ көп нәрсені біріне-бірі айтып, түсіндіріп үлгеретін алғырлықтың үлгілерін де жазушы әдемі келтірген. Тұспалдап айту, бірді айтып отырып екінші нәрсені мензеу де орынды қолданылады.

Жоғарыда айтып кеткендей, романда көптеген образдар бар. Олардың негізгілері: Естайдың әкесі – Қанағат бй, шешесі – Балжан, әрі ұстаз, әрі аға – Нұрбек, адал досы – Жолбарыс, Естайдың ғашығы – Дүрия, әділетшіл үшін құрбан болған – Тұрсын, батыр – Нартай, әнші – Шәкен, екі жүзді бай – Нұғыман, жомартта, көреген бай - Жасыбай т.б. сияқты кейіпкерлердің образын беру арқылы жазушы шығарманың көркемдігін аша бідген. Қанағат би, Нартай, Тұрсын, Жасыбайлардың образдарына тән ерекшелік - олардың кең ойлайтындығы және халқының, ұлтының тағдырына терең бойлайтындығы. Ел ағалары халық басына түскен нәубетті жан-тәнімен сезінеді. Туындыдағы бұл кейіпкерлердің сөйлеген сөзінен, іс-әрекетінен халық наразылығы көрініп отырады.

Көркем әдебиетте образ сөз арқылы жасалады. Образдың мәні оның көркемдігінде, шынайлығында, нанымдылығында екені аян. Ендеше өмірді көркем бейнелеу деген сөз өмірді образ арқылы бейнелеу дегенмен пара-пар. Көркемдік образдылықпен тығыз байланысты. Онда көркемдік дегеніміз -өнер туындысының қасиетін, ерекшелігін айқындайтын өлшем.

Шығарманың көркемдігі суреткерлік шеберлігіне кдтысты мәселе. Қабдеш Жұмаділовтің романдарының тіл көркемдігі туралы сөз еткенде, алдымен оның халық ауыз әдебиетінің мол мұраларын қолдану ерекшелігін атап өту орынды. Соның ішінде мақал-мәтелдерді, ақын-жыраулардың жырларын орнымен қолданған. Оларды автор мақсатсыз пайдаланбаған, олар оқиға логикасына, характер психологиясына орай көрініс тапқан.

Өмір шындығы көркем образдар арқылы танылатыны айғак, Ендеше, кдламгердің сол образдарды тұлғалаудағы қолдаіетан көркемдік әдіс-тәсілдері кдндай болған деген сұрақ занды түрде туады. " Соңғы көш" романында характер айшықғауда автордың қолданған көркемдік тәсілдері: монолог, диалог, протрет, пейзаж, деталь, психологиялық параллелизм т.б. Бұл - қазіргі әдеби процесте жиі қолданылыш жүрген үрдісті тәсілдер.

«Соңғы көш» романдарының көркемдік-идеялық жүйесінен орын тепкен этнографиялық детальдар, халық ауыз әдебиетінің үлгілері шығармалардың поэтикалық құрылымында үлкен көркемдік сипатқа ие болған. Көркем әдебиет пен халық ауыз әдебиетінің арасындағы өзара байланысты құрастыру - әдебиеттану ғылымындағы күрделі мәселе. Біз жазушының бай ауыз әдебиеті материалдарын шығармаларына кірікітіру принциптерін, жолдарын зерделейміз.

Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» романының артықшылығы тарихи шындықғы коркем образдар арқылы бұрмалаусыз, барынша нанымды көрінуімен өлшенеді. Жазушының ерекше бір атап өтер шеберлік қыры - романдарының бітіміне де, образдарына да ұлттық қасиеттерді дарыта білуі. Қазақта үлкен адамдардың есімдерін атамайтын дәстүр бар. Жазушының осы дәстүрі ескергенін табу сөздеріне кдрап білеміз.

Айталық, «-Молда жігіт-ау, сағындық қой сені» /3,128/. "Молда жігіт" деп Зипа қайнысы Естайды айтып отыр. Кдзақ дәстүрінде жеңгелері кдйын-сіңілі, қайындарына еркелетіп ат қояды. Нартайды

жеңгесі Зыликдның "Дәу жігіт" деп, атауы осының айғағы бола алады.

«...Бір аяқ сусын бермейтін не көрінді соншама?... "Дәу жігіттен" жаным артық емес, қдмайтын кісі болса, мені де ала кетіндер... Адыра қалшр, о несі-ей? - деп киіп-жарып алға ұмтылды» /4, 40/.

Қ.Жұмаділов шығармашылығының жаңашылдығын, даралығын танытып тұрған Естай, Қанағат би, Тұрсын, Нартай т.б. секілді бейнелер ешкімге ұқсамайтындығымен құнды. Әр қаламгердің өз қаламына ғана тән образдары болмаса, ол - өзгенің көлеңкесі. Тіпті жазушының стилін айқындайтын компоненттердің бірі болып саналатын да осы образдар. Ендеше жазушы даралығын, стилін образдан, композициядан іздеудің де өзіндік заңдылығы бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін көркем туындылардан үзінділер келтірейік. Автор «Соңғы көш» романында Шығыс Түркістанда Қытай Халқ Азайттық Армиясын қарсы алуға байланысты өткізілген жиналыс үстіндегі адамдардың көңіл-күйін былай суреттеген: «Залда өлік шығаратын кездегідей тыныштық орнады. Еңсені езген зіл батпан тыныштық. Нұрбек мойын бұрып айналасына көз қиығын тастады. Алуан-түрлі бет-пішіндер қыбыр етпей қатып қалыпты... Сезімге аса ауыр тиетін, адамдардың аянышты жүзін Нұрбектің көргені осы. Тек бір-біріне ұқсамайтын жаудыраған көп көздерден түрліше сыр ұғуға болар еді. Ешқндай ой жоқ, тек үрей күтіп ойнақшыған жыпылық көздер, әліптің артын бақдан жасқдншақ жанарлар; төмен тұқырып, жер шұқыған мысық сопы, мүләйім мүлгулер; сирек те болса, қадау-қадау ұшырасатын қайсар кара көздер» /3,54/.

Роман оқиғалары бірінен кейін бірі өріле отырып, қызықты да қайғылы оқиғаға толы. Қабдеш Жұмаділов тек Шығыс Түркістан қазақтарының өмірін суреттеп қана қоймай, сол кездегі Қазақстанда болып жатқан оқиғалар мен жайларды қатар суреттеп көрсетті.

Keywords: strategic approaches, factor targeted management, production resources

УДК 81'44

РАССМОТРЕНИЕ ТЕКСТОВ СМИ В КАЧЕСТВЕ УЧЕБНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Г.Торе – магистрант 2 курса специальности *Русский язык и литература*,
Кафедры русского языка и литературы, КазНПУ имени Абая (Республика Казахстан г.Алматы)

В данной статье представлена проблема рассмотрения текстов СМИ в качестве учебных материалов. Суть проблемы состоит в том, каким образом можно методически организовать и внедрить в учебную программу тексты из источников СМИ. При множестве существующих пособий по учебным текстам, вопросы использования текстов СМИ в учебных целях практически не затрагиваются. Поэтому рассмотрены главные специфические особенности текстов СМИ и аспекты использования данных текстов в качестве учебных материалов для школьников старших классов и студентов филологического отделения. При этом рассматриваются различные аспекты внедрения современных источников информации в учебно-воспитательную программу.

Ключевые слова: текст, учебные тексты, медиатексты, СМИ, дидактика

Среди филологических дисциплин, в частности, редакционно-издательского и журналистского профиля, теория текста занимает одну из главных позиций. Это объясняется тем, что текст как объект исследования предстает здесь как вербальная информативная единица «в действии», т.е. обладающая прагматическими и функциональными качествами [1].

В исследовании языка СМИ многое уже сделано. Изучены факторы, влияющие на специфику СМИ. По мнению В.Г. Костомарова, особенности языка газеты определяются чередованием стандарта и экспрессии. Другая точка зрения связывает специфику языка газеты с социальной оценочностью. Думается, что обе концепции могут быть объединены, если учитывать, что экспрессия в газете часто принимает характер оценочности. И хотя обе теории разработаны на материале языка газеты, они могут быть распространены и на другие СМИ.

Хорошо известно сильнейшее влияние языка СМИ на современное общество. Трудно назвать какое-либо другое средство или канал информации, которые обладали бы такой силой влияния.

Основные особенности публицистики определяются функцией воздействия. Публицистика не только сообщает, но и размышляет, анализирует, убеждает, агитирует. Воздействующая функция проявляется в языке публицистики глубоко и многообразно – на всех этапах коммуникативной цепочки: автор – речь – адресат.

Язык СМИ, публицистика обогащают русский литературный язык своими прагматической и когнитивной составляющими, насыщая речь оценочными оборотами, формируя отточенную речь мысли – язык политики, идеологии, развивая приемы и методы дискуссии и полемики. Сила и преимущество публицистики, занимающей в языке СМИ важное место, – в прямом воздействии на адресата, аудиторию. Развивая литературный язык, язык СМИ способствует и развитию культуры.

Дидактические свойства и функции сообщений средств массовой информации непосредственно связаны со свойствами медиатекстов, которые не зависят от носителя информации. Рассмотрим, например, свойства печатных текстов.

По виду печатные тексты можно разделить на три большие группы: учебные тексты, тексты газет и журналов и художественные тексты. Эти группы резко различаются по целому ряду свойств.

Учебные тексты призваны отражать научную реальность, в то время как художественные тексты отражают реальность искусства. Тексты прессы занимают промежуточное положение между ними, так как в них мы находим отражение реальности повседневной жизни с элементами как научной реальности, так и реальности искусства. В последнее время явственно проявляется тенденция включения в школьный учебник химии отдельных фрагментов произведений художественной литературы, в которых в той или иной мере нашли отражения химические знания.

Число слоев информации у текстов разных групп различно. Так, традиционный школьный учебник содержит только один слой информации – учебный. То, что в школах используются многоуровневые учебники, не привело к появлению в них нескольких информационных слоев.

В газетных и журнальных статьях кроме непосредственно передаваемой информации практически всегда присутствует личностная оценка освещаемых событий, т.е. информационных слоев оказывается два и больше. «Подводные течения» создают в текстах художественной литературы множество слоев

информации.

Ретинальность медиатекстов, которые адресованы одновременно каждому и никому конкретно, предоставляет прекрасный материал для формирования понимания направленности информационных потоков.

Возможность различной интерпретации, категорически противопоказанная средствам обучения, обладает огромным дидактическим потенциалом. Именно в этом скрываются возможности обучения принятию определенного отношения к получаемой информации, выявлению в ней скрытой составляющей, пониманию мировоззрения автора. На таких материалах очень удобно обучать школьников аргументации собственных высказываний и формировать умение не только слушать, но и слышать оппонента [2].

Обратим особое внимание на междисциплинарность и мультидисциплинарность сообщений средств массовой информации. Использование в одном медиатексте сведений, относящихся к разным областям знания, позволяют эффективно формировать у школьников убеждение о единстве естественных наук, «разрушить» стены между кабинетами физики, химии, биологии, географии. Другими словами, применение в обучении химии сообщений масс-медиа «работает» на установление прочных межпредметных связей.

Современные школьники являются активными потребителями информации различных медиа. По данным исследований, время, затраченное на просмотр телевизионных программ или работу с компьютером, уже приблизилось или превосходит время, которое ребенок проводит в школе [3]. А.А. Журин отмечает, что информация, которую школьники получают из различных медиа-источников, в отличие от учебной, обладает рядом привлекательных свойств: она эмоционально окрашена, актуальна, доступна для понимания детей и подростков. Большое значение имеет также то, что воспроизведение данной информации от ученика не требуется, в отличие от учебной информации, переданной ему учителем или зафиксированной в учебнике. Все это делает медиа, как источник знаний, более привлекательным для учащихся, чем школьные уроки [4].

Некоторые исследователи отмечают, что в сообщениях средств массовой информации подростки не ищут «новые знания», которые им «не додали в школе» [5]. На первое место выходит желание развлечься. Однако многие медиа берут на себя обучающие, просветительские, воспитательные функции. Школьники часто являются зрителями таких телевизионных программ или посетителями таких сайтов в Интернет, в которых значительная часть информации связана с предметами, изучаемыми в школе. Но образовательные учреждения мало реагируют на дидактический потенциал медиа.

Уже в 60-е гг. XX века в ведущих странах мира в педагогической науке сформировалось специфическое направление **медиаобразование**, призванное помочь школьникам и студентам лучше адаптироваться в мире медиакультуры. Цели и задачи медиаобразования учеными разных стран формулируются по-разному. В широком смысле данное направление изучает взаимодействие «медиа» с процессами обучения и воспитания людей.

В документах ЮНЕСКО медиаобразование (media education) понимается как «обучение теории и практическим умениям работы с современными СМИиК, рассматривается как часть специфической области в педагогической теории и практике; его следует отличать от использования медиа как вспомогательных средств в преподавании различных дисциплин, таких, как математика, физика или география».

Интеграция медиаобразования с традиционными школьными курсами предполагает, прежде всего, включение внешкольной информации в контекст базового образования.

При интеграции медиаобразования в традиционные школьные курсы немаловажную роль играет внешкольная информация. Источниками внешкольной информации могут быть: средства массовой информации на печатной основе (книги, газеты, журналы); электронные средства передачи информации (радио, эфирное, кабельное, спутниковое телевидение, видео, компьютерные сети, компьютерные игры, Интернет и др.).

Внешкольная информация может быть применена в учебных целях, поскольку она расширяет представления учащихся об окружающем их мире и процессах, протекающих в нем [6]. Однако можно выделить определенные принципы отбора информации различных медиа для использования на школьных уроках, так как далеко не все оригинальные сообщения средств массовой информации и коммуникации пригодны для использования на уроках или во внеурочной деятельности по предмету.

Чтобы выявить принципы отбора сообщений СМИ и критерии их соответствия этим принципам, необходимо учитывать свойства информации масс-медиа: отражая реальности повседневной жизни и реальности искусства, сообщения медиа дают возможность решения задачи объединения естественнонаучного и гуманитарного знания; особенностью информации медиа в отличие от учебных материалов является возможность использования её на разных этапах урока с разной целью; многофункциональность медиатекстов, которые адресованы одновременно каждому и никому конкретно, предоставляет прекрас-

ный материал для формирования понимания направленности информационных потоков. Этому же служит и многослойность информации масс-медиа. Её основное назначение на школьных уроках может быть определено как обучение «нахождению смыслов», что не могут дать многие традиционные средства обучения; возможность различной интерпретации обладает огромным дидактическим потенциалом. Именно в этом скрываются возможности обучения принятию определенного отношения к получаемой информации, выявлению в ней скрытой составляющей, пониманию мировоззрения автора. На таких материалах очень удобно обучать школьников аргументации собственных высказываний и формировать умение не только слушать, но и слышать оппонента, развивать критическое мышление; особо стоит отметить междисциплинарность и мультидисциплинарность сообщений средств массовой информации. Использование в одном медиатексте сведений, относящихся к разным областям знания, позволят эффективно формировать у школьников убеждение о единстве наук, а применение сообщений масс-медиа в обучении «работает» на установление прочных межпредметных связей.

Информация, составляющая сообщения СМИ, в сущности является внешкольной, но, включенная в контекст образования, она становится учебной и входит составной частью в содержание обучения. Поэтому к отбору внешкольной информации нужно подходить с позиций отбора содержания учебного предмета, в основе которого лежат дидактические принципы [7].

1 Валгина Н.С. «Теория текста» Учебное пособие. – М.: Логос, 2003 г.

2 Уч. Пособие под. ред. Володиной М.Н. «Язык Средств Массовой Информации», 456с. Г.Я. Солганик «Стилистика Публицистической Речи», - М., 2008.

3 Цымбаленко С.Б., Шариков А.В., Щеглова С.Н. Российские подростки в информационном мире. - М.: ЮНПРЕСС, 1998. - 45 с.

4 Журин А.А. Школа, подростки, средства массовой информации, Монография. - М.: ЮНПРЕСС - 2000.

5 Федоров А.В. Молодежь и медиа: проблемы и перспективы//Вестник Российского гуманитарного научного фонда. №1, 2001.

6 Журин А.А. Включение внешкольной информации в контекст базового образования//Перспективы развития общего среднего образования: Сборник научных трудов. - М.: ИОСО РАО, 1998.

7 Назарова Т.С., Полат Е.С. Средства обучения: Технология создания и использования. - М.: Изд-во УРАО, 1998. - С. 33.

Түйін

Берілген мақалада бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерді оқу материалы ретінде пайдалану мәселесі алға тартылған. Негізгі мәселе ретінде БАҚ көздерінен алынған мәтіндерді оқу бағдарламасына енгізудің методикалық ережелерін қарастырады. Оқу мәтіндері жайында жазылған еңбектердің көптігіне және сан алуандығына қарамастан, БАҚ мәтіндерін оқу материалы ретінде қарастыру мәселесі мүлдем талқыланбаған десе де болады. Сондықтан, берілген мақалада БАҚ мәтіндерінің негізгі ерекшеліктері мен оларды жоғарғы сынып оқушылары мен филология бөлімінің студенттеріне арналған оқу материалы ретінде пайдалану аспектілері талқыланған. Сонымен қатар, заманауи ақпарат көздерінен алынған мәтіндерді оқу-тәрбие ісінде пайдалану мәселесі де қарастырылған.

Кілт сөздер: мәтін, оқу мәтіні, медиамәтін, БАҚ, дидактика

Summary

This article presents a problem of using the texts such an educational texts. The essence of the problem is how to systematically organize and implement the curriculum texts from media sources. With a variety of existing benefits of educational texts, issues of media texts for teaching purposes is practically not affected. Therefore, we consider the main specific features of texts and media aspects of the use of these texts as teaching materials for high school students and students of philological department. This examines various aspects of the introduction of modern information sources in the educational program.

Keywords: text, educational text, mediatext, media, didactics

УДК: 811.161.1' 373

ЯЗЫКОВЫЕ ВЫРАЖЕНИЯ ПОХВАЛЫ

Э.Масакова – магистрант 2 курса КазНПУ имени Абая

В воспринимаемых нами текстах представлено не только информационное, когнитивное, но и экспрессивно-эмоциональное содержание. По доминированию названных компонентов содержания квалифицируются речевые акты. Комплимент, лесть, одобрение, оценка, похвала - это речевые акты. Одним из распространенных экспрессив-

но-эмоциональных высказываний является похвала.

Ключевые слова: похвала, адресат, речевой акт, иллюкутив, комплимент, интенция

Похвала – это речевой жанр, в котором говорящий выражает положительную оценку поступка, поведения адресата или лица, не участвующего в разговоре, результатов его труда, предметов, которыми он обладает, рассчитывая вызвать положительную эмоциональную реакцию и самооценку адресата.

Для того чтобы определить коммуникативную цель стратегии похвалы и выявить языковые маркеры данной стратегии, обратимся к понятию «похвала».

Согласно «Словарю русского языка» С.И. Ожегова, «похвала – хороший, лестный отзыв о ком, чем-нибудь, одобрение» (с. 571).

В лингвистике похвалу исследовали как речевой акт, речевой жанр, комплиментарное высказывание, эмоциональный концепт, особый атрибут речевого этикета. В.И. Карасик считает, что похвала – это одобрение, то есть высказанная положительная оценка кому или чему-либо.

Как последовательность коммуникативно-ментальных актов похвалу можно представить так:

«Знаю, что А. сделал нечто хорошее или имеет нечто хорошее и говорю ему об этом; знаю, что А. это будет приятно; говорю это, так как хочу, чтобы А. всегда делал так».

Компоненты оценочной структуры характеризуются разной степенью эксплицитности (словесной представленности) в высказывании.

Как отмечает Е.М. Вольф, «в состав оценочной модальной рамки входят элементы трех типов: те, которые обычно эксплицируются (объект оценки), элементы, как правило, имплицитные (шкала оценок, оценочный стереотип, аспект оценки), и элементы, которые реализуются и в имплицитном, и в эксплицитном виде (субъект оценки, аксиологические предикаты, мотивировки оценок).

Исходя из определений речевых жанров «похвала» и «порицание», можно заключить, что инвариантные денотативно-семантические модели жанров включают следующие семантические компоненты: субъект оценки; его речевое воздействие на объект оценки, то есть собственно содержание оценки; объект оценки, то есть поступок, поведение, либо результат труда; может быть указана степень интенсивности оценки, время, место.

В зависимости от того, какие компоненты семантической структуры выражены, высказывание принимает ту или иную поверхностно-синтаксическую и лексико-семантическую модификацию (реализацию).

Например:

«Я хвалю вас за хорошо выполненную работу». «Вы хорошо поработали», «Хорошая работа», «Хорошо», «Молодец» (*похвала*).

«Я осуждаю тебя за вчерашнее поведение», «Ты вел себя вызывающе», «Плохо», «Стыдно» (*порицание*).

Чтобы получить похвалу, нужно проявить себя с положительной стороны. Похвала может быть направлена на любые проявления личности и отражать самые разные типы оценок: морально-этическую, эстетическую, гедонистическую, психологическую и др. В сферу оценки могут попасть интеллектуальные способности человека, его образование, речь как проявление внутреннего мира, внешний вид и физическое состояние, поведение человека, проявление его отношения к труду, собственности и окружающим людям.

Для положительной оценки похвалы используются следующие коммуникативные тактики: поддержание контакта, эмоционально настраивающие тактики, отвлечение внимания, комплимент, одобрение, признание, благодарность.

В основе похвалы лежат коммуникативные ситуации, которые имеют положительную оценку в картине мира носителей языка (достижения, заслуги). Похвалы заслуживают не только поступки, поведение, деятельность, но и определенные результаты физического и умственного труда, предметы, принадлежащие адресату, его окружение (родители, дети, друзья и т.д.). Положительная оценка дается по самым разным поводам и реализуется как морально-этическая, психологическая, эстетическая и др.

1 Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М.: Рус. яз. 1990. - 571 с.

2 Карасик, В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс - Волгоград: Перемена, 2002. - 312 с.

3 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. - М., 1985. - 47 с.

Түйін

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің негізгі арқауы болып табылатыны бәрімізге белгілі. Сөйлеу әрекеті кезінде әр адам өз ойын, пікірін кеңінен жеткізе алады, сол арқылы қоршаған

ортамен белгілі бір қарым-қатынасқа түседі. Сөйлеу актісі ретінде танылатын бағалау және мадақтау әрекеттері адамдарға оң немесе теріс пікір, баға беруге, сонымен бірге оларды мақтауға өз септігін тигізеді.

Прагматикалық зерттеу тәсілі тұрғысынан мадақтау сөйлеу әрекетіндегі қатысушының тұлғалық қасиеттерін арттыру және жоғары бағалау үшін қолданылады. Өз кезегінде мадақтау әрекеті мына жүйені қамтиды, яғни «сөйлеуші – бағалау және мадақтау сөзтындаушы».

Сөйлеу әрекетіндегі иллокутивтің мақсатына сүйенсек, мадақтау әрекеті әртүрлі жағдайда қолданылады. Біріншіден, баға адамның жасаған ісіне беріледі, бұл жағдайда мадақтау нысаны – жанды нәрсе болып табылады. Екіншіден, бағалау әрекеті адамға және оның қоршаған ортасына қатысты кейбір жағдайларға байланысты беріледі. Ал мұндай жағдайда мадақтау нысаны – жансыз нәрсе болып табылатынын ескергеніміз жөн. Ал жоғарыда айтылған сөйлеу әрекетіндегі «иллокутив» сөзі нені білдіреді? Иллокутив дегеніміз бұл сөйлеу әрекетіндегі сөйлеушінің негізгі ниеті мен мақсатын білдіреді.

Мадақтау – бұл адамзаттың негізгі қажеттіліктерінің бірі екенін мойындағанымыз жөн. Сөйлеу әрекеті кезінде әрбір адам өзін танығанды, бағалағанды және әрине мақтағанды қалайтыны рас. Біз үшін басқа біреулердің пікірін білу, өзгелердің мадақтауларын сезіну, олардың келісімін алу өте маңызды болып табылады. Қорыта айтқанда, мадақтау – әрбір адамның өмір сүруге деген құлшынысын одан әрі арттырады және биік шыңдарға жетелейді.

Кілтті сөздер: мадақ, сөйлеу актісі, иллокутив, комплимент, интенция

Summary

Our texts are perceived by us and have not only informational, cognitive, but also expressive and emotional content. Speech acts are classified according to the dominants of these components of the content: compliment, flattery, approval, evaluation, praise. One of the common expressive emotional statements is praise.

Keywords: praise, recipient, speech act, illocution, compliment, intention

ӨОЖ: 811.512.122 42

Ш.АЙТМАТОВТЫҢ «АҚ КЕМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ «БҰҒЫ-АНА» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

Ж.С. Абитова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2-курс магистранты*

Ш.Айтматовтың бұл туындысында өткен ғасырдағы ұлттық дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді. Шыңғыс Айтматов шығармаларының концептілік жүйесін анықтағанда, олардың «Бұғы-Ана» концептісінен тұратынына көз жеткіздік. «Бұғы-Ана» концептісі қарт шежіре, асыраушы, сырлас сынды логикалық модельдерін тоғыстырады. Ш.Айтматов қолданысындағы тілдік бірлік, Бұғы-Ана жалпытүркілік архаикалық таным-түсініктің тілдегі бейнесін сипаттайтын лингвомифологиялық, лингвофилософиялық, лингвомәдениеттанымдық мазмұнға негізделген концептілер. Біз бұл зерттеуімізде кейіпкерлер танымында көрініс берген лексемалардың концепт ретінде талдауға тырыстық.

Кілт сөздер: Концепт, Жер-Ана, Кейіпкер тілі, Тілдік модель

Автор шығармаларының концептілік жүйесін анықтағанда, олардың «Бұғы-Ана» концептісінен тұратынын анықтадық. «Ақ кеме» шығармасының идеясын меңгеру үшін ең алдымен, образдар жүйесіне терең бойлау түсу керек. Тек сонда ғана көркем шығарманың философиясын түсіне түсеміз. Басты кейіпкер - ертегілер әлеміне сенген, анасын Бұғы-ана, әкесін Ақ кеме, достарын тастар деп білген жетім бала. Жетім баланың танымы арқылы, оның әрекеттері арқылы автор шығармадағы айтпақ болған барлық идеясын жеткізе білген. Бұғы-ана бала үшін тотем сынды. Сейдахметтің «ол жәй ғана ертегі, атаңның, атаң сынды қиялшыл адамдардың ойдан шығарған ертегілері» деген сөзіне еш сенбей, қырғыздардың ата тегі санайды. Ата- баба өмірін еш ұмытпай, даму тарихын қастерлеген жетім бала арқылы автор қырғыз ұрпағының болашағына алаңдайды. Үлкендерді ұрпақ алдындағы жауапкершілікке шақырады. Шығарманың басты философиясы да осында.

«Бұғы ана» лексемасының концептілік мәнін зерттеу барысында қазақ ұлтының танымындағы «Көк бөрімен» салыстыра қарастыратын боламыз. Себебі қазақтар өздерін көк бөріден тарадық деп есептесе, Енесей бойын мекен еткен қырғыздар шежірелерін Бұғы – анадан таратады. «Бұғы ана» концептісі – өмір, ата тек сынды макроконцептілермен астасып жатады. Бұғы сөзінің түсіндірме сөздіктегі лексика-семантикалық мағынасы:

Бұғы. 1. Күйіс қайыратын, сүт қоректі, айыр тұяқты, сала мүйізді ірі аң, тау мен орман жануары. 2. Сол бұғы мүйізінен жасалған, созылмалы ұлан ауруға шалдыққандарға берілетін дәрі. Бұғы белбеу – қалың көннен жасалған жалпақ белбеу. Бұғы қынасы (бот.) – тундрада торфты, батпақты жерлерде

кездесетін сұр түсті майда бұта; бұғы мүгі. Бұғы мойын – жуан күжірейген мойын [1, 232-б.].

Көпшілік қауымның түсінігінде жалпы бұғы – орманды мекен ететін жануардың бірі ғана. Ал, қырғыздар түсінігінде, әсіресе Енесей бойын мекен еткен қырғыз халқы үшін, бұғы – тотем. Қырғыз мифологиясында жаулар қырғыз тайпасының барлық адамдарын қырып кеткенде, жалғыз ғана бір ұл аман қалады. Бұғы ана оны асырап, өсіріп, содан ұрпақтар тарайды. Осылайша қырғыз ұлты аман қалыпты-мыс. Ш.Айтматов «Ақ кеме» шығармасы сюжетінің негізін осы мифтің желісіне құрады.

Жоғарыдағы айтылған ойлар жазушы шығармасында былай көрініс тапқан:

«... Атамның ертегілерінің арасында қорқыныштысы да, қайғылысы да, мұңлысы да көп-ақ. Соның ішінде менің ең жақсы көретінім: Мүйізді Бұғы ана туралы ертегісі. Ыстықкөлдің маңайында тұратындардың бәрі мұны білуі керек. Мұны білмеу үлкен күнә дейді атам. Папа, бұл ертегіні сен де білетін шығарсың? Осындағылардың бәрі шындық, болған оқиға дейді. Бір кездері солай болыпты дейді. Біздің бәріміз сол Мүйізді Бұғы ананың баласы көрінеміз. Мен де, сен де, атам да, әйтеуір, бәріміз де содан тарاپпыз...» [1, 42-б.].

Бұғы ұғымына зоология ғылымында: **«бұғы – аша тұяқты, орман мен тауды мекен ететін аң»**, - деген түсінік беріледі.

Ал «Бұғы ана» концептісіне философиялық тұрғыдан келсек – ол қырғыз халқының ата тегі, ұрпақтар содан тараған. Мысалы, қаламгер шығармасында оған былайша тоқталады: *«Адам баласының дүниеге келуі, өсіп-өнуі ұзақ сапар, ал оны өлтіру оп-оңай. Көзді ашып-жұмғанша бір тайпа ел қырылып қалды. Өзен бойындағы жағалай тігілген қырғыз үйлері, жалын құшағына енді. Жаулар орманнан енді келген бір ұл, бір қызды ғана байқамады. Екі бала шаңның артынан жүгіре жөнелді. Өздерін қырып салған жаулардың артынан еріп барды. Мұны көрген хан қаһарына мініп, кемпірге көзін жоюды тапсырды. Кемпір Енесейдің бойына апарады да, «О, құдіретті Енесай! Балаларды сенің құшағыңа тапсырдым» деп айтуы мұң екен, артына бұрылып қараса, жақын жерден бір дауыс шықты.*

- Сабыр ет, бейкүнә сәбилерді құлата көрме!

Ақсақ кемпір жалт қараса, қарсы алдында маралдың анасы, бұғы тұр екен.

- Мен бұларды ел көрмес, аяқ жетпес алыс өлкеге алып кетем. Рахым ете гөр сәбилерге! Жібере зой!» [1, 53-б.].

Осылайша кемпірдің «ертең бұлар ержетіп, ұрпақ өрбіткеннен кейін, ұрпақтары сенің жақсылығыңды ұмытып, сенің төлдеріңнің көзін жоятын болады» деген сөздерін еш елеместен, Бұғы ана сәбилерді аман алып қалып, өзі өсіреді. одан өрбіген ұрпақ өздерін Бұғы тайпасымыз деп атады. Қыздарын Ақмарал деп атады. Адамдар Бұғының төлдеріне еш тиіспейді екен. Осы бір дәстүр Бұғы әулетінің ең үлкен ақсақалы көз жұмғанға дейін бұзылмапты. Байдың есерсоқ балалары әкелері көз жұмғаннан кейін Маралдың төлдерін қыра бастайды. Осылайша кемпірдің айтқаны келіп, адамзат өз ата тегін ұмытуға айналады. Шығарма желісіне осы бір аңыз арқау болған еді.

«Көк бөрі» концептісіне де философиялық тұрғыдан келсек, этнос танымының алғашқы түсініктері мифология негізінде қалыптасқандығын байқауға болады. Сондай-ақ, түркі халқының танымында «көк бөрі» тотем саналады, түркілер сенімі бойынша қырылған халықты аман алып қалып, асыраған Көк бөрі болып саналады. Қасқырды түріктер «бөрі» дейді. Көне түріктер қасқырды Көк Құрт деп атапты. Яғни түркі жұрты «көк» сөзінің қауызына тек қана түс атауын емес, Көк Тәңірі, Көк Тәңірі, Көк Бөрі, көк аспан тәрізді киелі ұғымдарды да сыйғызған. Түркі халықтарының мифологиясында «Көк бөрі – көк аспандағы Көк Тәңірісінің өзі жіберген, түріктердің тайпасын ажалдан аман алып қалған құтқарушының өзі, ерекше қасиетті аң...» деген аңыз жиі ұшырасады [38, 67-б.]. Қасқырды «киелі» деп табыну қазақ бақсыларының арасында да сақталған. Жебеушісін шақырып, бақсылық өнерінің шыңына жеткен арпалыста көмекке көкжал бөрінің енесі қаншық қасқырды, алты қарыс аш қасқырды, азуы өткір, ашулы жас қасқырды шақырады. Қазақ руларының туында бөрінің алтын басы бейнеленген. XIX ғасырда өмір сүрген ақын Сүйінбай Аронұлы:

Бөрі басым - ұраным,

Бөрілі менің байрағым,

Бөрілі байрақ көтерсе,

Қозып кетер, қайдағым, - демей ме?! [2, 4-б.].

Ел аузында: «Жоңғарларға қарсы жорықта даңқы шыққан Жәнібек ханның бөрі басы тігілген туы жау келердің алдында дүрілдеп, немесе ерекше дыбыс шығарып, алда болар аяқасты білдіріпті...» деген де әңгіме бар. Ш.Айтматов шығармасында концептілік мәнге ие «көк бөрі» көптеген логикалық ассоциацияларды қалыптастырып, бірнеше модельдерден тұрады. Оларды төмендегідей етіп саралайтын болсақ:

1) Қасқыр - дала тағысы болған биологиялық бірлік. Киелі саналатын көкбөріге қатысты тағы бір дерек, ол - оның отбасына беріктігі. Бөрі бір ғана отбасына ие және бөлтірік тәрбиесін толықтай өз

мойнына алған хайуан. Ауыздандыру, бөлтірігін көкжалға айналдыру, қасқырдың құзырындағы міндет. Өзге хайуандарда жоқ бұл қасиет киелі жаратылыс иесін әр кез даралап тұрады.

2) **Көк бөрі – адамзаттың шығу тегіне қатысты күрделі лингвофилософиялық бірлік.** Көк бөріні киелі аң, қасиетті тотем санау Орталық Азиядан алыста жатқан түркі тілдес халықтардың наным, сенімдерінде сақталған. Мәселен, Молдавияның оңтүстік аймағын мекен еткен гагауыздар бүгінгі күні де бөріні тотем санайды. Көкбөрі – түріктердің исламды қабылдағаннан бұрын Орта Азия айналасындағы жол көрсетуші ретінде қабылданған ұлттық символ.

3) **Көк бөрі – этнос өкілдері қастерлеген, ұлт танымында ерекше орынға ие этнографиялық бірлік.** Өзіміздің қазақ салт-дәстүрімізден байқасақ: қасқырдың терісінен бас киім жасалып, онда да жасы келген адамға ғана рұқсат беріліп, ол бас киім бөрінің терісінен жасалғандықтан бөрік деп аталған. Соңынан сөз мағынасының кеңеюіне байланысты барлық бас киімдерді бөрік деп атап кеткен. Бөрінің тырнағын немесе тісін балалардың төсіне, аяқ және қолдарына, киіміне көз тимесін деп тағып қоятын болған. Бөл жәйттің өзі қазақ халқы үшін бөрінің киелі аң екендігін білдірсе керек. Оған дәлел ретінде найман мен уақ руларының бөрі таңбасын айтуға болады.

4) **Тіпті «көкпар» ұлттық ойынын мысалға алсақ.** Жігіттердің күш қайратын, ерлік, ептілігін сынайтын елдің ерекше қасиетін, ерекшелігін танытатын өлттық ойын. Жұрт бір кездері көкпар ойынын «көкбөрі» деп те атаған екен [3, 25-б.].

Концептілік мәнге ие «Бұғы ана», «Көк бөрі» лексемасы Айтматовтың тілінде образдық сипатқа ие болып, таным дүниесінде мықтап орныққанын көруге болады. «... Ыстықкөлдiң маңайында тұратын-дардың бәрі мұны білуді керек. Мұны білмеу үлкен күнә дейді атам. Папа, бұл ертегіні сен де білетін шығарсың? Осындағылардың бәрі шындық болған оқиға дейді. Бір кездері солай болыпты дейді. Біздің бәріміз сол Мүйізді Бұғы ананың баласы көрінеміз. Мен де, сен де, атам да, әйтеуір, бәріміз де содан тараптыз...» [1, 42-б.] Шығармадан алынған осы бір үзіндіге «Бұғы ана» лексемасы тірек болып тұр. «Бұғы ана» концептісінің мәнін білдіретін бірден-бір логикалық модель – «ата тек», әр этностың тараған бұтағы. Ал, қаламгер суреттеуіндегі «көк бөрі» лексемасына тірек ретінде жаралы ана образын алған. Оны мына бір үзіндіден тануымызға болады: Маған көзіңнің қиығын сал, қасқырлардың пірі Бөрі ана! Мен мына сұп-суық таулардың арасында жалғыз қалған бейбақ Аққұрқамын. Ой, халім мүшкіл менің! Менің зарым құлағыңға жете ме сенің? Қайғыдан қан жұтып, іші – бауыр, жатырым өртеніп бара жатқанын, сүттен емшегім ісініп талыстай болып кеткенін көремісің? Емшегімді еметін ешкім жоқ, сүтімді берер біреу жоқ, бөлтіріктерімнен айрылдым ғой мен бейбақ. Есті, есті, есті мені, Бөрі ана, есті менің зарымды! [4, 275-б.] Даланың тағысына тіл бітіре суреттеу арқылы жазушы адамға тән сезімдерді оған да телиді. Кейіптеу арқылы оның да ұрпағы үшін жаны сыздап, ет бауыры езілетінін жеткізеді.

Сонымен, «Бұғы ана», «Көк бөрі» - адамзаттың танымында мифология негізінде ата тек, шығу тарихы, өмір бастауы сынды өзіндік концептілік жүйе құрайтын когнитивтік бірлік.

1 Айтматов Ш. Дала мен таулар хикаясы. – Алматы, 1964.

2 Жиренов С.А. XV-XIX ғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің танымдық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. // - Алматы, 2007.

3 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2005.

4 Әбішев Қ. Ежелгі түркілік дүниеге көзқарас ерекшелігі. // Адам әлемі, - №2, 2008.

Резюме

В этом произведении Ч.Айтматова дается сведений о менталитетах тюркского народа. При лингво-когнитивных исследований произведения Ч.Айтматова выяснилось что состоит из концепта «Бұғы-Ана». Модели концепта «Бұғы-Ана»: карт шежіре, асыраушы, сырлас, и.т. В этой работе мы попытаемся исследовать лексическую единицу «Бұғы-Ана» в виде концепта.

Ключевые слова: концепт, Мать-Олень, язык персонажа, языковая модель

Summary

In this Sh.Aytmatova's work, written national image of the world and it informs the national mentality of the last century. When we explore the concept of the work "Mother-deer" and we realized that consists of conceptions. This "Mother-deer" consists of logical models because: ancient history of the life and the trustee the power of the concept. Sh.Aytmatov used in his work linguistic unity, "Mother-deer" as Turkish-speaking archaic knowledge - which explains lingvomifological, lingvophilosophical, lingvocognition conceptions of paintings.

In this study we tried to explain to a token ring as concepts and tried to prove it.

Keywords: konsept, Mother-deer, language character, language model

ӘОЖ: 82-192

ТҮРІК ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Р.Т. Құлабаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Мақалада түрік әдеби тілінің қалыптасып даму тарихы Осман империясымен тығыз байланыста екендігіне назар аударылып, оның сол дәуірге тән тілдік ерекшелігі айқындалады.

Кілт сөздер: тіл, әдебиет, түрік тілі, әдеби тіл, жазба тіл

Қандай да бір ұлттық тіл мен әдебиеттің кемелденуі жазба әдебиеттің дамуымен тығыз байланысты. Ұлттық тіл мен әдебиеттің жаңа деңгейге көтерілуі, кемелдікке жетуі көне заманнан бері көптеген ойшылдарды толғандырып келген мәселе. Ұлттық әліпби мен жазуды дамыту арқылы жаңа сапаға ауысу, жаңа сипаттағы әдебиетке көшу – көптеген саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік факторларға байланысты. «Тіл – тарихи категория. Ол өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша өрбиді, дамиды, жетіледі. Ешқандай саяси әлеуметтік формацияның ықпалына бағынбайды, бірақ әрбір заман-дәуірде өз халқының өмірімен бірге күн кешеді. Ел басынан өткен өзгерістер тайға таңба басқандай болып жазылып қалады» [1:5]. Тілдің ішкі даму заңдылығымен қатар, сан алуан сыртқы себептердің де тілге тигізер әсерін жоққа шығаруға болмайды. Сондай себептердің ықпалынан ұзақ уақыт өте келе, кез келген тіл өзгеріске ұшырайды. Сондай тілдердің бірі – түрік тілі екені рас.

Түрік әдеби тілінің тарихын баяндамас бұрын, «әдеби тіл» деген категорияның өзі туралы түсінікті анықтап алу қажет. Өйткені «әдеби тіл» дегеннің мазмұны, жөнінде тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы тіл білімінде анық, айқын, үзілді-кесілді айтылған тұрақты пікір жоқ [2:98].

Бірқатар ғалымдар әдеби тіл дегеніміз жалпыхалықтық тілдің өңделіп, қырланған түрі деп таныса, енді бірсыпырасы жалпы хатқа түскен дүниелердің тілін әдеби деп табады. Сондықтан орыс әдеби тілінің тарихын сөз еткен бірқатар мамандар жазусыз әдеби тілдің болуы мүмкін емес деп санайды. «Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» [3:24]. «Әдеби тілдің тарихы – жазба ескерткіштердің тарихы» [4:213]. «Жазу – әдеби тілдің ең маңызды және қайткенде де болуға тиісті белгісі» [5:12]. «Тіл білімі тарапынан алғанда «әдеби тіл» деп тек көркем әдебиет емес, ғылыми зерттеулердің, саяси трактаттардың, газет-журналдардың тілін де, қысқасы, жазба тілді атаймыз» [6:116].

Қазіргі түрік әдеби тілінің сөздік құрамы өте бай, қоғамдық-әлеуметтік қызметі жан-жақты, стильдік тармақтары айқындалған. Түрік тілі түркі тілдерінің солтүстік-батыс бұтағына жататын оғыз тобына кіреді. Көптеген зерттеушілердің пайымдаушыларына түрік тілі әсіресе, осман империясы кезінде араб-парсы тілінің зор ықпалында болған. Мұның ең басты себептерінің бірі – сол дәуірдегі түрік тілінің әліпбиі мен жазуы араб әліпбиіне негізделуі.

Түрік тілі өзінің көне бастауын Талас-Орхон-Енисей жазулары (5-8 ғғ.) мен «Оғыз-наме» жырынан, «Қорқыт ата кітабынан» алады. Сондай-ақ әр кезеңдерде жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құдағду білік» еңбегі, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі, Ахмет Йүгінекидің «Һибат ул һақайық» еңбегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» (10-12 ғғ.) сияқты т.б. жалпы түркілік жазба ескерткіштердің де қазіргі түрік әдеби тілінің қалыптасып даму тарихына тікелей қатысы бар. Мәдени-тарихи хронологиялық тұрғыдан алғанда ерте орта ғасырлар кезеңіне, яғни біздің заманымыздың VII-VIII ғасырларына жататын көне түркі мәдени жәдігерлерін зерттеу – Орхон-Енисей және Талас өзендерінің аңғарынан табылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк деп аталатын үлкен ескерткіштердің мәтіндерінде келтірілген ежелгі түркілердің ментальды әлемі мен көне түркі адамының маңызды құндылықтар мазмұнын түсінуге, ежелгі түркілердің адам және әлем моделін анықтауға мүмкіндік береді.

Түрлі тарихи деректер мен жазба мәліметтерге сүйенсек, түрік ұлты мен оның мемлекеттігінің қалыптасуына түрлі тарихи оқиғалар мен қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар себеп болған. Түрік ұлтының негізін қалаушы оғыздар, селжуктер қазіргі Қазақстанның Сырдария алқабынан ерте дәуірден бастап оңтүстік-батысқа, яғни Таяу Шығысқа қарай жылжи бастаған. Бұл қоныс аударушылық V-X ғасырларда аса қарқын алып, оғыз-түріктердің бір бағыты оңтүстік жақтан батысқа қарай ойыса бастаса, екінші бағыты Батыс Қазақстан өңірін көктей өтіп, Қап тауы арқылы Таяу Шығыс алқабына қоныстана бастапты.

Тарихта Селжуктер деп аталған алғашқы Түрік мемлекеті Кіші Азияда XII ғасырдың соңы мен XIV

ғасырдың бас кезінде құрылып, соның негізінде XIV-XVI ғасырдағы жауынгерлік жаулап алушылық соғыстарының нәтижесінде ұлан-ғайыр жерді иемденген Осман империясы дүниеге келді.

Осман империясы кезінде мемлекеттік тіл, негізінен, османдық (түрік) тілі болды. Жазба әдебиет те жалпыхалық тұтынатын тіл бойынша қалыптасып дамыды. Дегенмен түркі халықтары, соның ішінде түрік ұлтының әдеби тілінің де тарихи даму көзі әрі рухани мұрасы болып табылатын көне түркі және орта түркі дәуірінің тарихи-әдеби жәдігерлерінің осман тілінің негізін құрағаны даусыз. Сол себептен жазуды қолдану, жазба тілге көшу – тіл дамуының жаңа кезеңінің бетін ашатын құбылыс екенін ескере отырып, жазба тілге дейін, жазба тілді бүкіл халық қолданғанға дейін не болды деген мәселеге тоқталмай тұрып, үлкен ғылыми жетістіктерге қол жеткізу қиын екені де анық.

Осман империясы кезінде түрік әдебиеті мен өнері орнығып, өз дәуірінің мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырды. Осы кезеңде әлемді көркем бейнелеудің дәстүрлі әдістері одан әрі дами түсумен қатар әлемдік ағымдардың да жалпылама шартты әдеби бағыт-бағдар бола бастады.

Әдебиет қоғам қажеттілігін өтейтін рухани қажеттілік ретінде өз заманының таным жүйесі бола алды. Дегенмен қазіргі түркітанушылар тарапынан өткен кезең мәдениетін бүгінгі көзқарас ұстанымымен бағалап-бағамдаудың үстемдік алып жүргендігінен болар, османдық дәуір кезіндегі елге толықтай мүлтіксіз қызмет еткен осман тілі мен әдебиетін біржақты бағалаудың басым екенін байқау қиын емес. Мәселен, «Осман империясының уақытында түрік ұлтының тарихы, тілі елеусіз қалған. Ататүрік билікке келген бойда бірнеше рет реформа жасап, негізін қалаған екі мекеме бар. Бірі «Түрік тілі» ұйымы, екіншісі «Түрік тарихы» ұйымы. «Түрік тілі» ұйымы ішінде парсы, араб сөздері әбден араласып кеткен, халық түсінбейтін, оқи алмайтын тілдің орнына таза түркі негіздегі сөздерді жаздыра отырып, тілді тазалау және сауаттандырумен шұғылданды. «Түрік тарихы» ұйымы түрік тарихын ұлттық тұрғыдан жазуды қолға алды.

Осман түріктерінің жазба әдеби тілі қазіргі халықтар мен ұлттардың әдеби тілі сияқты жалпы халықтық емес, хат білетін сауатты адамдар үшін жазылған, сауатты адамдар оқып қолдана алатын жазба әдеби тіл болған. Сондықтан оны кез келген қарапайым адам күнделікті сөйлеу тілі сияқты емін-еркін пайдаланды десек, артық айтар едік. Жазу тілі болғандықтан, әрине, оның өзіне тән орфографиясы мен хат жүзінде қалыптасқан үлгілері, дағдылы дәстүрлері болды. Ол ережелерді көркем шығарма не хат-хабар, іс-қағаздары, тағы басқаларды жазатын адамдар мен оқитын адамдар ғана жетік біліп, ережені мұқият сақтап отырған.

Осман түріктерінің жазба әдеби тілі – сол кездерде бір-біріне әлдеқайда жақын, қазіргі кезде жігі әбден анықталып, жеке-жеке дербес халықтық, ұлттық тілдер дәрежесіне жеткен бұрынғы қарлұқ, оғыз, қыпшақ топтарының құрамындағы түркі туыстас тілдердің бәріне ортақ тіл болды. осы ортақ жазба әдеби тіл XIV ғасырдан бастап XX ғасырларға дейін, яғни жас Түрік Республикасының құрылып, өзінің жаңа тұрпаттағы әдеби тілін қалыптастыруына дейінгі уақытты түгел қамтыды. Бұл тілде бай көркем әдебиетпен қатар ресми іс-қағаздар, дипломатиялық жолдамалар жазылды.

Мәселен, жоғарыда бір рет сөз болған XVIII ғасырдағы осман империясының саяси-экономикалық жағдайын зерттеген тарихшы ғалым М.С. Мейер өзінің «Османская империя в XVIII веке» деген еңбегінде сол замандағы османдық түріктердің тілінде қолданыста болған қоғамдық-саяси, әкімшілік сөздерді келтіріп, олардың түсініктемесін берген [7:236-244]. Олардың басым көпшілігі араб-парсы тілдерінен енген сөздер болып табылады.

Османдық халық тілі мен жазба әдебиетте кең қолданған араб-парсы сөздері түрік тілінің табиғи бітім-болмысын өзгертіп, ұлт рухына әсер етуде деген көзқарасты ұстанған реформашылардың еңбектері нәтижесіз болған жоқ. Олардың үздіксіз еңбектерінің арқасында түрік тілі біршама түпкі түбірін тапқаны рас. Алайда тілдік реформаның зардабы да айтарлықтай болды. Мәселен, Түркі Республикасы құрамында тұрып жатқан, бірақ араб-парсы сөздерін өз тілдерінің айтылым заңдарына негіздеп алып, соларды өз әдеби тілдерінде шектеусіз қолданып-пайдаланатын туысқан түркі халықтары өкілдері жаңа сипаттағы түрік тілінен алшақтай түсті. Себебі олар өз тілдерінде *харф, китаб, хюкюмет, хақиқат, фикир, инсаф, вдалет, дин, худа (құдай), пейгамбер, намаз* секілді араб-парсы тілінің біраз атауларын өзгеріссіз қалдырған болатын. Бұның дәлелін М.Хусаиновтың «Из опыта статического анализа частотности употребления неологизмов в современном турецком литературном языке» деген еңбегінен де көруге болады [8:57-80].

Осман империясы кезеңінде түрік қаламгерлерінің түрлі шығармаларының арқасында түрік әдебиеті біраз дамыды. Әдебиетші-ғалымдардың пікірінше бұл кезеңде философиялық сарындағы туындылар көбейе түскен. Түркілердің османдық дәуірге жататын тілі мен әдебиетінің биік сатыға көтерілуі XIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың соңына дейінгі дәуірге тиесілі. Ал түрік тілін ғылыми тұрғыда зерттеу

және оны жүйеге келтіру XIX ғасырдың ортасында Танзимат дәуірінде бастау алды. . Көптеген грамматика, оқулықтар, трактаттар баспадан шықты. Шамсеттин Сами «Түрік тілі сөздігін» жасады. Түрік тілінің тарихы, қазіргі жағдайы жөнінде К.Эрен, Х.Кун, А.Дильачар, А.С. Левент іргелі зерттеулер жүргізген. Түрік диалектологиясы саласындағы маңызды зерттеулер бар. Негізгі тіл білімі орталығы: Анкара, Стамбул университеттері және Түрік тіл білімі қоғамы болды.

Түріктер ислам дінін, мәдениетін қабылданғаннан кейін араб тілі діни және ғылыми, ал парсы тілі сарай поэзиясының тілі болып қалыптасты. Жазба әдебиеттің алғашқы үлгілері XIII ғасырда пайда бола бастады. Алғашқы шығармалар суфистік үлгіде жазылды.

Көне суфистік шығармалардың қатарына Ахмед Факихтың (1250 ж. ш. ө.) «Дағдыр кітабы» жатады. Оның шәкірті Шейад Хамза «Жүсіп пен Зылиха» поэмасын жазды. Орта Азиялық ақын Джалалиддин Руми (1207 –1273) өлеңді парсы және түрік тілдерінде жазды. Оның ақындық дәстүрін баласы Сұлтан Уелет (1226 – 1312) одан әрі қарай жалғастырды. Дүние кезген дәруіш Жүніс Әміре (13 ғ. аяғы - 1320/21) суфистік өлеңдер шығарды. Түрік тілінде ең алғашқы елеулі шығарма сопы Ашик-паша (1271 – 1332) жазған «Нуғындалушының кітабы» атты маснави-поэма болды.

XI – XV ғасырларда поэзияда Низами Гянцеуидің «Бес дастаны» сюжетінен алынған Ахмед Гермианидің (1329 – 1412) «Ескендірнама», Жүсіп Синан Гермиани Шейхидің (1371 – 1433) «Хосроу мен Ширин» т. б. романтика маснавилері өлеңмен жазылған серілік роман тектес шығармалар болды.

XV – XVII ғасырлар түрік поэзиясының дамуындағы классикалық дәуір болды. Сарай ақындары «Бес дастан» үлгісін жасай бастады. Ахмед-пагда (1497 ж. ө.), Месихи (1470 – 1512), Михри Хатун (1456 – 1514), Махмуд Бақи (1526 – 1600) өз дәуірін жырлады.

XVII ғасырдың басында жаңа сатиралық дидактикалық әдеби жанр пайда болды. Бірақ сыншы-реалист ақындар қудаланды: сатирик Омер Нефи (1572-1635) азаптап өлтірілді. Жүсіп Набидің (1642-1712) «Хайрие» маснавиінде хан сарайы маңындағы екі жүзділік, зорлық, маскүнемдік пен азғындық баяндалды. Алла-Эддин Сабит (1650-1712) «Ғарыштау» поэмасында мұсылмандық әдебиетте бірінші болып, Мұхаммед пайғамбардың жеті қат аспанға ұшуы туралы юморлық шығарма жазды. Ол Ахмед Недимнің (1681-1730) поэзиясына да әсерін тигізді.

XVIII ғасырда суфистік поэзия өркен жайды. Ол әсіресе «Сұлулық пен махаббат» поэмасының авторы Шейх Галибтің (1757-1799) шығармаларынан айқын байқалады. Әдебиетте жаңа жанрлар (драма, новелла, роман) шыға бастады. Ибраһим Шинаси (1826-1871), Намық Кемаль (1840-78), Шемсеттин Сами (1850-1904), Ахмед Мидхат (1844-1913) жаңа әдебиетті қалыптастырды.

1 Аманжолов А.С. Түрік тілі. - Алматы: ҚазМУ, 1983.

2 Виноградов В.В. Проблемы литературных языков и закономерностей их образования и развития. - М., 1967.

3 Будагов Р.А. Проблемы изучения романских литературных языков. - М., 1961.

4 Левин В.Л. История русского литературного языка. - М., 1957.

5 Филлин Ф.П. О свойствах и границах литературного языка // Вопросы языкознания. 1975. - №6.

6 Чикобава А.С. Введение в языкознание. Ч.I. - М., 1953.

7 Мейер М.С. Османская империя в XVIII веке. - М.: Наука, 1991 г.

8 Хусаинов М. Из опыта статического анализа частотности употребления неологизмов в современном турецком литературном языке. Советская тюркология. 1987 г. №4.

Резюме

В статье обращено внимание на тесную связь истории развития формирования литературного турецкого языка с эпохой Османской империи и были выявлены языковые особенности языка свойственный той эпохе.

Ключевые слова: язык, литература, турецкий язык, литературный язык, письменный язык

Summary

In article the attention to close connection of history of development of formation of literary Turkish language with an era of the Ottoman Empire is paid and language features of language peculiar to that era were revealed.

Key words: language, literature, turkish language, literary language, written language

ӘОЖ: 811.93

БАҚ ТІЛІНДЕГІ УӘЖСІЗ ҚОЛДАНЫСТАР

Н.Мамадиярова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Бұл мақалада БАҚ тіліндегі уәжсіз қолданыстар туралы айтылады. Зерттеушілердің түрлі ғылыми пікірлері көрсетіледі. Сондай-ақ бұл мәселенің шешілу жолдары қарастырылады.

Тірек сөздер: тіл, БАҚ тілі, тіл мәдениеті, уәжсіз қолданыстар

Қазақ ұлтының тілі - тарихы мен бүгінгі және болашағы бар ұлттық құнды қазына. Ұлтсыз тіл жоқ, тілсіз сол тілде сөйлейтін, сол тілді дамытатын, динамикалық прогресске өсіретін халық жоқ. Осы себепті қазақ халқының тағдыры да қазақ тілімен тікелей байланысты. Осы кезекте төртінші билік көзі болып табылатын бүгінгі таңда ең үлкен сұранысқа ие, өзекті бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны ерекше. Кез келген ұлттың тілі, жағдайы, әлеуметтегі өзгерісі сол ұлттың бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде телехабарлардан, газет-журналдар тілінен көрініс табады. Ал ақпарат құралдарының тілі көпшілік көрермен қауымға бағытталған, ой-санасына негізделген ауызша әдеби сөйлеу тілі. Қоғамның жан-жақты дамуымен бірге тілдің сөздік қоры мен жиынтығы, сонымен бірге структуралық құрамы да арта түсуде. Академик Мұхтар Әуезовтің айтқанына назар аударар болсақ: «Халық арасында небір жаңа сөз, жаңа терминдер туып жатады, бұл - табиғи процесс. Солардың шала туғандары өліп, мезгілін біліп туғандары қанаттанып, азаматтық сөздер қатарына қосылады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен де кедей де кем де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты» [1, 27 б.]. Ауызша сөйлеу тіліне негізделген бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік дамуға тигізер әсері мен септігі зор екендігі туралы пайымдалып тұрғаны мәлім. Себебі, тіл - тарихи құбылыс, ол әрбір кезеңдерде өзіндік сипатта қолданыс табады. Бұқаралық ақпаратта тіл мезгіл сайын өзгеріске, жаңашылдыққа ұшырайды. Ақпарат құралдарының тілін, оның стильдік ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Осы тұрғыда, тілші ғалым Қ.Есенова «ғылыми еңбектерге жасалған шолудан байқағанымыз, БАҚ тілін іштей функциональдық-стильдік мәселесіне арналған толық жүйелік еңбек әлі күнгедейін жоқ. Алайда соңғы жылдары бұл бағыт зерттеушілер назарын жиі аударып келеді. Әсіресе газет тілінің зерттелуіне байланысты көп жұмыс атқарған орыс ғалымдарынан В.Г. Костомаровтың, Г.Я. Васильеваның, И.П. Лысакованың, О.А. Лаптеваның, ал қазақ зерттеушілерінен Б.Әбілқасымов, О.Бүркітов, Б.Момынлва, А.Алдашева, С.Сапина, Ф.Жақсыбаева, М.Жұмағұлова т.б. еңбектерін айырықша атаған жөн», – деп атап көрсетті [2, 28 б.].

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары саяси, қоғамдық пікір туғызуда ақпарат өндірісінің кеңдігі мен ақпарат тарату жеделдігі, бұқаралық сипаты пәрмендігі арта түсіп, «төртінші билік әлеміне» айналды. Ақпарат құралдарының жетілуіне сай ақпарат өрісі (информационное поле) кеңейе түсті. Мұның өзі әдеби тілдің жалпы лексикалық жүйесіндегі көптеген лексика-морфологиялық бірліктердің газет, микрофон материалдары тілінде тұрақталуына, «мамандандырылуына», стандарттар мен үйреншікті сөз оралымдарының көбеюіне түрткі болады. Экономика мен саясат, ғылым мен білім, педагогика мен тәрбие, әкімшілік пен басқару т.б. салаларға бұқаралық ақпарат құралдары мықтап араласа бастады.

БАҚ өзінің қолданатын техникалық құралдарының түрлеріне байланысты және сол құралдар арқылы қолдантын кодтар мен таңбалар кешені бойынша негізінен үш топқа бөлінеді: визуалды, аудиалды, аудио-визуалды.

1. Мерзімді баспасөзде қос таңбалар жүйесі қолданылады: біріншісі – кәдімгі жазуға түскен тіл, жазба таңбалардың жүйесі арқылы кодқа түскен, коды ашылатын тілдік жүйе де, екіншісі – икондық таңбалар – фотография, сурет, карикатура, эмблема, қаріптік даралаулар т.б. жүйесі.

2. Радио, тілдің ауызша манифестациясы, табиғи дыбыс және әр түрлі дыбыстық шулар мен музыка қолданылады.

3. БАҚ-тың үшінші түрінде тіл, бейне, музыка қолданылады. Сондықтан БАҚ-тағы музыка, сурет, табиғи бейнелер мен дыбыстық шулардың мәні өте күшті, бірақ «табиғи» тіл, кәдімгі тіл әрқашан да доминанталық сипатта болады. Сондықтан қосымша «визуалды-аудиалды» құралдарға қарамастан тіл басты орында болып, публицистика стилі деген бір арнаға тоғысады [3, 42 б.].

БАҚ-тың ішінде газет өнімдері ерекше орын алады. Газет тіліне тән ерекшелік, ең алдымен лексика-фразеологиялық жүйенің құрамына, сол жүйеге енетін сөздің жұмсалып сипатына тығыз байланысты.

Орыс ғалымы Р.А. Будагов: «Белгілі бір кезеңде белгілі бір тілдегі жеке сөздердің, мейлі олар бір сөз табына жатсын, даму бағыты сол тілдің жалпы алғанда түгел сөздің құрамының даму бағытын айқындай алады», - [4, 48 б.] демек публицистикалық шығарма тілі лексикасының құрамы бағзыдан бері қолданыс тауып келе жатқан сөздермен ғана шектеліп қана қоймай, уақыт не заман талабына сай жаңа сөздермен де толықсып, өз қатарына жаңартып отырады. Тілдік диалектикалық даму нәтижесін ақпарат құралының алдыңғы шебінде тұрған баспасөз тілінен анық көре аламыз. Жеке сөздердің дамуы арқылы жалпы тілдік сөздік құрамының дамуын анықтай алуға мүмкіндіктің барын сөз етеді.

Тіл мен баспасөз – егіз ұғым. Қоғамдық-саяси мәдени дүниемізде болып жатқан, өзгеріс тауып жатқан ақпараттар тіл арқылы баспасөз беттерінде көрініс табады. Кез келген ұлттың синхронды тіл білімін зерттеу үшін алдымен оның мерзімді баспасөзіне назар аударамыз. Зерттеу барысында баспасөз тілінің ішкі структуралық құрылымы, фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік ерекшеліктерінен гөрі, оның ішкі мағыналық құрамына яки лексикалық қорына, сөз байлығына, көркемдігіне, бейнелілігіне ең басты назар салады. Себебі, баспасөз тілінің бар мән жайы осында аңғарылады.

Газет тіліндегі қоғамдық-саяси эвфемизмдерге зерттеу жүргізген ғалым Марияш Жұмағұлова қоғамдық саяси-лексиканың баспасөз тіліндегі көрінісіне назар аударады. «Қоғамдық-саяси лексиканың сөйлеу тілінде, кркем шығарма тілінде, ресми іс-қағаздары стилінде қолданылуын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ олардың аталмыш орындарда жұмсалып жиілігі төмен және тұрақты сипаты жоқ. Газет лексикасының – қоғамдық-саяси лексикалық бірліктердің бағалаушы сипатта болуы және сол бағалаушы мәнінің жағымды-жағымсыз болып дихотомиялық жүйе құрайтыны. Газет тілі лексика-фразеологиялық жүйесіне тән тағы бір ерекшелік» [5, 43 б.].

Байқап отырғанымыздай, қазақ тілі білімінде бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде баспасөз, радио тілі, телехабарлар тіліне біршама зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Ал, телехабарлар тіліне, олардың стильдік ерекшеліктеріне қатысты ойлар айтылғанымен, бірізді зерттеулердің арасында академик М.Серғалиевтің 1994 жылы "Халық кеңесі", "Егемен Қазақстан", "Ана тілі" сияқты басылымдарда жарияланған "Көгілдір экраннан айтылар сөз немесе осы төңіректегі кейбір ойлар", "Ой мен сөздің жарасымы немесе телехабарлар тіліндегі кейбір кемшіліктер туралы", "Радио және телехабарлар тілі туралы" сияқты мақалаларынан бастау алады. Кейіннен 1999 жылы "Мемлекеттік тіл: терминология іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі" жинағында жарық көрген "Хабар бағдарламасының стилі мен тілі туралы" атты мақаласы және 2004 жылы ғалым М.Балақаевпен бірігіп шығарған "Қазақ тілінің мәдениеті" атты оқулығы толықтырылып жарық көрді. Бұл ғылыми еңбектерде қазақ тілінің телехабарларды яки бұқаралық ақпарат құралдарындағы жалпы тіл мәдениетіне, эстетикасына, этикалық қағидаттарына, сөз бедерлеудің құралдарына, сөздердің қолданылу заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы айтып, пікірлерін білдірген.

Мәселен, «Шағын радиоақпараттардың тілі» деген мақаласында «сөйлемдердің өткен аптада, кеше сөздерімен басталуы дұрыс, себебі нақты уақытты көрсетіп тұр. Ал келтірілген сөйлемдердің өтті, өтілді сөздеріне ғана аяқталуы стильдік жағынан тыңдарманды жалықтырарлық, авторлықсөздік қорының кедейлігін немесе жөнсіз стандартты танытатын жағымсыз құбылыс болмақ. Сөйлемнің соңында ғана немесе, редактордың сөйлемнің барлық позицияларында сөздердің алуан түрлі келіп тұруын қадағалап, жазба тіліндегі қазақ тілінің мол мүмкіншіліктерін еркін және қисынмен пайдалану керек болады», – деп радио жүргізушілерінің тіл шорқақтығы мәселесін көтереді [5, 148 б.].

Бұқаралық ақпарат құралдарында негізгі хабар беруші, тілдік қатынасқа түсушілердің бірі телехабар жүргізушілері. Ондағы журналистердің сөйлеу мәнері, сөйлеу дағдысы, сөз қолдану лексикасы ең әуелгі басты орында болады. Журналист белгілі бір контексттегі мәтінді оқу барысында сөздің мәнін, мағынасын ашу үшін үтір, нүкте, қос нүкте, нүктелі үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі арқылы сөздің эмоционалды-экспрессивті болуын қамтамасыз етеді. Осы жазуда қолданылатын белгілерді ауызша жандандырады. Осыдан ақпарат жеткізуші журналисттің сөйлеудегі логикалық екпіні, темп (қарқыны), негізгі тоны, пауза (кідіріс), мелодика (әуезділігі), ритм (ырғақ) сияқты біршама интонациялық компоненттерінің септігімен орындалып отыратыны мәлім. Ақпарат таратушы журналист ақпарат қабылдаушыны өзінің дауыс ырғағымен, саздылығымен, әуезділігімен, табиғи мәнерімен баули білуі қажет. Бұл көпшілік көрермен қауымға әсер етуші фактордың негізгі аспектісі. Ғалым М.Балақаев: "Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық", - [6, 25 б.] деп атап көрсетеді.

Тіл орашолоқтығы баспасөзден гөрі телехабарларда жиі байқалады. Түрлі коммерциялық, тәуелсіз телеарналарда мемлекетіміздің 50-де 50 тіл бағдарламасын әйтеуір орындасақ болды деген желеумен

комментатор, диктор, тіпті тележурналист мамандарын ешқандай байқау, сынақсыз қабылдайды. Ал ондай мамандар әдеби тілдік норманы, сөйлеу мәдениетінің табиғатын білмек түгілі, ауызекі, тұрмыстық сөйлеудің өзін (акцентпен) бұзып айтады [7, 175 б.].

Жас ғалым А.Жүніс тележурналистер тіліндегі кемшіліктерді атап көрсетеді. Олар:

- орыс тілді мәтіндерден тікелей аударудың нәтижесінде болатын қателіктер;
- тележурналистердің тілінің шұрайсыздығы;
- сөйлемдерді айтқанда, интонацияның дұрыс қойылмауы;
- сөз тіркестерінің дұрыс қолданылмауы;
- оқу мақамын дұрыс меңгермеуі;
- мәтінді нақышына келтіре білмеуі;
- екпіннің дұрыс қойылмауы т.б [8, 1-2 бб.]

Осындай олқылықтар біздің бұқаралық ақпарат көздерінің қай-қайсысында кездесіп жататындығы рас. Сөйлеу арқылы журналист тыңдарманды сендіріп қана қоймай, әсем қоңыр дауысымен еліктіре, тарта да білуі керек.

Тіл жанашыры Мырзан Кенжебай: «Ана тілі» басылымының 2013 жылғы ақпан айындағы санында «Телеарналар тілбұзарға айналды», - деп дабыл қағуындағы пікірлер өте орынды. Сөзіміз дәлелді болу үшін, ақын айтқан төмендегі мынандай мысалды алдық... «Телеарнадағылар бір бұзақы полицияның қолына түссе, яғни, қамауға алынса, не тұтқындалса, оны «темір торға тоғытылды» деп шешенсуді де әдетке айналдырды», - дейді Мырзан Кежебай. Шындығында, қазір телеарналар тілшілерінің ең көп қолданатын сөздерінің бірі **«тоғытылды»**. Лингвист мамандардың пікірінше, тоғытылды сөзі қой, ешкі малына байланысты ғана айтылады, жазылады делінген. Тоғытылды сөзі төрт түліктің ішінде жылқы, түйе, сиыр емес **«қой тоғытылды»** бір отар қойды суға түсіріп, жүнін жуса, қазақ оны **«тоғыту»** – қойға қотыр түспеу үшін, сондай-ақ әртүрлі ауру тарататын кенелерге қарсы алдын ала жүргізілетін сақтық шара. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты шығарған «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **тоғыт-е.т.** қотыр қышыма ауруларына қарсы ағынды (не дәрі енген) суға қой ешкіні салып, жүздіріп өткізу. Мысалы: **Тоғытқан** қойдай үйме- жүйме болды (С.Мұқанов шығармаларынан.) [9, 785 б.]. Мемлекеттік тілді дамыту институтының сайытынандағы түсіндірме сөздікте (**тоғытты**) екінші ауыспалы мағынасы: тоқтаусыз бастырмалтып жіберу, бірінің артынан бірін шұбырту. Тоқсаннан асқан Жамбылың жыр **тоғытты** тағы да (Жамбыл) [10].

«Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген Абай аманаты қазіргі сөз тізгінін ұстаушы, әрбір журналист-қаламгердің қаперінде ұстанатын қағидасы болуы шарт. Өйткені дәуіріміздің «көзі», «құлағы» болып отырған бұқаралық ақпарат құралдары – тіл, сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын негізгі қоғамдық сала екендігі басы ашық жайт.

Сөзге жауапсыз қарау дағдымызға айналып кетіп жүрмесін. Әсемдік әлемі деп алынып жүрген эстетикалық санатқа айналған ұғымды ендігі жерде әдемілік дүниесіне айналдырып, қарабайырланудың қажеті жоқ. Қағаз бетіне түсер алдында ұғымның немесе сөздің осы уақытқа дейін қалай айтылып, жазылып жүргенін ой елегінен бір өткізіп алған, бұрынғы тәжірибені мансұқ етпеген жөн.

«Сөздің журналистикада алар орны ерекше. Мәселен, сөздің ақпараттық сипатын айтар болсақ,

- Сөз – ақпарат сақтаушы тілдік бірлік;
- Сөз – ақпарат жеткізу және тарату құралы;
- Сөз – ақпарат алу құралы;

Сөз – ақпарат алмасу құралы» [11; 74], – деген тұжырымға келуге болады. Ендеше журналист сөзбен жұмыс істегенде аса абай болуы тиіс. Телевизияда журналистің сөйлеу барысында кеткен қателіктерін бейненің әсерлілігі жуып-шайып кетуі мүмкін. Алайда радиода басты құрал дыбыс болғандықтан, жүргізушінің әр сөзі тыңдарманға анық естіліп, кеткен қателіктер саналарында жаңғырып тұрады сөзсіз.

Журналистің сөз өнерін меңгерудегі негізге алатын басты қағидаларының бірі – Бөлтірік шешеннің: «Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет» деген нақылы. Журналистер айтар сөзін ақылмен сайлап алып, жүрек қалауымен тіл қатып, «тіліне ұят сіңген» жандардың қатарынан орын алса, нағыз абырой мен беделге қол жеткізеді» Телевизия саласында жұмыс істейтін журналистерге сауатты да дұрыс сөйлеу аса маңызды критерий болып табылады. Халықтың сүйіп көретін, барлық ақпарат құралының ішіндегі ең пәрмендісі – осы телевизия саласы. Қазақша ойламайтын, ұлттық тіл білімінің қарапайым ережелерінен бейхабар адамның тіл білімі саласына келмегені дұрыс, егер ол сөз қайталау, ой қайталау, қала берді, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесін білмесе, ол халыққа ақпарат жеткізіп қарық қылмайды, мұндайлар әлдебір ресейлік журналистердің мақамына дейін көшіруге әуестеніп кетеді. Қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің өрескел қателіктері кешірілмеуі тиіс. Тілдің тазалығы – көпке ортақ талап.

Академик М.Серғалиев тележурналистердің ауызша сөйлеудегі дауыс мәнеріне ерекше назар аударған. Журналистер ақпарат беруде тыңдарман қауымның интенциясын яки тыңдауға, қабылдауға деген құштарлық-құлшынысын, ниетін арттыру ең маңызды аспект деп таныған. Себебі, адамның танымында акустика мен артикуляция феномендері тікелей тілге сайып келетіні анық. Ғалым: "Орфография мен орфоэпияның заңдылықтарын сақтау сауатты жазу және дұрыс сөйлеу мәдениеттілігінің көрінісі болып табылады", - дейді. Көпшілік алдында ақпарат беруде нақты қалыптасқан жүйенің, нормативті норманың болуы негізгі принцип ретінде қарау. Тұрмыс-тіршіліктегі, ауызекі сөйлеудегі, қарым-қатынастағы жалпы айтқанда коммуникациядағы сөйлеу не дыбысталу ерекшеліктерін қалыпты межеден ауытқып кетпеуі, сауатты әрі әдеби сөйлей білуі шарт деп есептеді. Ғалым дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар беретін бүгінгі қоғамда аса актуальды қажеттілік туғызатын құралдың бірі орфоэпиялық сөздік құрастыру мәселесі болып отырғаны туралы сөз етеді. Осы ретте Серғалиев: "Радио мен теледикторларға, комментаторларға, жалпы эфир арқылы ақпарат берушілерге арналған орфоэпиялық сөздік жасаудың кезі келді. Ондай сөздікті бір немесе екі автордың құрастыруы, тіптен жеткіліксіз, өйткені мұндай сөздік қазақ сөздерін түгел қамтымаса да, басым көпшілігін жинауға тиіс; оның үстіне жаңадан пайда болып жатқан сөздердің енгізілуі жөн; мыңдаған жер-су атаулары, ел, мемлекет аттары сөздіктен сырт қалмағаны жөн" - дейді. [5, 136 б.]. Ғалым қазақ тілінің әдеби тіл нормасының дұрыс қолданылуын, жарасымын, тазалығын, көркемділігін, мәнерлілігін, мәдениетін басты көрсеткіш ретінде бағалаған.

Қай қоғамда да халықтың жігерін тасытып, жанын баурап, қуаттандырған да осы – тіл құдіреті. Тіл мәдениеті – сауатты да әсем, мәдениетті де сыпайы сөйлей білу, сөзді әсерлі де орынды етіп қолдана алу шеберлігі деп білеміз. Қазақ – озық ойлы, ақын жанды, шебер тілді, шешен халық. Тілдің тазалығы, құнарлы да таза сөйлеу, тіл дұрыстығы, тіл мәдениеті - келешектің қандай кезеңінде де басты талабы болып қала бермек.

1 Оразалы Ш., Нұртазин М. "Тілге де тірек керек". – Астана, 2003ж.

2 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы: 2007. – 450 б.

3 Жұмағұлова М.Ш. Газет тіліндегі саяси-қоғамдық эвфемизмдер. Оқулыққа көмекші құрал. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 125 б.

4 Будагов Р.А. «О предмете языкознания» 1972 ж, - М.

5 Тіл саясаты: тағылым мен тәжірибе. – Алматы: «Арда», 2005. – 256 бет.

6 Асанов Ә. Сөз өнері және журналистика. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. – 172 бет.

7 <http://www.eni.kz/repository/repository2013/TELEZHURNALISTIN-SOILEU-MADENIETI.pdf>

8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2008 ж. - 968 бет.

9 <http://mti.kz/til-bilimi/sozdikter/tusindirme-sozdik>

10 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.

Резюме

В этой статье говорится о необоснованных словоупотреблений в языках СМИ. Показывается разные мнения исследователей. А также рассматривается пути решений этой проблемы.

Ключевые слова: язык, язык СМИ, культура языка, необоснованные словоупотребление

Summary

In this article it to be told about unreasonable word usage in the mass media languages. Is shown different opinions of researchers. And also is considered ways of solutions of this problem.

Key words: language, mass media language, culture of language, unreasonable word usage

ӨОЖ: 82-1/29

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫ

Дәуітәлі Гүлзат – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Бұл мақалада ХХІ ғасырда жазылған романдардың жазылу ерекшеліктеріне тоқталады. Романның жазылуы мен автор көтерген мәселелер талданады. Романның тілі, ондағы детальдар арқылы романның идеясы, автор ойы анықталады. Сол арқылы қоғам келбеті ашылады.

Кілт сөздер: постмодернизм, роман, кейіпкер, тұлға, болмыс

Әдебиет – өмір құбылысын, өзгерісін, дамуын, сонымен қатар, әр дәуірдегі адамдар образдарын өзіне тиек ете отырып дамиды. Қазіргі қазақ романдары да соның айқын дәлелі. Өзінен бұрынғы дәуір әдебиеттерімен біте қайнасып, арасын алшақтатып, үзіліп кетпей, әдеби жалғастықты сақтай отырып, өз даму бағытын қалыптастырып үлгерген ХХІ ғасыр романдырының өз ерекшелігі бар. Қозғалатын мәселе бір нәрсе. Халық өмірі, халық тағдыры, ұлттық дүниетаным, өмір қозғалысы мен өзгерісі. Тек сол тақырыпты қозғай отырып, авторлық идеяны жеткізуі бөлекше. Ондағы кейіпкер болмысы, психологиясы өзгеше. Бұның басты себебі, әлемдік өркениеттің әлем әдебиетіне әсерінен. Қазақ әдебиеті әлем әдебиетінің бір бөлшегі ретінде болып жатқан өзгерістерден қалыс қала алмайды. Мысалы, қазіргі таңда әлем әдебиеті өкілдерінен түрік жазушысы Орхан Памук, Қытай жазушысы Мо Янь, тіпті ирландиялық жас жазушы Сесилия Ахерн шығармаларын да айтуға болады. Әдебиеттің бағытын, дауындағы болатын өзгерісті ешкім де қолдан жасамайды. Ол өздігінен жүріп жататын процесс. Бірақ ол заманның психологиясына қарай отырып өзгереді. Бұл постмодернистік бағыттың да әдебиетке келуі соның айғағы.

Қазіргі қазақ романдары түгелдей постмодернистік бағытта, жаңа бағытта жазылып жүр деп айту да, немесе мүлдем бұл бағытты қабылдаған жоқ деп айту да қиын. Дегенмен жаңаша ойлайтын, жаңа дүние жасау арқылы, жаңа образ сомдау арқылы өз заманындағы өмір шындығын, тіршілік тынысын көрсеткісі келетін авторларымыз бар.

Атап айтар болсақ, Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» (2003) романы, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» (2003) романы, Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» (2003) романы, және т.б. романдары бар.

Ғасыр басында оқырман жұртшылықтың назарына іліккен туындылардың бірі – Мұхтар Мағауинның заманауи тақырыпқа арналған «Жармақ» (2009) атты романы. Қаламгердің ұстанатын негізгі тәсілі – постмодернистік бағдар.

Яғни, тұлғаның екіге жарылуы. Бір адамның екі түрлі бейнедегі екі түрлі көзқарасы. Оған нақты дәлел – Мұрат Қазыбековтың, бас кейіпкердің бөлменің жарығы өшіп, қайта жанған кезде басқа ортаға, басқа көркемдік кеңістікке тап болуы және сол ортада тура өзінен аумайтын екінші тұлғамен, Марат Қазыбековпен ұшырасуы. Одан арғы әңгіме сюжеті екіге жарылып, екі басқаша өмір сүріп кеткен бір адамның кереғар көзқарастарының қақтығыстарынан тұрады. Түп негізі бір болғанымен, мұндай адамдардың бір-бірімен айтыс-тартыстары арқылы үлкен қоғамдық, саяси-тарихи мәселелерге қарай ұласып, қазақ халқының тағдырына қатысты көптеген жағдаяттардың ашылуына әкеліп соғады. Бас кейіпкер Мұрат Қазыбековтың жан дүниесін алай-дүлей еткені жағдай – өзінің екінші сыңарының, былайша айтқанда, Жармағы Марат Қазыбековтың өмір жолын мүлде басқаша құрғандығы, оның өмір сүру қағидаттарының өзінікіне мүлде қайшы болып табылатындығы. Оқиғалардың психологиялық шиеленісі осы көзқарас айырмашылықтарынан бастау алып, ары қарай біршама күрделене түседі.

Кейін бас кейіпкердің сыңарымен қайтадан жолыққандығы әңгіменің барысы өмір философиясын індете қазып, ішкі жан дүниесін ақтара сөйлеуге алып келетін тартысты жағдайға әкеліп соғады. Түбі бір адамнан тараған осы екі тұлғаның романның өнбойында созылатын тайталасы арқылы қазақ патриоттарының ой түкпірлерінде жүрген ұлттық тұрғыдағы талай мәселенің көбесі сөгіледі. Ішінде әріден қозғалып келе жатса да, шешімін таба қоймайтындары да бар. Шығарманың жалпы мазмұны шешуі қиын соқталы проблемалардан тұратындығы кейіпкердің жекелеген монологтарынан аңғарылады. Оқиға бірінші жақтан баяндалатындықтан да, бұл арада баяндаудың өзі бас кейіпкердің монологына айналып отыратынын да ескеру керек.

Осындай романдардың қатарына тағы да «Талтүс», «Мұнара», «Гүлдер мен кітаптар» романдары да жатады. Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы – нағыз постмодернистік бағыттың жемісі. Романдағы бас кейіпкер Әлішер – жазушы. Роман әу бастан-ақ кейіпкердің түс көру сәтінен басталады. *«Жер бетін тұман басты. Содан кейін аспан салбырап төмен түскен. Еңсені көтеріп жүру мүмкін болмай қалды, адамдар бойын тіктеп тұра алмаған соң, жер бауырлап еңбектей бастады. Қорлықтың ауыры құнысқан жауырынды жазып тік жүре алмауда екен. Жорғалап келе жатып ол жердің иісін таныды, кітаптың иісі шығады. Кәдімгі шаң-топырақ басқан сары ала байырғы қағаздың таңсық оқшау иісі тап иегінің астынан аңқып тұр.*

Аспан мен жердің арасын бозамық қалың тұман жапқан. Неткен бұл заман болды, ешкім ойланып үлгерген жоқ, аласапыран аяқ астынан бауырына алып жаншып тастады. Ол ақ шаңқан бұлт ішімен жайлап ақырын жүзіп келеді. Жан-жағына абайлап үнсіз қарап қояды, халық сапырылысып жатыр, жұртты тегіс үрей билеген, мұндай күннің тууына кім жазықты, оны білетін адам бар ма екен. Әлішер сауалына жауап беріп жатып оянып кетті...» [1,6]. Автор кейіпкерінің бірден түс көруінен бастайды. Әлішер сауалына жауап беріп жатып оянып кеткенімен, бірақ нендей жауап, бұл түс ненің нышаны дегенді ашып айтпайды. Оқырманның еншісіне қалдырылады. Бірақ түстегі аласапыран дүние, тік жүре

алмай, жер бауырлаған адамдар, топырақтан шыққан сарғайған кітаптың иісі...бұның бәрі алдағы роман-ның оқиға шиеленісінің алдын-ала ескертпесі сияқты. Постмодернистік бағыттың кейіпкеріне тән белгі бұнда да басынан-ақ менмұндалап танылып тұрады. Мысалы, кейіпкер «Нені білдірді екен соншама түсініксіз түс. Топырақтан кітаптың иісі шығады. Жаратқан құдай қандай белгі жіберді, қай тұстан мен қата бастым, оны маған таба қою қиын шығар. Дегенмен, жақсы ырым емес. Әлде, мен теріс жорып тұрмын ба, қағаздың топырақтан иіс тартуы бір қасиетті меңзегені болуы да мүмкін...» осылайша Әлішер екіұдай күй кешеді. Түсін қалай жоруға болатынын ойланады. Әлішер тарихи роман жазу үстіндегі жазушы. Жазушы өзіне үлкен мақсат жүктейді. Сонау түркі халықтарына ортақ тарихты тірілтісі келеді. Ол үшін маңызы зор, оқиғасы ерекше кітап жазу керек. Бірақ кітап мәселесі қалай болмақ? Бүгінгі таңда кітаптың орны қалды ма? Бұл роман бойындағы өзекті мәселе. Автор бұл романда екі дәуірді қоса суреттейді. Бірі – ескі түркі дәуірі. Бірі – қазіргі өз заманы. Жазу столына отыра бергенде есік қағатын кейіпкерлері де өте көп. Олар: Марфуға, қазақ ақындары, сығандар, б. Осы үдіксіз есік қағып келіп тұрған кейіпкерлерінің іс-әрекеттері арқылы автордың бүгінгі өмір құбылысына деген сыни көзқарасы айқындалады. Ескі дәуірді суреттеген тұстарынада сол дәуірге ораласың, көз алдына кең-байтақ түркі дәуірі елестейді. Ал, бүгінгі заманға оралғанда, оқыған адамның бойын іштей бір қынжылыс билейді. Көлемі шағын болғанымен, роман таза философияға құрылған. өн-бойынан өмір өзгерісіне деген әр адамның қиялындағы сұрақтарға жауап та табылады.

Романда айтылатын кітаптар, гүлдерге негізгі ауыр салмақты салады. Кітап – парасат белгісі. Гүл – нәзіктік. Олай болса автордың кітап пен гүлді негізгі тірек ретінде алуының негізі де ашылады. Романның «Әлішер» деп аталатын бөлімінде сексеннен аса гүлдің атауы берілсе, «Кітаптар» бөлімінде екі жүз жиырма бір кітаптың аты беріледі. Ал «Гүлдер» аталған бөлімінде сексен жеті гүлдің атын атайды. «Қаламгер» бөлімінде үш жүз сексен жеті автордың есімі аталады. «Гүлдер», «Кітаптар», «Қаламгерлер» аталған осы бөлімдерден ортақ түйгенім – кез келген шығармашылық иесінің жан-дүниесі нәзік. Ол мынау аласапыран өмір өзгерістері оған өз әсерін тигізери шындық. Қаламгер парасат иесі. Парасаттылықты кітаптан алады, кітаптарда өткен тарих сыры бар болса, шығармашылық иесі жан-дүниесімен оны сезінеді. Бұл үш нәрсе қаламгердің бойында бар дүниелер, жоғалмайды да. Бірақ қоғам оны түсіне ме? Жоқ. Қазіргі қоғам кітап оқымайтын қоғам, парасаттан алыстаған, нәзіктікті сезінбейтін әлем. Автор соған іштей қынжылады.

Бас кейіпкер Әлішердің өз ата-бабалары туралы тарихи роман жазуына мұрсат бермей, қайта-қайта есік қаққандардың ішіндегі ақындар да болады. Жарқын шығарған өлеңдер жинағын жужуға келген үш ақын да Әлішерге ой тастап кетеді. *«Мәселе адамның көңілінде ме, деп топшылады Әлішер, мәселе ойдың көңілінде еме пе. Дүниені ойдың көңілі билейді. Көңілсіз ой ешқашан жылы қабақ танытпайды, ол оның табиғатында жатыр»* [1,68]. Міне, Бұл ішкі ой «- Әлішер, сіз неге көңілсіз отырсыз?» деген сұраққа жауап. Сұраққа жауап ашық айтылмай ішкі бір философиялық оймен беріліп отыр. Жалпы роман көлемі шағын болғанымен, ерекше айтар ойы бар, философиялық мені бар роман. Романға арқау өмір мәніне қатысты автор жанын жегідей жегіген мәселелер. Дін туралы да айтылып өтеді. Дегенмен, романда басынан аяғына дейіе Әлішер торығыумен болады. Постмодернистік бағыттың кемшілігі де осында шығар, кейіпкерлер өмірден торыққан, жалғызсыраған, өмірден жалыққан деген сияқты поппов көзқарастарға толы болатыны. Тіпті Әлішер өз-өзіне қол жұмсауға дейін барады. Тіпті жазған қолжазбаларын өртеп тастап та отырады. Бұл сол постмодернизмге тән попповтіктердің айқын көрінісі.

Қазіргі заманғы романдардың тағы бірі – «Мұнара». Роман үлкен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі «Бала бағуші». Екінші бөлімі «Соңғы жолбарыс». Бірінші бөлімінде Москва қаласында студенттік тәтті ғұмырының соңғы жылын аяқтауға шақ қалған студент қыз Айжанның басынан кешкен қиындықтары мен сол күндерден түйген ойлары сөз болады. *«Әркім өз өмірін тілеп алады деген қисынды сөз. Бұл өзі кездейсоқтықты жоққа шығара алса да, жазымыштан озымыш жоқ екенін, шығасыға иесі басы болмағын айғақтаса керек. Өйткені аңдаусыздыққа бағынбайтын адам баласының қызыл тілі есер. Қадим заманнан солай қалыптасқан: әуелі тентектік, соңынан көппістік. Тағдырдың талкегі емес, өмір сонысымен қымбат. Түп негізінде ажалды жан болып жаралған соң адамды өзінің тілі мен жағы сүйреп жүреді. Күйініш пе, сүйініш пе – өмір мен өлімнің өзегі бір, оны қанатынан сөгіліп жерде қалған құс қауырсыны мен бұтақтан жұлынған жас жапырақтың және дастархан бетінен көрдім. Шабақ балықтың жалаңаш сүйек түзілісінің кескіні, қауырсын мен жапырақ бәрінің де сурет бедері, нобайы бір-бірінен аусаиы»* [2,5]. Бұл романның басталар алдындағы бөлім. Осы абзацтағы мына бір сөйлемнен-ақ алдағы роман желісіндегі айтылр ойды сәл де болса аңғаруға болады. Яғни, *«әуелі тентектік, соңынан көппістік»*. Демек, оқып отырған автор дәл білмесе де бір кейіпкердің басында шат ғұмыр кешіп, одан кейін қиын күндер кешкен екен-ау дері анық. Студенттік өмірінің бал күнін Москва қаласында өткеріп,

қаланың әр жерін өзіне ыстық сезінген Айжанның көңіліне бір мұң ұялайды. Бірақ саяси өзгерістердің тууына байланысты ауылдан, анасынан келіп тұратын сәлем-сауқат пен ақшадан қолы үзіліп қалған Айжан күтушілік жұмысқа тұрады. Орыс отбасы дегенмен, бір қызығы бұл үйдің қожайын әйелі қазақ қызы. Оқиға осы «қожайын әйел» мен оның қызы Ритаға болған Айжанның көзқарасы арасында болады. Ақшадан қысылып жүргенде күніне берілетін 5000 сом әжептеуір өзіне көмек болатынын біліп келіскен Айжан, соңына келген күнін санап тауыса алмай кетеді.

Өзі ештеңеден қысылмай, мұқтаждық көрмей өскен қазақ қызы үшін біреудің үйін тазалау – намыс. Дегенмен амалсыз көндіуге тура келген Айжан былай дейді: *«Жамал отырған бөлмені жуу менің еншіме тигені тым сүйкімсіз сезілсе де, шелектегі суға шүберекті матырығышпен шаң сұртуге кірістім, сонда тезірек тазалап бітіп, тайып тұру дүниедегі ең жағымды ойға айналды. Жамалдың айналасында еден сұртетін жуғышты ұстап күйбеңдеп жүргенде, мен оған көз салмауға тырыстым...»* [2,22] дейді де тағы былай дейді «демек бұл фаниде неге болса да шыдап, көніп бағудың арты жаман болмайды».

Бәрінен қиыны кішкентай Ританың өзін қожайын сезінуі. Ақылды Рита көп кітап оқиды, көп нәрсені біледі. Бірақ әркімді сынап, мінеуге, қожайындық көрсетіп әр нәрсеге жұмсауға бейімдігі. Автордың осы жөніндегі көзқарасынан қазіргі заман балаларының бойындағы қасиетті де аңғарамыз. Бала ғой деуге болмас. Бүгінгі бала ертеңгі халық. Романда постмодернистік бағыттың бір көрінісі оқшаулану – осы Рита әреуіскі асын дұрыстап ішкен кезін әлі көрген жоқпын. Ыстық асыңды іш деп жүз қайталасаң да меңіреу-ше селт етпейді. Алдымен телевизордан айналдыра мультфильм аулайды, ол табылмаса кітапқа бас қояды». Бар дүниесі дайынға үйренген бар баланың бойындағы осы қасиет. Демек, бұл осы заманғы балалардың типтік бейнесі бола алады. Ата-анасының жақсы жағдай жасауы бұл дүниеде қиындық атаулы бар дегенді ұмыттыратыны шындық. Соған масайраған бала Рита ешкімді көзге ілмей, бойына тоғытпай өсіп келеді. Бұл қоғам әсері. Ол қоғам мүшелерінің әрқайсысына өз деңгейінде әсерін тигізеді. Бірақ бала қай заманда да бала болуы керек еді, олай болмай шықты. Капитализм балаға да әсер ете білгенін көреміз. Әйтпесе ата-анасы үш-төрт жылдың алдында ғана жатақханада тұрған бұл отбасы дәулеті де оңай келмегенін аңғарамыз. Бұл үйдегі екі бала күтуші, алғашқысы Лилия мен соңғысы Айжан, екеуі екі түрлі бейне. Лилия жағымпаздана жүріп, отбасындағылардың ішінен кіріп, сыртына шыға жүріп, бар дүниесін алып кетіп жүре береді. Айжан өзін паң ұстайды. Өзіне тиесілі емес нәрсеге саусағын да тигізбейді. Осы арқылы қазақ қыздарының тектілігін, ешкімге бас имес тәкаппар өрлігін де білеміз. Бірақ қожайын әйел Жамал сол Лилияны жақсы көретін сияқты. Тіпті ақшасын ұрлап кетсе де кешіру ақылға қонымсыз болып көрінеді.

Екінші бөлімі, «Соңғы жолбарыс». Бұнда автор бастан-аяқ тектілік туралы айтқысы келгені жасырын емес. Сол жолбарыстың бойындағы тәкаппар, тектілікті аңғартатын қасиеттерді сүйсіне тілге тиек етеді. Екі бөлімді де байланыстыратын асыл қасиет – тектілік қасиеті.

Постмодернистік бағыттағы бұл роман позитивке толы роман. Айжан да басына түскен қиындықта қасқая отырып жеңеді. Өзі суреттеген жолбарысы да сондай қайсар. Оқыған адамға рух береді, жігер береді, сенім береді.

Қорыта келгенде, ХХІ ғасыр романдары аса күрделі сипаттарды қолдана отырып жазылады. Бағыты постмодернизм болғанымен, ХХІ ғасыр романдары философиялық, психологиялық, әлеуметтік, тағы басқа әр түрлі романдар жазылып жүр.

ХХІ ғасыр романдары зерттеуді аса қажет ететін күрделі кезең болып табылады. Себебі, өзінен бұрынғы әдебиеттен үлгі алып, фольклордың өзін басқа сипатқа айналдыра отырып, бүгінгі күннің сипатын дәл көрсете білу, аса шыншылдық, терең байқағыштық бұл – бүгінгі романның ерекшелігі. Бұның бәрі тек зерттеуді, түсінуді ғана талап етеді.

1 *Гүлдер мен кітаптар: Дидар Амантай. Роман. - Алматы: 2003.*

2 *Мұнара: Кемелбаева А. Роман. – Алматы: 2003.*

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности написания романов ХХІ века. Проанализированы основные вопросы написания романа. Определены основные идеи автора и суть романа.

Ключевые слова: постмодернизм, роман, персонаж, личность, натура

Summary

In the article described features of novels of ХХІ century. Also reviewed main questions of novels. In the article determined main ideas of author and point of novel.

Key words: postmodern novel, character, personality, nature

ӘОЖ: 7.031.2

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗГЕ ЫҚПАЛЫ

М.Усербаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Өнер, мәдениет және спорт институты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., аға оқытушы Сманова А.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлттық мәдениетіміздің бүгінгі жай-күйі мен Қазақстан бейнелеу өнерін бағалап, өнеріміздің дамуына жасаған игі іс-шаралары қазірде өнер адамдары үшін көптеген мүмкіндіктер берді. Ұсынылған мақалада кескіндеме өнерінің туындылары арқылы жеткіншек ұрпақты ұлттық мәдениетке тәрбиелеу қарастырылды. Бұл ретте қазірде ел арасында абырой-даңқымен, келелі ойымен, табиғат берген дарындылығымен танылған суретші Алпысбай Қазығұлов шығармашылығын талдап ұлттық мәдени ерекшеліктері көрсетілген. Алпысбай Қазығұлов туындыларындағы бұрынғы классикалық стильмен қатар қазіргі таңдағы жаңа стильдерді қоса отырып өзіне тән жаңаша сипатымен жастарды қызықтыруы айтылды. Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық мәдениеттің маңызы зор. Елімізде жастар тәрбиесінің құлдырауы ел болашағының дамуына кедергі. Шығармашылық туындылары арқылы тәрбие жұмысын жүргізу отандастарымыздың ұлттық мәдениетімен қатар адамгершілік, адамды сүю, шыншылдық, әділеттілік, әдептілік, халықтардың өзара түсінісуі, еңбекқорлық, отаншылдық рухта болуын тәрбиелейді. Қазіргі күнде өз шығармалары мен көрмелер ұйымдастырып көрермендерін қуантып жүрген суретшілермен танысып, кескіндеме өнеріміздің ұлттық мәдени жағдайын біліп тәрбие құралы ретінде қолдану ұтымды тәсілдің бірі болмақ.

Кілтті сөздер: композиция, абстракционизм, сюрреализм, модернистік, стиль, идеялық-эстетикалық

Өркениеттің өркениеттілігін білдіретін: халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын, өнерін барынша жоғалтпай, керісінше, қайта жаңғыруына жағдай жасау; тарихты бұрмаламаумен қатар, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық қадір-қасиетті жоғары қою.

Кеңес одағының тарап кетуіне байланысты бұрынғы біртұтас елдердің болашағы қандай болар екен деген сауал ауқымды мәселеге айналды. Оның үстіне, кеңес дәуірінде мәдениетке, мәдениет тарихына байланысты оның әр-түрлі тарихи кезеңдерде рухани мәдениет сол дәуірдің мазмұнын береді деген пікір қалыптасады. Жас тәуелсіз елдердің болашағы, тағдыры бүкіл әлемді алаңдатты [1,135 б.].

Нұрсұлтан Назарбаев-Қазақстан бейнелеу өнерінің орасан зор мүмкіндігін өте орынды бағалай білген алғашқы қазақ мемлекет басшысы. Ол суретшілерді, архитектор, мүсінші, дизайнерлерді жоғары бағалап, өзі билік басында болған жылдарда шығармашылық адамдарын белсенді түрде қолдауда және мұны болашаққа бірден-бір тиімді салым деп қабылдайды. "Адам бір ғана нанмен өмір сүре алмайды, оның үстіне ХХІ ғасырда, үшінші мыңжылдықта адамзат өзі үшін рухани құндылықтар дәуірін-мәдени, зиялы, гуманитарлық, бірлестіктердің өркениетті бәсекесін ашуға тиіс", - деп санайды Н.Назарбаев. Біздің мемлекетіміз республикамыздағы көркемөнер мектебінің қалыпты әрі ырғақты дамуына мүдделі. Ол өзінің жанрлары мен стильдік тұрпаты жағынан сансыз мектептері, бағыттары, дәстүрлері арқасында идеялық-эстетикалық процестер өрістеуінің тоқталмауын қамтамасыз етіп қана қоймай, тәуелсіз Қазақстанның өнерін әлемдік тұрғыдан мойындауға өлшеусіз үлес қоса алар еді. Сондықтан жас мемлекет бастан кешіп отырған сансыз қиындықтарға қарамастан, 1996 жылы аталмыш мақсат үшін ең басты жағдайлар жасалды: шығармашылық пен бейнелеудің барша түріне заңдық кепілдіктер берілді, автор құқы мен интеллектуалды меншік, тарихи және мәдени мұра мемлекет тарапынан қолдау алуда.

Ел тәуелсіздігі кешегі ұстанымдардың өзгеруін және басқа да көптеген мәселелерді қайта қарауды талап етуде. Қоғамның өзгермелілігі жастар тәрбиесіне ықпал етпей қоймайды. Әсіресе коммунистік идеологияның ұлттық идеологияға ұласуы, яғни жаңа рухани дүниенің қалыптасуын қажетсінуде. Қазіргі жастарымыздың рухани дүниеге, өмір құндылықтарына көзқарастары рухани байлықтан гөрі, материалдыққа, қалта толтыру пиғылына ұласуда. Жастардың сана-сезімінде ұлттық рухани салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан гөрі, батыс еуропалық тіршілік басымшылдық танытуда. Демек, мемлекетіміздің ертеңгі болашағы - жастарды осы пиғылдан арылтып, рухани дамуға бағыттау-бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі және бәрімізге ортақ іс. Руханилық ұғымының мәнін ашу қаншалықты қиынға түссе, ол соншалықты оқушыларды тәрбиелеуде маңызды екенін ұмытпаған жөн [2,326 б.].

М.Әуезов "ел болам десен, бесігіңді түзе" демекші төл тілімізді, дәстүрімізді, тарихымызды, елдігіміз бен ерлігімізді, рухымызды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру-халқымызға сын. Қоғамның рухани дамуын қолға алмай тұрып, материалдық, экономикалық саласын жолға қоюдың мүмкін еместігін бүкіл адамзат

баласы әлдеқашан-ақ түсініп бойға сіңірген. Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда кескіндеме өнерінің ғибраты мол.

Кескіндеме өнері - өмірде бар нәрсені бейнелейтін нақты бір өнер түрі. Ол-табиғаттың тілі, көзге көрінетін әлемнің тілі. Ешбір халық мәдениеті ешқашан сурет өнерінің қас шеберлері кестелеп көрсететін елі мен жерінің және өзінің болмыс-бітімінсіз өмір сүре алмайды. Кескіндеме өнерінде Қазақстанның мәдениетіне, қазақ халқына және қазақ жеріне деген үлкен ризалық сезіммен жұмыс жасап жүрген шеберлердің бірі - Алпысбай Қазығұловтың шығармаларында еліміздің ұлан-ғайыр даласы мен тауларын, халықтың өнері мен тарихын қамтитын өрелі бір ұғымды байқаймын. Абстракционизм және сюрреализм стилінде жұмыс істеп жүрген суретші Алпысбай Қазығұлов бұл күнде кескіндеме өнерінде өзіндік стилін қалыптастырып жетістікке жеткен суретші. Мен бұл суретшіміздің туындыларынан бұрынғы ата-бабамыздың мол рухани ұлттық мәдениеті мен қазіргі заманға сай жастарды өзіне қызықтыра білетін бір ерекше сулулықты көремін. Алпысбайдың шығармашылығы -оның балалық шағынан көріп келе жатқан шынайы өмірінің айнасы. "Балалық шағым өткен ауыл", қазірдің өзінде кеңінен танымал "Айқас", "Керуен", "Кеңістіктегі ойын", туындылары осының айғағы. Алайда, осы шынайы өмір аса дәлдікпен емес, Қазығұловтың қаламына тән өзіндік нәзік мәнермен берілген. Суретші көзімен көрген қаз-қалпында бейнелемей, алған әсерін, ойына түйгенін кескіндейді. Туындыларындағы әлемді біз бірден тани тұра, оның астарына үңілген сайын ой шырмауына кіріп кетеміз. Себебі суретші күнделікті біз көріп жүрген ортаны емес, өзінің көркемдік өлшеміндегі ерекше ой әлемін бейнелейді. Ал оны қандай өлшем демей-ақ, жай ғана Қазығұлов өлшемі дегеніміз жөн шығар. Қазіргі қазақ өнерінің болашағы зор болуы осындай қылқалам шеберлерінің еркін ізденістері.

Қазіргі заманның көрінісін дөп басқан картиналардан қазақтың дархан даласына, туған еліне деген сүйіспеншілік байқалады. Суретшінің қылқаламынан туған дүниелерде жалғандық жоқ. Автор шығармалары бүгінгі заманның тілімен үн қатса да, ұлттық мәдениетімізден алыс кетпеген. Қылқаламына тәуелді туындылар формасы бойынша "модернистік" болғанымен, тақырыбы бойынша әлем жауабын таппаған мәңгілік сұрақтар: Біз не үшін өмір сүреміз? Жан барма әлде бұл жалған ба?... Адамзат баласының ақылын алаңдатқан сауалдар. Тек өнер ғана осындай таусылмайтын мәңгілік тақырыптарға терең бара алады. Бірақ үлкен шабыттан туған үлкен өнер ғана осы сауалдарға жауап таба алады [2,10 б.].

Алпысбай Қазығұлов Республикадағы қара шаңырақ оқу ордасы деген даңқы бар Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының "көркемсурет-графика факультетінде "сызу және сурет" мамандығы бойынша білім алады. Бұл оқу ордасында атақты профессорлар Жүрсін Балкенов (көркемсурет), Николай Стипанович Журавлев (мүсін), Елена Павловна Залыцман (өнер тарихы) сынды білікті мұғалімдерден білім алады. Олар қарапайым сурет пен композициядан пластикалық анатомия мен техникалық механикаға дейінгі пәндер ауқымында әрбір студентке терең білім береді. Білім алу "инемен құдық қазғандай" демекші адамға білім оңай берілмейді. Суретші оқып жүріп өзінің алдына көркем өнердің қыр сырын түгел үйренуге үлкен мақсат қояды. Курстастарынан артта қалмау мақсатында күніне 40-50 нойбайлардан салып нәтижесінде екінші курс оқып жүргенінде-ақ "Түнгі қапшағай" атты суретін Суретшілер одағы көрмесінің бағдарламасына енгізеді. Мұндай деңгейдегі көрмеге кезкелген суретші қатыспайтын болатын. Осыдан кейін суретші өз күшіне сене бастайды.

Суретші шығармада өзіндік қотанбасын қалыптастыру үшін көп ізденді. Мұражайларға барып халық суретшілері мен шет ел суретшілерінің өнерін жете саралап өз ой елегінен өткізіп отырды. КСРО халықтарының белгілеген стандартына сай ол кезде суреттер "түрі жағынан ұлттық, мазмұны социалистік" болуы керек деген қатаң шектеулер қойды. Бұл өнер адамдарының өз ойларын жеткізу мүмкіндігі принциптерін заңнан тысқары қойып, адамдардың тарихи зердесіне құқықтылығынан айырды. Мемлекеттік тапсырыстан тысқары, әсіресе ұлттық тақырыптарға сурет салу қауіпті еді. Ә.Қастеев, О.Таңсықбаев, А.Ғалымбаева, Қ.Телжанов, Г.Ысмайылова, М.Кенбаев ғұлама суретшілер болды..... Тіпті бұл кемеңгерлер орыс халқының жаппай гегемонға айналған тұсында өмір сүрді. Осы өрескел құбылысты Сталин заңдастырып, бұл жағдай 1991 жылға дейін үздіксіз созылады. Ең сорақысы, ұлттық республикалардың әдебиеті, театры, киноматографиясы, бейнелеу өнерінде жазылмаған абсурдты заң қабылданды: роман, спектакль, фильм, сурет немесе мүсіндік топтамалар идеологиялық қосымшасыз-міндетті түрде орыс командирі, революционер, саяси айдалушы, орыс саяхатшысы кейпіндегі "үлкен жолдас" бейнесінсіз өмірге жолдама ала алмайтын. Ғасырлар бойы еріксіз "аға халыққа" еліктеу бойына сіңген қазақтар, тура мағынасында, өзіндік бет-бейнесінен айрылды. Тіпті ұлттық өнердің қисық айнасында қазақтардың антропологиялық типтік бейнесі де мүлдем кісі танығыссыздыққа ұрынды.

Бірақ Алпысбай өз заманының кейіпкерлерін еңбек озаттары немесе әлемдегі бейбітшілік үшін күрескерліктеріне бола салған жоқ. Бұл кәсіби бағалаудың, тіпті өз өнерінің ауқымында қалу мүмкіндігін

беретіні де құпия емес-ті. Оның үстіне, жас авторды түрлі бағыттар, ағымдар, жанрлар, стильдер мен әдістерді жетік меңгеру, қарапайым тәсілмен айтқанда, қолын жаттықтыру жағы да қатты қызықтырып, еліктіретін. Осылайша көп бейнелі "Қапшағай жастығы", "Бойжеткен мен музыка", "Жас совет суретшілері" композициялары, "Ақ киім киген қыз", "Әжем", "Ағайым", "Жан жарым" кескіндемелері, "Шыңғыс Айтманов" және "Габриель Гарсиа Маркес" аллегориялық портреттері дүниеге келген болатын. Бірақ шын мәнінде бұлар реализмге емес, мұнда әр тұста, тіпті бір суреттің ауқымында да әу баста қабылданған ережелерден ауытқу, аңғарылмастай, құпия түрде, өз ырқымен мәнерлерді араластыру, импрессионизмге құлаш ұру шексіз байқалады [2,78 б.].

Суретшінің сурет салу мәнері өте қызықты әрі өзгеше. Сондықтанда болашақ жастар оның суретінің ерекшелігін ұнатамыз. Қызыл, жасыл, сары түстерді өз шығармаларында қорықпай әрі үйлесімділігін жарата береді. Бір суретін классика ойынына бой ұрып жазса, екіншісінде көне шеберлердің мәнерінде сурет салады. Суретші Алпысбай Қазығұловтың бойында жан сүйсіндірер жақсы қасиеттері өте көп. 2003 жылы наурыз айында Астана қаласының қазіргі заман бейнелеу өнері мұражайында көрме ұйымдастырылған еді. Суретші мұнда өзінің 60 шығармасын, коллекциясындағы 167 туындыны қоюға шешім қабылдаған. Ізінше 20 суретті күтпеген жерден мұражайға тарту етті. Әбден таңданған жұртшылық пен журналистерге өзінің осы ізгі де жомарт іс-әрекетін: "Бұл көрменің негізгі мақсаты-менің өткен онжылдық шығармашылық жұмыстарыма өзіндік есеп беруі екендігін білдірткен болатын.

Алайда Қазақстан кескіндеме өнерінің бүгінгі көрінісінде көптеген өзгерістер орын алуда. Оның бірі қазіргі заманауи стильдегі әр-түрлі ағым.. Тіпті, шығармашылықтың өзі де жаңаша сипат алды. Әдебиет, көркем сурет, музыка, кино және журналистикадағы кәсібилік пен әуесқойлықтың арасындағы айырма бұрынғыдай айқын болмай қалды. Ақпарат пен шығармашылықты таратудың әлемдік интернет желісі секілді қуатты үдеткіші барынша тез қанат жаюда [4,7 б.].

Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы кескіндеме өнеріндегі ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің тәлғума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді кескіндеме өнеріндегі бейнелер арқылы сақтап қалу бүгінгі күнде маңызды. Қалай десек те ендігі жерде ұлттық мәдениетін сақтап қалуға ұмтылған жұрт ең алдымен тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана-тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқандарымыздың бәрі көркем білім беру мектебінің қалыптасып, бізге жеткен ұлы суретшілер шығармалық туындыларының әлемдік аренадағы көрініс беруі, танылуы табысты дамуда келе жатқанымыздың дәлелі. Ұлттық келбетімізбен, өнеріміздің сақталып, болашақ жастарды өнерге баулуда, өткен мен бүгінгіні айтып, болашақты жасау маңызды. Осыған байланысты, көркемөнер мектебінің негізін қалаған суретші, кескіндемеші тұлғалар шеберлігін бізге жеткен, қалған шығармашылық туындылары арқылы талдаудың нәтижесі мол. Елдегі саяси-әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық ахуалдар өнерге де өз ықпалын тигізіп отыр. Жаңаша дамудағы Қазақстанда өнер ұғымының дәрежесі жоғары. Өнер саласы бойынша жаңаша бағыттардың орын алуы шығармашылыққа деген жағымды да, жедел даму тенденцияларын көрметуде. Соның бірі барлық өнер саласының ұлттық өркениеттер негізінде тақырыптық шығармашылық туындылармен, жобалармен, көрмелермен, суретші студиялары, суретші шеберханаларының көбейіп, әр түрлі шығармашылық іс шаралардың жүзеге асуында.

1 Нұрадин Г.Б. *Өркениет: дәстүр және сабақтастық.* – Алматы: ТОО "Издательский дом "АСА" – 159 б.

2 *Өркениеттер диалогындағы түркі әлемінің ролі: Халықаралық ғылыми симпозиум материалдары.* - Алматы: МСӨИ, 2009. – 344 б.

3 Қазығұлов Алпысбай. *Кескіндеме. Живопись. Painting.* Alpusbai Kazygulov: *Фотокнига.* Алматы: Изд. дом "Апрель", 2007.-208., тс ил. На каз., рус., англ. яз.

4 ЕРКІН МӘДЕНИЕТ.-Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", 2012.-304 бет.

Резюме

Оценивая сегодняшнее положение национальной культуры и изобразительного искусства Казахстана, Президент РК Нурсултан Назарбаев предпринял благоприятные меры для дальнейшего их развития, которые определили возможности деятелей искусства. В данной статье рассматриваются вопросы воспитания подростков национальной культуре и традициям через произведения живописи. В этой работе раскрываются особенности творчества Алпысбая Казыгулова, известного Казахстанского художника, обладателя необычайного природного таланта. Творческие работы Алпысбая Казыгулова, в которых соединение классического и современного стилей придают неповторимые присущие только автору, образы, вызывают особый интерес у студентов. Они занимают важное место в воспитании молодежи в духе народных традиции. Ослабление воспитательных идей является ощутимым препятствием на пути развития общества. Использование в деле воспитания молодых людей произведений искусства способствует развитию в них чувства патриотизма, гуманизма, справедливости, взаимопонимания, трудолюбия, честности и порядочности. Знакомство с творчеством художников на выставках, которые радуют своих поклонников

новыми работами, приводит к мысли, что живопись станет одним из разумных средств воспитания в духе идей национальной культуры.

Ключевые слова: композиция, абстракционизм, сюрреализм, модернизм, стиль, идея-эстетика

Summary

Our leader Nursultan Nazarbaev gives a lot of opportunities to the people who works in art sphere. In this article we provided how to interest teenagers to the art world. In our days the painting art takes a main role. That's why we want students to know the use of paintings. This work reveals the features of creativity Alpysbai Kazygulova known Kazakhstan artist, owner of an extraordinary natural talent. Creative work Alpysbai Kazygulova in which the compound of classical and modern styles to create a unique characteristic only of the author, the images are of particular interest to the students. They occupy an important place in the education of youth in the spirit of folk traditions. Weakening воспитательных ideas is noticeable obstacle to the development of society. The use in the education of young people contributes to the development of art in them a sense of patriotism, humanism, justice, взаимопонимания, diligence, honesty and integrity. Familiarity with the work of artists at the shows that delight fans svoyn new works, leads to the idea that painting would be a reasonable means of education in the spirit of national culture.

Keywords: composition, abstraction, surrealism, modernism, style, the idea of aesthetics

УДК 330.123.72

ҚР-НЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

А.Кадырова – Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық институтының 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 20 жылдан асты, басқа мемлекеттермен салыстырғанда жас мемлекет десек те болады. Соған қарамастан алдына мақсат қойып, сол мақсаттарды орындауда көптеген жетістіктерге жетуде.

Кілт сөздер: мұнайгаз секторы, тау-кен өнеркәсібі, ішкі және сыртқы экспорт т.б.

Ұлттық экономиканың жетекші салаларының бірі мұнай-газ секторы болып табылады. Тәуелсіз сарапшылардың бағалауынша, Қазақстанның жер қойнауында – үш мың тоғыз жүз миллион тонна мұнай қоры бар екендігі анықталған болатын. Мұндай мұнай көзінің жылда тұрақты өндіруін ескерсек, жер қойнауындағы қор 60-70 жылға жетеді деп бағалануда. Бұл көрсеткіш негізінен мұнай саласында әлемдік көшбасшы саналатын Кашаған кен орнындағы мұнай қорының көлемі бойынша болжам жасалған.

Коммерциялық мақсатта мұнай өндіру, Қазақстанда тау-кен өнеркәсібінің дамуына оңтайлы ықпал етеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік экономикаға тұрақты мұнай экспортының кірісін алуға жол ашады. Коммерциялық мақсатта Кашаған кен орнында өндірілген мұнай тәулігіне 75000 баррельге жетеді. Бірақ кен орнында мұнай өндіру 2 рет тоқтатылған, уақытша тоқтатылу – газ құбырының істен шығуынан болған. Соған қарамастан ол 2013 жылы жоспарланған ұлттық қазына қорына әсер етпеді. Кашаған кен орны Қазақстанның мұнай өндіру саласында елеулі рөл атқарады. Кашаған кен орнында коммерциялық мақсатпен мұнай өндіру, Қазақстанның өндіру қарқынына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар ұлттық экономикаға ұдайы экспорттық жоғары кіріс алуға жол ашады.

Мұнай өндіруді ұлғайту болашақта импорттық мұнай өнімдерінен бас тартуға мүмкіндік береді. Әрине, тек шикізат күйінде қолдану мүмкін емес, сол себептен зауыттар салу және ол зауыттарда қазірге дүниежүзілік стандартқа сай құрылғыларды орнату басты мәселелерге айналып отыр. Қазақстанды толығымен мұнай өнімдерімен қамту үшін мұнай өндірудің көлемін екі есе ұлғайту керек.

Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі, өнеркәсіп өндірісінің жетекші салаларының бірі ретінде, экономиканың дамуының негізі болып табылады және елдің экономикалық тәуелсіздігін анықтайды. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, алғашқы кен орны Қарашұңғыл 1899 жылы ашылған, содан кейін 1911 жылы Доссор, 1915 жылы Мақсат кен орындары жұмыс істей бастады. Барлық үш мұнай кен орындары Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан. 1965 жылға дейін мұнай өндірісі тек Ембі бассейнінде ғана жүргізілді. Себебі, Ембі мұнай бассейні қолайлы мұнай аймағында орналасқан [1;19 б.].

Қазіргі таңда білікті мамандардың пайымдауынша, Каспий аумағы келешекте мұнай мен газды әлемдік деңгейде қамтамасыз ете алатын аймаққа айналу керек. Осыған байланысты мемлекеттің алдына бірнеше мақсат қойылып отыр:

- ішкі және экспортты құбырлардың өткізуші қабілеттілігін арттыру.
- Отандық мұнай өндіре зауыттарының қуатын арттыру мәселесі [1;21 б.].

Қазір республикада 3 мұнай өндіру зауыты жұмыс істеуде. Төртінші мұнай өндіру зауытын салу жоспарлануда.

Шымкент мұнай өңдеу зауыты (бұдан әрі МӨЗ) – бұл мұнай өңдеу зауыты 1985 жылы салынған, ең жас мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыт Қазақстанда үш МӨЗ өндірілетін мұнай өнімдерінің жалпы ағымдағы сомасының 30% өндіреді. Шымкент МӨЗ – елдің ең тығыз қоныстанған бөлігінде орналасқан. Қолайлы географиялық орналасуы және компанияның жоғары техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, отандық және шетелдік нарықтарға жүзеге асыру үшін барлық алғышарттар бар. Шымкент МӨЗ-дің жобалық қуаттылығы жылына 5,25 млн тонна немесе жылына мұнай шамамен 40,65 млн баррельді құрайды.

ЖШС «Павлодар мұнай-химия зауыты» Қазақстан Республикасының ең заманауи технологиялармен жабдықталған зауыт болып табылады. 1978 ашылған Павлодар МӨЗ осы уақытқа дейін көптеген өзгерістерге ұшыраған. Қазіргі таңда бүкіл әлемдік стандартқа жауап беретін, болашақта мұнай өңдеу саласына оң септігін тигізеді деген болжам бар.

Атырау МӨЗ – Ұлы Отан соғысы жылдарында салынып, 1945 жылы қолдануға берілген. «Атырау МӨЗ» ЖШС-нің 2013 жылдағы өндірістік қызметінің нәтижесінде 4 429,5 мың тонна шикізат өңделген. Мұнайды өңдеу жоспары ҚР МГМ бекітілген жоспармен салыстырғанда 100,01%-ға орындалған. Ашық түсті мұнай өнімдерін жаппай шығару бойынша өндіру жоспары 100,9%-ға орындалған. Жоспар бойынша мұнайды өңдеу тереңдігі 58,6% құрайтын жағдайда оның тереңдігі іс жүзінде 59,76%-ды құрайды [2].

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жж. индустриалды-инновациялық стратегиясында мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына ерекше назар аударылған. Себебі, Каспий теңізінде мұнай кен орнын игеру, ұлттық экономиканың индустриалдық дамуында негізгі тірегі болып табылады. Қазіргі таңда мұнай өндіру зауыттарының Қазақстанның ішкі сұранысының қанағаттандыра алмау себебінің бірі – шикі мұнаймен шамадан тыс жүктелу болып табылады. Қазақстан географиялық қолайлы аймақта орналасқан, сонымен қатар шикізат қорына бай мемлекет болып табылады. Соған байланысты шетелдік инвестиция әрдайым түсіп отыр. Бірақ бұл инвестициялардың қаншалықты тиімді және қаншалықты мемлекет өміріне жақсы өзгерістер алып келеді деген сұрақ туады. 1996 жылдан 2007 жылға дейін инвестицияның көлемі 10 есе көтерілген. Мұнай өндіру Қазақстан жерінде 100 жылдан аса жүріп жатыр. Қазақстанда алғаш мұнай өндіру ісі 1899-1900 жж. басталды. Сол кезден бері елде ондаған мұнай және газ кеніштері ашылды. Мұнай өндіру ісі республиканың көптеген аймақтарының дамуына жол ашты [3;609б.]. Жоғарыда айтылып өткендей, Қашаған кен орнының ашылуы тарихта үлкен із қалдырды, сонымен қатар Қашаған кен орны сияқты ауқымды емес бірақ көзге түсерлік кен орындар ашылды. Олар: Қаламқас, оңтүстік-батыс Қашаған, Ақтоты, Қайран. 2007 жылы елімізде 67,2 млн тонна мұнай және газ конденсаты өндірілсе 2014 жылы бұл көрсеткіш 73,7 млн тоннаға жеткен.

Мұнай-газ секторындағы туындайтын мәселелерге тоқталатын болсақ, біріншіден, мұнай және газ өндіру және өңдеу саласындағы негізгі проблемалардың арасында білікті мамандардың жетіспеушілігі болып келеді. Үкімет мұнай-газ секторындағы проблемаларды шешу үшін шаралар қабылдауда. Сол үшін мұнай-газ саласына байланысты заңнамада өзгеріс енгізілді: өңдеу орталықтары және геологиялық-техникалық іс-шараларға байланысты, жекелеген жобаларға бағытталған инвестицияны қамтыды.

Бүгінгі күнге дейін шешілмеген орталық мәселелердің бірі мұнай-газ секторындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі болып табылады. Бұл мәселе тікелей Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің проблемаларымен тығыз байланысты. Білім жүйесінің ахуалдарын жою тек мұнай-газ секторын жақсарту ғана мақсатта емес, сонымен қатар ҚР-ның 30 бәсекеге қабілетті мемлекеттер арасына кіруге жол ашады. Білікті мамандардың жетіспеушілігі барлық дерлік кезде сезілді. Бұл мәселені қазіргіге дейін шетелден маман шақырумен шешіп келді. Білікті мамандардың жетіспеушілігі тек мұнай-газ секторына әсер етпей, бүкіл салада қажеттілігі көрінуде. Бұл мәселені шешу үшін екі жағдайды қарастыруға болады. Олар: білім жүйесін жетілдіру, мұнай өндіру барысында адам қажеттілігін минимумға дейін жеткізу.

Келесі мәселелердің бірі МӨЗ-дің жетіспеушілігі. Жоғарыда айтылған зауыттардың барлығы КСРО кезінде салынған. Зауыттардың орналасу орындары да басқа Одақ республикаларына қолайлы болған. Қазіргі таңда дайын өнімді экспорттау барысында қолайсыз жағдайлар пайда болуда.

Мұнай-газ секторын дамыту маңызды іс шара болып табылады. Мұнай-газ секторын дамыту басқа салалардың дамуына әсер етеді. Олар: машина жасау, жеңіл өнеркәсібі, мұнай химиясы, энергетика және басқа да салалар жатады. Әрине, мұнай саласын дамыту шетелден түскен инвестицияның ағымына тікелей байланысты болып келеді. Бірақ инвестицияның 79 пайызы өңдеуге, 21 пайызы геологиялық барлауға жұмсалған. 2025 жылға дейін 80 млрд доллар инвестиция түсуі мүмкін деген болжам бар. Мұнай саласын барынша жетілдіру маңызды мақсаттардың бірі болып келеді. Экспорт немесе ішкі нарық болсын жоғары сапалы мұнай өнімдермен қамтамасыз ету өте маңызды. Тек қана шикі затты экспорттау, дайын өнімді импорттан алу қазіргі кезде өзінің кемшілігін көрсетуде. Мұнай өнімдерін толығымен өңдеу

және толығымен ішкі нарықты қамтамасыз ету керек. Мұнай өңдеу зауыттарының жұмысын тұрақтандыру, жаңа инновациялық технологиялармен жабдықтау, өңделген өнімнің сапасын жоғарылату келесі 10 жылдықтың мақсаты болып тұр. Экономиканың маңызды саласы болғандықтан дамыту, инновациялық жаңалық енгізу, тұрақты кіріс алу, экспорттау құбыр жолдарын тұрақтандыру және т.с.с мәселерді шешу мақсатында үкімет заңнамалар, жолдауларда ерекше белгілеп, дамытуға қолдау көрсетуде. Мұнай саласын дамыту басқа да салаларға оң әсерін тигізеді.

1 Мұнай өңдеу процестерін жетілдіру: Оқулық. К.С.Құлажанов академик, О.А.Алмабеков х.ғ.д., проф. Ә.М.Нұралы. – Алматы: 2011.-333бет.

2 ҚазМұнайГаз //http://www.thkmg.kz/kz/too-anpz

3 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6 том.

4 http://www.rusnauka.com/1_NIO_2014/Economics/9_155515.doc.htm

Резюме

В данной научной статье проведен обзор о развитии нефтегазового сектора Казахстана. Приведены примеры основных проблем в нефтегазовой отрасли и важность развитие нефтегазового сектора.

Ключевые слова: нефтегазовый сектор, нефтяные месторождение, НПЗ, новейшие технологии

Summary

The scientific article presents the development of the oil and gas sector of Kazakhstan. There are examples of the major problems of the oil and gas industry and importance of the oil and gas development as well.

Key words: oil and gas, oil fields, oil refineries, the latest technology

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

ӘОЖ: 81-112.4

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫН ТІЛДЕСІМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Ә.Ж. Баймұратова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Бұл мақалада өзге тілді аудиторияда ономастиканы тілдесім әрекеті арқылы оқыту мәселесі туралы айтылады. Сондай-ақ, деңгейлік тапсырмалардың үлгілері көрсетіледі.

Кілт сөздер: тіл, ономастика, топонимдер, тілдесім әрекеті

Дүниеде атаусыз нәрсе жоқ, әр нәрсенің өз атауы бар, тіпті тау мен тастың, кішкентай бұлақтың немесе жотаның, белдің де өзіндік атауы бар. Өйткені әрбір зат болмаса тіршіліктегі кез келген құбылыстың алдымен аты ауызға оралары хақ, содан соң ғана сол аттың заты жөнінде ойланатынымыз ақиқат. Сондықтан ат пен зат үйлесімділігі қашанда маңыздылығын жоймайды. Кең-байтақ мекеніміздегі сан мыңдаған жер-су атауларының тарихында халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасы айқын бейнеленген. Қасиетті жеріміздегі төбе мен тау, көл мен өзен атауларының өзіндік сыры мен тарихи сипаты олардың әрқайсысына бабалар мұрасы ретінде қарауға негіз болады.

Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып-білуде де жер-су атауларының атқарар рөлі зор. Өйткені ол атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буынға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ойы, ұшқыр қиялы, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі.

Кең-байтақ ұлан-ғайыр жеріміздегі миллиондаған жер-су атауларында халық тарихының ізі, халықтың дүниеге көзқарасы тіршілік қарекеті, тұрмыс күй, шаруашылық кәсіптерінің ккріністері, әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жобаның көрік бейнесі айқын зерделенген. Әр адамның туған елі мен жері жаһандағы барша асылдан қымбат. Өйткені Жер-Ана тұнған қазына, ен байлық, таңғажайып тарих. Осы орайда халқымыздың абзал ұлы Ш.Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдеттің қаймағы бұзылмаған қазақтарды өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары. Адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» - деген болса, Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әмәнда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - деп орынды да нақты суреттеген [1, 4 б.].

Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттары алдыңға орынға шықты. Өйткені, жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қалмайды. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзгерістердің бір бағыты – мемлекеттік тіл саясаты болса, оның құрамдас бөлімі ретінде республикалық мәселелер қатарына жатқызылады [2, 3 б.].

Қазақ тілін оқыту үдерісін жандандыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осы мақсатта мейлінше нәтижеге бағытталған, мейлінше өнімді технологиялар мен әдіс-тәсілдердің бәрі тілді игеруге қызмет етпек. Шетелдік ғалымдардың тәжірибесінде қазіргі уақытта технологиялардың сан алуан түрі қолданысқа енуде. Соның ішінде мына түрі ғана нәтиже береді, соны пайдаланса тіл үйренуші қолайлы болмақ деген қорытынды жасау қиын. Себебі әр технологияның артықшылығы мен кемшілігі болуы мүмкін. Әр тілді білу үйренушілердің ақыл-ой қабілеті, жеке басының ерекшелігі, үйренуге деген икемділігі, қабілеті мен қабылдауына байланысты екені анық. Дұрыс таңдалған технология үйретуге ғана қызмет етпейді, шығармашылық пен танымдық белсенділікті арттырады, өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады.

Жаңа технологиялардың негізгі міндеті – оқу үдерісін жүйелі құрып, тіл үйренушінің танымдық

белсенділігін арттыруға көмек беру, сөйлету.

Практикалық сабақтарда жемісін беріп келе жатқан әдістердің бірі – тілдесім әрекеті. Оның басты ұстанымы тілдік жағдай жасау арқылы пікірлесімнің жоғары дәрежесі – қарым-қатынасқа қол жеткізу.

Тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеуге үйрету жүзеге асады, оларға қатысты жұмыстар атқарылады.

Тілдесім (общение) – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат (информация) негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі. Бұл қарым-қатынаста оқылым мен тыңдалымның да тыс қалмайтындығы өзінен-өзі белгілі.

Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы. Мұнда пікір алмасу ауызша (айтылым) түрде де, жазбаша (жазылым) түрде де іске асып, белгілі бір ақпарат адамдар арасындағы қарым-қатынасқа мүмкіндік туғызады.

Тілдесім арқылы адамдар білетін ақпарат-деректермен алмасады, олар тілді меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар өмірлік тәжірибелерді, дағдыларды, жақсы іс-әрекеттерді де бір-бірінен үйренеді.

Тілдесім тіл үйренушілерді рухани қарым-қатынасқа жетелейді, тілдесу арқылы олар бір-бірімен ой бөліседі, пікірлеседі, түсініседі.

Тілдесім процесі оқушының жеке басына тән сенімділіктің пайда болып, оның қоғамдағы орны мен санасының қалыптасуына, басқалардан ерекшеленген, өзіндік жеке қасиеттердің жетілуіне әсер етеді. Өйткені әрбір адамда басқа адамдармен араласуға деген табиғи қажеттілік болады. Олар тілдесу арқылы өзінің бойында жиналған білімді, тәжірибені екінші біреуге жеткізеді; мінезін, қабілетін, өз ойын аңғартады.

Тілдесудің нәтижесінде адамдар көңіл-күйлерін бөліседі, бірінің жан дүниесінен екіншісі хабардар болады, біріне-бірі қол ұшын береді. Ол да өмірдегі ең маңызды факторлардың бірі.

Тілдесім – адамдардың бір-бірімен түсінісуі ғана емес, сонымен қатар бір-біріне ойы, көзқарасы, пікірі т.б. жағынан ықпал етуі. Бұл – қоғамда қызмет етіп, өмір сүруші адамдардың тіл арқылы барлық жағдайға байланысты өзара әсері.

Тілдік қатынастың негізі – сөйлесім әрекеті мен оның түрлерін меңгеру болса, сөйлесім әрекетінің нәтижесі тілдесім үрдісін игеруден тұрады. Өйткені тілдесім процесі сөйлесім әрекетінің барлық түрін іске асырумен және сөйлесім әрекетінің ерекшеліктерін меңгерумен байланысты: тілдесім арқылы оқыту, тілдесім арқылы жазғызу, тілдесім арқылы тыңдату, тілдесім арқылы айтқызу. Сондықтан тілдесім – барлық оқыту процесінің маңызды тірегі, қажетті шарты.

Оқыту, үйретуге қатысты тілдесім екі түрлі болады:

I. Тікелей тілдесім.

II. Жанама тілдесім.

Тікелей тілдесім – адамдардың бір-бірімен көзбе-көз, ауызба-ауыз, бірін-бірі тікелей көру арқылы тілдесуі; оқытушы мен оқушының тікелей көзбе-көз қарым-қатынасы. Тікелей тілдесім кезінде оқышы мен оқытушы бірін-бірі көзбен көріп, құлақпен естіп отырады. Мұнда тіл үйренушінің әр кимылы, ишарат белгісі, бет әлпеті – бәрі оқышыға тікелей әсер етеді.

Жанама тілдесім – тіл үйренуші мен үйретушінің бірін-бірі көрмей-ақ, берілген тапсырмаларды орындап, қажетті жұмыстарды атқару арқылы қарым-қатынаста болуы. Мұнда адамдар тікелей сөйлеспейді, аралық амал-құралдар арқылы жанама тілдік қатынаста болады [3].

Білім алушыларға тілдесім әрекеті арқылы білім беруде түрлі тапсырмалар орындатуға болады. Жер-су атауларын тілдесім әрекеті арқылы оқытуда студенттің немесе оқушының өзінің туған жерімен байланыстыра оқыту – баланың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруға түрткі болады.

Сондай-ақ, өзге тілді аудиторияға жер-су аттарын оқытуда олардың деңгейлерін ескеру керек. Яғни, деңгейлеріне қарай тапсырмалары да әр түрлі болмақ. Мысалы:

1-деңгейге арналған жаттығулар.

1-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Еліміздегі өзен-көл атауларын атаңыз.
2. Қандай тауларды білесіз?
3. Астана қаласында қандай өзен бар?
4. Алматы қаласының бұрынғы атауы?

Орта деңгейге арналған жаттығулар.

1- жаттығу. Мәтін бойынша көршіңізге сұрақ қойыңыз.

Үлгі:

- Шымбұлақ шаңғы базасында қандай жол бар?
- Аспалы жол бар.

Жоғары деңгейге арналған жаттығулар.

1-жаттығу. Мәтінді оқып, көршіңізге әңгімелеп беріңіз.

«ӘНШІ ҚҰМ» – ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШІ

«Әнші құм» («Айғайқұм») табиғат ескерткіші Іле өзені жағасын бойлай орналасқан. Ол – үлкен Қалқан және кіші Қалқан таулары етегіндегі құмды төбе. Ұзындығы 8 км, ені 3 км, биіктігі 150 метрдей. Қалқан тауларынан соғатын желдің бағыты үнемі құбылып, өзгеріп отырады. «Әнші құмның» әуені бірнеше шақырымға дейін жетеді. Ауа райы тұманды, ылғалды кездері ол «ән» салмайды. Бұл табиғат құбылысы түнге қарай шығыстан салқын жел соғуында жиірек естіледі. «Әнші құмның» әуені бірде сыбызғы сазына, бірде кеме гудогінің гуіліне, енді бірде реактивті ұшақтың гүріліне ұқсайды. Ол Алматы қаласынан 183 км шығыста жатыр [4, 17 б.].

3-жаттығу. Берілген сұрақтарға мәтіннің мазмұнына сәйкес жауап беріңіз.

- А. «Әнші құм» қай кезде ән салмайды?
- В. «Әнші құмның» әуені неге ұқсайды?
- С. «Әнші құм» ескерткіші қайда орналасқан?

Қорыта келгенде айтарымыз, кез келген деңгейде де жер-су атауларын тілдесім арқылы оқытудың негізгі мақсаты – ономастикалық білім бере отырып баланың танымын жетілдіру. Еліміздің әрбір азаматы төл тарихымыздан сыр шертетін жер-су атауларын білуі тиіс. Ол үшін мектеп қабырғасында немесе жоғары оқу орындарында жер-су атауларын оқыту жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

1 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524-б.

2 Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

3 Оразбаева Ф. Тілдесім әрекетінің атқаратын қызметі. <http://www.rusnauka.com/>

4 Авторлар ұжымы. «Сұхбат» оқу-әдістемелік кешенінің 3-Негізгі оқу құралы. Жоғары деңгей – «Тіл мәдениеті» - С1 және «Тілдік тұлға» - С2. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы ТДРҰӨО, 2010. – 160 б.

Резюме

В этой статье говорится изучение ономастики в иноязычном аудиторий с путем общение. А также, показывается образцы уровневых задач.

Ключевые слова: язык, ономастика, топонимы, действие общение

Summary

In this article studying of onomastics in foreign-language audiences with a way communication is told. And also, is shown samples of-level tasks.

Key words: language, onomastics, toponyms, action communication

ӘОЖ: 377.032

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ

Т.С. Дәрібаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында фразеологизмдерді оқыту мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, студенттерге арналған жаттығу үлгілері де көрсетіледі.

Тірек сөздер: тіл, фразеологияны оқыту, тілдік орта, коммуникация, танымдық қабілет

Халық өмірінде жоқ нәрсе оның өмірінде де болмайды. Ал бар болса және болған нәрсе тілде өз ізін қалдырады. Осындай тіл байлығын бойына мол жинақтаған асыл қазыналардың бірі – фразеологизмдер.

Фразеология (грек тілінің *phrasis* – «сөйлемше», *logos* – «ұғым», «ілім» деген сөздері) термині біріншіден, тілдегі тұрақты тіркестердің жиынтығы деген мағынада, екіншіден, тұрақты тіркестер туралы ілім деген мағынада қолданылады. Тұрақты сөз тіркестері деп әбден қалыптасып, нық орныққан, өзгертуге келмейтін сөз тіркестерін айтамыз [1, 241 б.].

Фразеологизм мәселесі көптен сөз болып келеді. Оның бүкіл ішкі-сыртқы қасиеттерін ашып, оларды қолданудың пайдасы мен заңдылықтарын аршып берген еңбектердің санының өзі мыңға тартады.

Фразеология жеке пән ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдары қалыптасты. Оның теориялық негізін салған француз ғалымы Ш.Баллиді, Ресей академигі В.В. Виноградовты атауға болады.

Лингвистиканың жеке тарауы ретінде қалыптасып келе жатқан фразеология жайында жазылған зерттеулер өте көп. Мәселен, 1964 жылы шыққан «Проблемы фразеологии» деп аталатын жинақта 500-ден астам зерттеу жұмыстары көрсетілген болатын. Содан бергі аралықта мұндай еңбектердің саны едәуір екі, үш есе молайғаны мәлім. Бұл орыс ғалымдарының зерттеулері ғана. Ал туысқан ұлт республикаларының ғылыми жұмыстарымен танысар болсаңыз фразеология мәселесіне арналған сан түрлі зерттеу еңбектерін табасыз. Осының бәрі фразеология проблемасының өте қызықты әрі қиын мәселе екендігін байқатады.

Отандық тіл білімінде де тұрақты тіркестерді зерттеу мәселесі алғашқы орындарда тұрған мәселе. Бұған дәлел ретінде Ә.Болғанбаев, І.Кенесбаев, Ғ.Қалиев, Ө.Айбайұлы, Г.Үсенбаева, Г.Смағұлова және қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдерді зерттеген Қ.Сарбасова және басқа ғаламдардың еңбектерін атауға болады.

Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс. Және бұларды тілдік бөлекше бір сипаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтер деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі дегеніңіздің айрықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы. Ойды әсемдеп айтудың мектебі осылар. Сөзіңіз нақты, дәлелді болсын десеңіз, өңменнен өтіп, қолқаны қозғайтын дәрежеде болсын десеңіз, халықтың хас туындысы – айшықты сөздер тобының тамырын басыңыз. Сонда ғана сіз тілдің қасиеті деген не, байлығы деген не деген сияқты сауалдарға нақты жауап бере аласыз [2, 26 б.].

Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалып жататын белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы» - деп жазды [3, 187 б.].

Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасында фразеологизмдер 5 сыныпта лексикологияның құрамында, 8 сыныпта синтаксис құрамында үйретіледі.

Коммуникативтік модельге негізделген білім жүйесі «...оқушыларды өз-өзін, материалдық болмысты тілдің көркемдегіш бейнелі құралдары арқылы аңғаруға және өзінің сезім түйсіктерін туған тіліміздің кең мүмкіндіктері шеңберінде баяндай алу дағдыларын қалыптастырып, дамытуға бағытталған...» [4, 47 б.].

Жоғары білім беру жүйесіне енген оқытудың кредиттік технологиялары бойынша әр студентті жеке тұлға ретінде қалыптастыруға баса назар аударылады. Оқу-тәрбие үдерісінде ол тек білім алып қоймайды, сана-сезімі, рухани дүниесі жетіледі, өзгереді қалыптасады.

Коммуникативтік біліктілікті дамытуда қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерді оқыту әдісінің мақсаты - студенттердің коммуникативтік біліктіліктерін шыңдау, жетілдіру. Қазіргі таңда оқу процесінде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы студенттерді жан-жақты біліммен қаруландырып, олардың оқу процесіне деген белсенділіктерін арттыру, сабақты әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы қызықты етіп

ұйымдастыру және студенттердің жеке шығармашылық, коммуникативтік қасиеттерінің дамуына тікелей әсер ету. Студенттердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру барысында оқу процесінде белсенділікті арттыру үшін фразеологиялық материалдарды меңгертетін әдістемелік жұмыстар болуы шарт. Бұл жұмыстың маңыздылығы қазақ тілі сабақтарындағы әртүрлі әдістемелік жұмыстарға аса көңіл бөлу керектігі.

Студенттің жеке әлеуметтік тәжірибесіне байланысты оның құндылық бағдарларын, дүниетанымын, көзқарасын үйреніп отырған тілдің ерекшеліктерімен сабақтастықта қалыптастыру қажет. Мұнда оның фразеологизмдер туралы түсінігі мен қолдану дағдыларының болуы шарт.

Оқу үдерісі барысында студенттік танымдық әрекетін белсендіру, жағымды эмоцияларын жетілдіруге ерекше ықпал ететін тілдік құрал – фразеологизмдер.

Студенттің белсенділігі алған білімдерін өмірде, тәжірибеде пайдалана білуінен көрінеді. Сондықтан олардың танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты. Фразеологизмнің мағынасын фразеологиялық сөздіктен өздігінен іздеуге ұмтылыс, студенттердің сабаққа қызығушылығын ғана тудырып қоймай, оның өз білімін өмірде қолдана алу дағдыларын да жетілдіреді, студенттердің сөздік қорын молайтып, шығармашылық қабілетін дамытады [5, 10 б.].

Студенттің танымдық қасиеті ұлғайған сайын оның сөздік қоры да өсіп отырады. Сондықтан жоғары оқу орнында оқитын студенттердің қатысымдық күзіреттілігін қалыптастыруда, танымдық қабілеттерін жетілдіруде фразеологизмдерге ерекше назар аударылады. Өйткені студенттердің сөздік қорын фразеологизмдер сөздігі арқылы молайту жұмыстары, олардың сөйлеу тілін жетілдіру мақсатымен, сөз саптау ерекшелігімен үйлесімде беріледі. І.Кенесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлесі. І. Кенесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл – тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болса, фразеологизм байлығын тексеретін тілі білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», - деп жазады [6, 589 б.].

Сабақ барысында студенттер осы аталған сөздікті пайдалана отырып, өздерінің тіл байлығын, сөйлеу шеберлігін, сөз саптауын шыңдай алады. Сонымен қатар үйренген фразеологизмдерді ауызекі тілде қолдана білсе, ол ақыл-ойды дамытуға әсер етеді. Демек, фразеологизмдерді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін студент өз бетімен сөйлем құрап, оны күнделікті ауызша сөйлеуде шебер қолдана алатынына еш күмән жоқ.

Коммуникативтік біліктілікті дамытуда қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерді оқыту әдісінің мақсаты - студенттердің коммуникативтік біліктіліктерін шыңдау, жетілдіру. Қазіргі таңда оқу процесінде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы студенттерді жан-жақты біліммен қаруландырып, олардың оқу процесіне деген белсенділіктерін арттыру, сабақты әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы қызықты етіп ұйымдастыру және студенттердің жеке шығармашылық, коммуникативтік қасиеттерінің дамуына тікелей әсер ету. Шетел тілін оқытудың коммуникативтік мақсаты негізінде студенттердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастыруымыз қажет, яғни студенттер өз ойларын жеткізу барысында ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерін еркін пайдалана алуға ықпал жасау. Осы себепті оқытудың нәтижелі болуы шетел тілін оқыту процесінде тілдік материалдарды белсенді түрде меңгерумен анықталады. Студенттердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру барысында оқу процесінде белсенділікті арттыру үшін фразеологиялық материалдарды меңгертетін әдістемелік жұмыстар болуы шарт. Бұл жұмыстың маңыздылығы шетел тілі сабақтарындағы әртүрлі әдістемелік жұмыстарға аса көңіл бөлу керектігі.

Фразеологизмдерді оқыту кезінде әр түрлі жаттығулар жүйесі ұсынылады: ізденімдік, тіл дамыту тапсырмалары, сөйлем құрастыруға арналған жаттығулар, керекті фразеологизмдерді табуды талап ететін жаттығулар, фразеологизмдерді қатыстырып эссе дайындау, фразеологизмдерді сипаттама жасау, фразеологизм жасауға ұятқы болатын сөздер арқылы жасалатын жаттығулар, синонимдік қатар жасай-тын фразеологизмдер, омоним фразеологизмдер, көп мағыналы фразеологизмдер жасайтын жаттығулар, фразеологиялық варианттардың нұсқасын тапқызатын жаттығулар т.б. жаттығулар [5, 11 б.].

Жоғары оқу орындарында фразеологизмдерді оқытуда төмендегідей жаттығу жұмыстарын ұсынуға болады:

1-жаттығу. Берілген сөздердің синонимдік қатарын тапқызу.

а) *Бас терісі салбырау* – көңілсіз деген мағынада

Еңсесі түсу
Жүзі сынық
Жүні жығылу
Жігері құм болу
Илеген терідей болбырау
Көңілі жер болу
Көңілі құлазу
Қабағы салбырау т.б.

б) *Бетінен оты шығу* – ұялу деген мағынада

в) *Орақ ауызды* – сөзге шешен деген мағынада

2-жаттығу. Қарсы мәндес фразеологизмдерді топтастыру.

Ыстық қанды – салқын қанды,
Дүниеге келу –
Қолы ұзару –
Ит арқасы қиянда –
Ит жеместі жесісу –

3-жаттығу. Фразеологизмдердегі көпмағыналық нұсқаларын табу.

Тілі шығу – 1. Жас сәбидің алғаш рет сөйлеуі.

2. Әдеттегіден тыс сөйлеу, күтпеген ойды айта бастау.

Дәмін тату – 1.

2.

Көзін шел басу – 1.

2.

3.

4-жаттығу. Берілген фразеологизмдердің омонимдік қатарын табу.

Ат қою #

1. Қаралы үйге атпен ой бауырымдап келу.

2. Нәрестеге ат, есім қою [7, 216 б.].

Ала көңіл #

1.

2.

5-жаттығу. Берілген сөздерді тұрақты тіркестермен алмастыру.

«*Әдемі*» - (ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, туған айдай, үріп ауызға салғандай т.б.); «*Қорықты*» -

Берілген жаттығулар білім алушылардың ой-өрістерін, танымдық деңгейлерін, сөйлеу дағдыларын, сөйлесім әрекеттері мен сөйлеу мәдениеттерін тереңдетуге зор ықпал етеді.

Сөйлеу қабілетінің жетілуіне студенттердің сөздік қорының мол болуы әсер етеді, сондықтан сөйлеу қабілеттерін жетілдіру үшін олардың фразеологиялық сөздікпен жұмыс дағдылары дамытылады. Студенттер фразеологизмдерді түсініп меңгерумен қатар оларды ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарында да еркін қолдана біліп, бір-бірімен сөйлескенде, белгілі бір материалдар жоспар жасағанда, мазмұндама, шығарма және жаттығу жұмыстарын орындау үстінде пайдалануға дағдыланады.

1 Сарбасова Қ. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер. – Астана, 2008. – 240 бет.

2 Айтбайұлы Ө., Үсенбаева Г. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 304 бет.

3 Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Санат, 1997. – 225 б.

4 Жалты орта білімнің оқу бағдарламасы мен Мемлекеттік Білім Стандарты. 1999, 47-бет.

5 Байтимбетова П. Жоғары оқу орындарында фразеологизмдерді оқыту. ҚазмемқызПУ Хабаршысы. №5 (6) 2011.

6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Резюме

В статье рассматривается изучение фразеологизмов в высших учебных заведениях. А также показывается образцы упражнений для студентов.

Ключевые слова: язык, изучение фразеологизмов, языковая среда, коммуникация, когнитивная способность

Summary

In article studying of phraseological units in higher educational institutions is considered. And also is shown models of exercises for students.

Key words: language, studying of phraseological units, language environment, communication, cognitive ability

ӨОЖ: 377.031.4

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қ.З. Елшібаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты

Бұл мақалада жастардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру жолдары қарастырылады. Сондай-ақ, сөйлеу мәдениетін дамытуда шешендік сөздердің рөлі туралы айтылады.

Тірек сөздер: тіл, сөйлеу мәдениеті, жастар тілі, шешендік сөздер, лингвоэкология

Шешендік сөздердің шеберлігі, құндылығы сөз сайысында, алқа топтың алдында сыналып, бағаланған. Бұл өнерді қазақ халқының сан ғасырлық тарихының, бостандығы мен бақытты болашағы үшін жүргізген күресінің айнасы, айғағы есепті. Ғасырлар бойы жинақталған, сығымдалған, сұрыпталған шешендік өнер нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйреніп үлгі алуға болады. Халықтың тілінде шешендікті сондықтан да «шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген» деп шеберлікпен салғастырып бағалаған. Мұнда шешеннің сөзі нысанаға дәл тиетіні жағынан анықтауда терең мағына бар. Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағыналы, көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да, оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ «шешен» деп атап, тілдің терең қыр-сырын аса меңгерген дарын иелері деп құрметтеген. Сондай ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып, ел алдында «отағасы», «бияғасы», «ауыл ақсақалы», «ру басы» сияқты атаққа да ие болған.

Халықтың шешендік өнер дәстүрі ежелгі дәуірлерден қолданып келе жатқан аңыз-әңгімелерде, тұрмыс-салт жырларында, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда сақталып қалған. Әдебиетшілер С.Сейфуллин мен М.Әуезовтің пікірлерінде орын алған сияқты, шешендікті өз алдына жанр ретінде қарайды да, оны халық ауыз әдебиетінің бір түрі – билер сөзі деп қана қарастырады. Шешендікті тілдік тұрғыдан зерттеген ғалым Г.Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» деген еңбегінде бұл пікірді дұрыс емес деп қарайды. «Егер қазақтың феодалдық қоғамында шешендік өнердің басты иелері ру басы – билер болды десек, ежелгі дәуір шешендігі атап өткен тараудағыдай, қол бастаған батырлардың, ел басқарған көсемдердің, халықтың рухани демеушісі болған ақын-жыраулардың, халық арасынан шығып, артына өшпес мұра қалдырған ғұлама ғалымдардың даналығын қайда қоямыз?» – дейді зерттеуші [1, 18 б.]. Сондықтан шешендік – тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Түрлі тарихи қиын кезеңдерде шешендік қоғамға, әлеуметке қызмет етті.

Шешендік сөздерді зерттеп, түрлі қырынан қарастырған Б.Адамбаев, Н.Төрқұлұлы, Т.Кәкішев, М.Әлімбаев, С.Дәуітов, С.Негимов, Р.Сыздықова, Г.Қосымова т.б. секілді әдебиетші, тілші ғалымдардың еңбектерінде бұл өнерге қатысты түрлі материалдар өте бай. Солардың еңбектерін оқып отырғанда, тек қазақ даласында өз кезінде белгілі болған, халық жадында мұрасы сақталған дана билер мен ділмәр-шешендердің өздері ғана мыңдап саналатынын көреміз.

Шешен шебер сөйлеумен ғана емес, әсерлі, мәнерлі жеткізе білу қабілетімен де ерекшеленуі керек. Баяндамасын немесе басқа да сөйлер сөзін басынан аяғына дейін мықтап дайындаумен қатар, мінбеде өзін-өзі еркін, мәдениетті ұстауға тиіс, ашық та айқын даусы, ым-ишараты, сәнді қимыл – қозғалысы, аудиториясың ішкі атмосферасын қадағалайтын қырағы көзі, өз ерік-жігеріне бағындыратын қасиеті болса, тыңдаушыларын жалықтыруы мүмкін емес.

С.Негимов шешен баяндама жасағанда мыналарды қаперге алған жөн деп санайды:

1. Материал жинау, жүйелей білу, көздеген мақсат-нысанаға ыңғайластыра, сәйкестендіре алу, композицияның, логика мен психологияның заңдарына ауызша сөйлеу мен аудиторияның ерекшеліктеріне үйлестіру.

2. Сөзді дауыстап айта білу өнерін меңгеру, мінбеде өзінді-өзін билеу ережесін қатаң сақтау, аудиторияның тілеу, қалауын қабылдау, ескеру.

3. Шешендік өнердің қыры мен сырын мүлтіксіз меңгеру (дауыс, интонация, қимыл-қозғалыс, сөзлеу мәдениетінің бүкіл талаптарын бұлжытпастан сақтау).

4. Аудиторияның тұтқиылдан қойылған сұрақтарына тапқыр жауап беру, білім-ғылым бәсеке-таласын ұйымдастыра білу [2, 35 б.]

Шешен бейнесі жеке тұлғалық ерекшеліктермен шектелмейді. Ол ел-жұрттың өмір-салтынан, замана талабы секілді көптеген факторлардың ықпалдардың нәтижесінде қалыптасатыны айқын. Әр заманда шешендердің өз келбет-кейпі, бейнесі жасалғаны да шындық.

Шешен болмысы, бейнесі және белсенділігі – күрделі, құпиялы, бірақ келбетті құндылықтар. Шешендік құндылықтардың қасиеттері де әр қалай әрі айқын. Оның болмысы қызметтің қос түрінен – іс-әрекет жиынтығы мен қимыл-істің жиынтығынан құралады. Қасиет жүйесі – бейнені, іс-әрекет жүйесі – белсенділікті құрайды. Бәрін қосқанда шешен келбеті қалыптасады. Ол дегеніміз:

- ақыл еркіндігінің иесі, өзіндегі күйді қорғай алатын және оны оқиғаға айналдыратын қайырымды кісі, өмірдегі түсінікті, татулықты және тәртіпті, үйлестік пен бітімді бетке ұстаған белсенді, байсалды жан;

- адам бойы мен ойындағы жасампаз күшті қолданушының, адал ниетті оңдаушының тұлғалық бейнесі және діңгегі;

- жаңа мәліметті, әдепті мінез-құлықты қабылдайтын қасиетімен бітімгер және тәжірибелі қабілетімен өнегелі;

- жаны жайсаң, көңілі ақ, пейілі кең қайырымды қасиетімен бітімгер және тәжірибелі қабілетімен өнегелі [28, 146].

Шешеннің беделі шешендік өнерінде, адамдық жаңғыртар қабілетінде. Ол адамдық қабілетімен құнды. Шешен адамдық қабілет-қасиетті жағымды нәтиже енгізумен абыройлы.

Жаңа заман шешеннің даңа бейнесін жасады, шешендікке тың талаптар қойды. Шешеннің адамдық қасиеті өткір де өтімді, мекем де жоғары өлшеммен бағаланды. Шешендік – ойланудың келбетін келтірген және қоспаған, қабілеттің қисынын іріктеген және қадағалаған, ойлану қисынына ережені ендірген өнерге айналды. Шешендік ендігі ойды парасаттау, парасатты қисындау, қисынның құндылығын айқындау және әспеттеу ретінде қабылданды. Танымдық қабілет пен ойлану қисынының тоғысында шешендік дәстүрі мен шешендік шеберлігі әрқалай қарқындады.

Шешендік сөйлеу әрекеті кез келген салады, кез келген әлеуметтік топ өкілі қатысты болсын маңызды рөл атқарады.

Қазіргі барлық тілдік құбылыстардың ішінде, жастар тілінің әлеуметтік маңызы зор. Қолдану аясы кең болғандықтан тілдік тұлғалардың басым көпшілігі жастар тілін қолданады. Көп жағдайда оның элементтері әдеби тілге де кіреді. Жастар (студенттер, оқушылар, жұмыс істейтін жастар) біздің қоғамдық өмірімізде белсенді орын алады және қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға өз қатынастарын білдіреді. Белгілі бір жағдайда болып жатқан өзгеріс-құбылыстарға бейнелі лексика және өрнекті фразеология түзеді.

Жастар тілі – бұл көзқарастары, қызығушылықтары, дүниетанымы ұқсас, 13 пен 25 жас аралығындағы тұлғалардың құрдастарымен немесе басқа да адамдармен еркін қатынас шеңберінде қолданатын, жалпыұлттық тілдің құрамындағы ерекше тілдік бірлік. Жастар тілі топ тілі терминімен тікелей байланысты. «Топ тілі – жеке адамдардың өзіндік ерекшеліктері бар қарым-қатынастары тұрақты түрде, ұзақ мерзімге созылған жағдайда қалыптасады. Топ тілі өзара бейімделу, өзара икемділік, мәселені бірдей түсінуге ұмтылыс, мәнмәтінге тәуелділік, жарыспалаудың болмауы немесе оның аздаған көрінісі, стереотипті сөйленістің, Калька мен таптаурынның, қысқарған сөздердің көп болуы арқылы сипатталады» [4, 237 б.].

Сөз мәдениеті тілдік-құрылымдық жүйені тілдік емес құрылымдармен тығыз байланысты қарастыруы керек, өйткені тілдік емес мәнділіктер тілдік құралдар мен стильдік, риторикалық амал-тәсілдерді тандап-талғауға, мәтін түзіліміне мықтап әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Тілдік коммуникацияның сапасын қарастыруда сөз мәдениеті ғылыми пән ретінде диалогтік принципті басшылыққа алуға тиіс. Өйткені, осы кезге дейін сөз мәдениетін тексеруде монологтік принцип үстем болып келді. Тілдік коммуникация адресанттың/ автордың/ коммуникатордың/ сөйлеушінің позициясы тұрғысынан тексерілді, ал адресаттың/ оқырманның/ коммуникаттың/ реципиенттің, тыңдаушының позициясы ескерілмеді. Мұндай жағдайда тілдік коммуникацияға баға беру тек авторлық позиция тұрғысынан

болса, тілдік қарым-қатынастың сәтті-сәтсіз болуының себептері толық ашылмай қалады [5, 10 б.].

Жастардың қолданысындағы көптеген сөздер немесе тіркестер көп жағдайда тілдік нормадан ауытқып жатады. Бұл мәселе тілші ғалымдардың назарынан тыс қалмайды. Көркем әдебиетті техниканың түрлі жетістіктеріне алмастырған жастар тілінің жұтандығы, қысқа қайырыммен сөйлеуі, ойларын жеткізудегі мәнерлілігінің жоқтығы күн санап, уақыт озған сайын тереңдеп барады. Кезінде ата-анасының әкешесі, оның ата-бабасы, оның арғы бабалары сөйлеген ұлттың нәрлі тілі бүгінгі күнде қан сөлінен айырылып, бейнелілігі азайып кетті. Лингвоэкологиялық мониторинг көпшіліктің сөйлеу мәнеріндегі лексикон мен фразеологиялық қордың тым жұтандығын айғақтайды. Бұл ересектерге де, жастарға да тән көрініс болғаны ақиқат. Тіпті алдымыздағы студент шәкірт, мәселен, мына фразеологиялық тіркестерді: **Түйе үстінен ит қапты(сипақ ұйтті)** – икемсіз, бос, болбыр кісі туралы; **Көзіне көк шыбын үймелету** – басыну, жазалау, қорлау; **Түтіні бір жерде шығу** – тату болу; **Қамшысын алып беруге жарамау** – қолынан ешнәрсе келмейтін, бос, болбыр адам; **Мұрнына су жетпеу** – қолы тимеу; **Бір тарының қауызына сыйғызу** – әбден қинау, қиындық көрсету; [4] т.б сияқты қолданыста жиі ұшырасатын тұрақты тіркестердің мағынасын бірен-сараны ғана тұспалдаса, көбі білмейді. Мұндай бейнелі тіркестер отбасынан жұқпай, мектеп қабырғасынан естілмей, кітаптағысы оқылмай, әйтеуір тілдің ұшына ілінбей қағыс қала береді.

Бүгінгі оқыған қазақтың рухани мәдениеті терең, жоғары. Алайда біздің сөйлеу мәдениетімізде бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер уақыт өткен сайын күннен күнге азайып, сөйлейтін сөзіміз ойлы болса да жеткізу өресінде сөзіміз нәрсіз, қысқа қайырылатын, үнемделген үнсіздікке ойысып барады.

Бейнелі сөйлеуді тек үлкен ақсақал, қарт адамдардың еншісіне қалдырған, қазақ тілін біле тұра тілге жанашырлығы жоқ басқа жастар мәдени аренаға шықты. Студенттердің жазба жұмыстарында қисыны жоқ сөйлемдер кездеседі: «Тай шаптырым жерден бір күшік шыға келді». Өзі тай шаптырым жердей қашық болса, сол жерден күшік шыға келсе бұл қалай болғаны? Адамның көзі жетпейтін қашықтық емес пе? Немесе «Құрбым екеуміздің дәм-тұзымыз жарасып, басқаларға үлгі бола білдік». Әдетте қазақ ұғымында «дәм-тұзымыз жарасу» ерлі-зайыптыларға қатысты қолданылатын тіркес. Қазақ жастарының тілі әдеби кітап оқымаудың салдарынан тоқырауға ұшырады.

Ал студент жастар тілінің сөйлеу мәнері күн өткен сайын шұбарланып, түсініксіз сөйлемдер нормаға айналып барады. Бұл сөйлемдер ішінде бейнелілігі ешбір ақылға сыймайтын «фразеологизмдер» жетерлік. Мысалы, жастар тілінің шұбарланғанын тек орыс тіліндегі сөздерді қосып, жаргондармен сөйлеуі ғана емес, қазақтың сөйлеуіне тән тұрақты тіркестер де сөйлеу тілінде әбден бұзылды.

Кейбір тұрақты тіркестер, мәселен, поставить на место – орнына қою; Бұл тіркес таза калька болса, ал пожирать глазами – көзімен адам жеу бұл да калька, бірақ бейнелілік жақсы сақталған. Осылардың қатарына лақтырып кету, лапша ілу, құлақтан тебу - алдап кету, сындырып кету, бөшке домалату – жала жабу, фарын сындыру - дать в глаз т.б. жатқызуға болады. Бұл орыс тілінің әсерінен сөйлеу тіліне әбден дендеп кеткен. Жастардың сөйлеу мәдениетінде екінші бірінде осы тіркестер кездеседі. Кейбір тіркестердің пайда болу, жасалу мотивациясы бірден түсінікті. Жастар тілінде «алдап кету» мағынасындағы жиі қолданылатын Қоянның суретін салып кету – бүгінгі ұрпақтың бала кезінде көріп өскен «Қап, бәлем, қоян!» мультфильміндегі қоянның қасқырды үнемі алдап кетуі, күліп тұруы осы фразеологизмдердің жасалуына, қалыптасуына уәж болған деуге болады. Ал енді бір тіркестердегі образдылықты мүлде қабылдай алмайсыз. Әдемі киім киген адам туралы «жынды болып киініп алу», әдемі қызбен немесе жігітпен танысу – «жынды қызбен танысу». [5, 122-123 бб.]. Бұл мәліметтер қазақ тілінің келешекте мәнерлілігінің азаятындығын көрсетеді. Тұтытуда болмаған асыл сөздер тот басқан сайын қажетсіз бола беретіні түсінікті.

Ана тілін жақсы білетін бар қазақтың міндеті - жаһандану заманында қазақ болып қалу үшін ата бабамыз қалдырған ұлт тіліндегі сөз жауһарларын ұмытпау, жастардың тіліне дарыту, олардың сүренсіз сөз қолданыстарына бақылау жасау, кейінгі ұрпаққа бұзбай табыстау.

Қазақ тілі - қазақ ұлтының мәдени мұрасын, бастан кешкен тарихын ұмыттырмай еске алады, ұрпақтан-ұрпаққа табыстайды, сондай-ақ, дәстүр сабақтастығын жалғастырады, санада қайта жаңғыртады, қазақтардың рухани экологиялық ортасын сақтайды.

Лингвоэкология тұрғысынан қарағанда тілді тұтынушы адам – тілдік тұлға ретінде ұлттық әдеби тілде сөйлеуге міндетті. Алайда тілдік тұлғалардың әдеби тілді әр түрлі деңгейде меңгеруіне қарай, тілдік мәдени сипаты әр түрлі. Гуманитарлық білімді бағаламау, технократтардың гуманитарлық білімді жоққа шығарушылық көзқарасымен күресу, қазіргі қоғамның барша салаларын гуманизациялауға негіз болатын, ағарту істеріне ұйытқы болатын филологиялық білім беру аса қажет.

1 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. - Алматы, 2005.

2 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 б.

3 Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Астана: «Арман ПВ», 2008. – 392 б.

4 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Автореферат. – Алматы, 2002. – 58 б.

5 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. - 711 б.

6 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. - Алматы, 2010. - 277 б.

Резюме

В этой статье рассматриваются пути развития речевой культуры молодежи. А также говорится о роли ораторской речи в развитии культуры речи.

Ключевые слова: язык, культура речи, язык молодежи, красноречие, лингвоэкология

Summary

In this article is considered ways of development of speech culture of youth. And also it is told about a role of the oratorical speech in cultural development of the speech.

Key words: language, standard of speech, youth language, eloquence, lingvoekologiya

УДК: 372.881.111.1

PECULIARITIES OF TEACHING ENGLISH AT PRIMARY SCHOOL

П.Н. Мошкалова – Алматы қаласы Жетісу ауданы №177 жалпы білім беретін мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

In this scientific article the review about feature of teaching English at elementary school and the best ways of training of young pupils taking into account their age and ability is carried out.

Keywords: English yazyk, elementary school, methods, communicative approach, game elements, role-playing game dramatization

In the recent years there has been a massive increase in teaching languages at schools. Now English is offered in primary and even in pre-school education. As Piaget stated “Children are active learners and thinkers.” Today’s generation has so wide information field that to make them interested in learning is not going to be a cinch. Therefore teachers need to find interesting and enjoyable ways in order to involve children in successful learning process and enhance their progress, which is mostly not an easy task.

Human beings begin learning language long before verbal memory develops. The ways in which humans acquire language strongly impact future development. Children are hard-wired to pick up language from the people around them, whether anyone actively teaches them or not, but parents can choose to provide a stronger or weaker foundation for later success. Teaching infants to speak can involve providing varied experiential opportunities for learning.

In teaching young children it is very important to support their communicative attempts and so the successful development of the language. For effective encouragement Myers and Burnett recommend the teacher should provide:

- Opportunities for learning language in context;
- Opportunities for children to interact with one another and adults;
- Effective adult models for talk and ensuring that children are exposed to a wide range of spoken language;
- Activities in which children communicate for meaningful purposes;
- Plenty of support and affirmation
- An environment that fosters children’s continuing interest in language [1].

Nowadays learners are “overloaded” by the amount of information and experiences. For teachers of young children it is sometimes very difficult to keep their concentration. It can be disrupted by many factors. In general one can see that the child cannot concentrate on one particular thing, topic or activity more than few minutes. The teacher is supposed to interchange the activities to keep children’s interest. It is good to divide the lesson into shorter activities, because young children like the moment of surprise and they do not know what comes next. Teachers should keep the number of new language items introduced to a reasonable level and should present and practice new language themes in a number of different ways.

The kinds of activities that work well are games and songs with actions, total physical response activities, tasks that involve colouring, cutting and sticking, simple, repetitive stories, and simple, repetitive speaking activities

that have an obvious communicative value [2]. In this way teachers can make the process of teaching more effective and motivating.

According to Slattery children are learners who

- love to play and use imagination
- are naturally curious
- enjoy repetition and routines
- are developing quickly as individuals
- learn in a variety of ways, for example, by watching, by listening, by imitating, by doing things
- are not able to understand grammatical rules and explanations about language
- have quite a short attention span and so need variety of activities
- talk in their mother tongue about what they understand and do – this helps them learn
- can generally imitate the sounds they hear quite accurately and copy the way adults speak. [3]

To help children acquire English, let them hear and experience the language since they are very small. In general it is known that young children are better in learning languages than older people. In spite of this fact we still can doubt whether children can learn more efficiently than adults. Anyway, it depends mostly on teachers how they can help learners to progress rapidly at any level of schooling.

However, Brumfit, Moon and Tongue suppose a number of reasons, why teaching English is necessary not only within schooling and educational system:

- The need to expose children from an early age to an understanding of foreign cultures so that they grow up tolerant and sympathetic to others.
- The need to link communication to the understanding of new concepts.
- The need for maximum learning time for important languages – the earlier you start the more time you get.
- The advantage of starting with early second language instruction so that later the language can be used as a medium of teaching [4].

Taking into consideration all the mentioned above we can be sure that children are better learners of languages than adults. There may be many reasons why it is so. Let me offer some of them:

- Children have more opportunities and more time for learning than adults.
- They do not have any worries about failure or they do not have the feeling of responsibility.
- People around young learners as are their teachers, parents or their friends, can help them with their learning.
- They want to learn the language that people around them speak. The success is certain, when the children can hear the second language every day. The social pressure urges them to use the language for achievement of their aims.
- Children spend more time by learning than the adults and they 'want' to learn. They are better at learning languages if they get exposed to them naturally and long-term.
- The brain is capable to absorb much more information before and during puberty than after and children acquire the language in a natural way.
- Learning a language is joined with the real communication and the environment influences it.
- Children have no negative experiences with foreign language and culture than adult learners do and that is why they are better motivated in learning it.

What children really like and is interesting for them are pictures, stories and games. Pictures are colourful and attract the eyes – they are kind of visual stimulus. Both visual as well as aural stimuli provide stories. Children can either read them themselves or they can just listen to the teacher's voice. According to my experience games are the most favourite activities. Children use both visual and aural channels and moreover they need to speak and come to an understanding with others in order to get what they want. Body movements and physical activity are essential when incorporating playing games.

During the period I have been working with young learners I've found that several methods and approaches are the best in teaching English to young learners. Here I would like to mention three main points.

Firstly, Total Physical Response reflects a grammar-based view of language. Most of the grammatical structure of the target language and hundreds of vocabulary items can be learned through TPR method. The more often or the more intensively a memory connection is traced, the stronger the memory association will be and the more likely it will be recalled. Tracing can be done verbally (by rote repetition) and in association with motor activity. Children in TPR have the primary roles of listener and performer. They listen attentively and respond physically to commands given by the teacher. Learners are encouraged to speak when they feel ready to speak. [5]

Children remember phrases or words better – physical actions get the meaning across effectively so that all the students are able to understand and use the target language. It can be used in large or small classes and in mixed-

ability classes as well. It is a good fun and children see and understand what to do at the same time. TPR activity is also effective when children are sleepy or do not pay attention.

Secondly, communicative method focuses on language as a medium of communication. It recognizes that all communication has a social purpose – learner has something to say or find out. Learners acquire the linguistic means to be able to perform different kinds of functions (seeking information, describing something, expressing likes and dislikes), to deal with situations in which they might typically need to use a foreign language (asking for directions, travelling, business), to deal with the topics they might need to talk about (shopping, travelling) as well as to use vocabulary and grammar. [6]

Halliwell implies, that “in order to make the most of the creative language skill the children bring with them from early childhood, we therefore have to provide them with occasions when:

- the urge to communicate makes them find some way of expressing themselves;
- the language demanded by the activity is unpredictable and is not just asking the children to repeat set phrases, but is encouraging them to construct language actively for themselves”. [7]

In such a way we agree with Vygotsky who stated that “Children learn through social interaction”.

Finally, games and game-like activities can be integrated into language teaching and learning. While playing a game through cooperation children learn to be helpful, share the ideas and make an agreement about the best solution. Children naturally want to play games. The activity needs to be creative and exciting so that the pupils learn effectively. They must be actively involved in the game and feel the pleasure and need in order to succeed in learning.

“The discriminating use of games in the young learners’ classroom can help in creating opportunities for involvement and excitement, for achievement and success. And children who are eager to take part in playing a well-chosen game will want to master the language necessary for doing so.

Games usually lead to social as well as intellectual involvement since players need to communicate in order to compete or co-operate, to organize or argue. Games can create these opportunities in the foreign language classroom by setting out situations where children urgently need and want to communicate in order to have a turn at playing, to point out the rules, to challenge another player and so on” [4].

That is why games are so useful and so important. It is not just because they are fun. It is partly because the fun element creates a desire to communicate and partly because games can create unpredictability in the classroom.

